



МАЯТНИКТІК МИГРАЦИЯ

2

САРАПТАМА



ӘСКЕРИ ӘЛЕУЕТ ел қауіпсіздігі мен орнықтылығының маңызды кепілі

3

МӘСЕЛЕ



ҮМІТ ПЕН ҮРЕЙ: Тұрмыстық зорлық- зомбылық үшін жаза күшейтілді

12

МӘРТЕБЕЛІ МЕЙРАМ

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

Алматыда мерекеге орай қандай іс-шаралар өтеді?

Алматыда 16 желтоқсан күні Республика алаңында Тәуелсіздік монументіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтеді. Іс-шараға ардагерлер кеңесінің, қала әкімдігінің, қоғамдық ұйымдардың, этномәдени бірлестіктердің өкілдері және 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушылар қатысады.

17 желтоқсан күні 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 38 жылдығына орай «Тәуелсіздік таңы» ескерткішіне гүл шоқтары қойылады. Салтанатты іс-шараға Желтоқсан оқиғасына қатысушылар, әкімдік өкілдері және қала жастары қатысады. Жиналғандар қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алып, дін өкілдері құран бағыштайды.

Сондай-ақ, мерекелік іс-шаралар қаланың барлық ауданында өтеді.

Алматы ауданында 13 желтоқсанда «Теп Қоғам» орталығында және Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінде Желтоқсан оқиғасына арналған концерттер өтеді.

Бостандық ауданында 15 желтоқсанда сағат 16.00-де аудандық комьюнити-орталығында «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтеді. 16 желтоқсанда сағат 18.00-де Mega Alma-Ata сауда орталығында Нұрғиса Тілендиев атындағы «Отырар сазы» академиялық мемлекеттік фольклорлық-этнографиялық оркестрінің концерті болады.

Медеу ауданында 13 желтоқсанда сағат 11.30-да Б.Момышұлы атындағы №131 мек-

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

МАҢЫЗДЫ БАҒЫТ

Алматы әкімдігінде Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау алдын ала қорытындыланды



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Арман Рахимовтың қатысуымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі Алматы қалалық комиссиясының кеңейтілген отырысы өтті.

Жиында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жергілікті атқарушы органдардың 2024 жылғы 11 айдағы қызметінің нәтижелері, сондай-ақ спорт саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау қорытындысы қаралды.

Қабылданып жатқан шаралар шеңберінде әкімдік 2024 жылдың басынан бастап қала әкімі аппаратында, аудандық әкімдіктерде, басқармаларда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді. Сондай-ақ, «сыбайлас жемқорлық картограммасы» бөлімі жаңа талаптарға сәйкес келтірілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында мемлекеттік қызметшілер үшін біліктілікті арттыру курстары және онлайн-оқыту өткізілді.

4

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

13.12.2024

Түнде:



-11-13 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



0,+2 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

14.12.2024

Түнде:



-5-7 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+2+4 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

15.12.2024

Түнде:



-2-4 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+3+5 °C
Көшпелі бұлтты, жаңбыр.

www.aqshamnews.kz



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСХҰЛЫ.

теп-лицейінде «Бабаларым аңсаған – Тәуелсіздік» атты кездесу өтеді.

Түркісіб ауданында 13 желтоқсанда ауданның «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында зейнеткерлерге арналған концерт өтеді. 14 желтоқсанда аудандық комьюнити-орталығында Желтоқсан оқиғасына қатысушылар мен жастардың қатысуымен «Ардагерлерді ардақтайық!» атты «дөңгелек үстел» өтеді.

Наурызбай ауданында 13 желтоқсанда сағат 11.00-де «Шұғыла» шағынауданы, 347/4 мекенжайындағы Инновациялық шығармашылық орталығында «Тұғыры биік – тәуелсіздік» атты концерт өтеді.

Әуезов ауданында 13 желтоқсанда сағат

11.00-де Алматы технологиялық колледжінің акт залында «Тәуелсіздік тынысың, бүгінгі дәулетің, ертеңгі ырысың» атты концерт өтеді. Сонымен қатар, ауданның комьюнити-орталығында Тәуелсіздік күніне арналған флешмоб ұйымдастырылады.

Жетісу ауданында 13 желтоқсанда сағат 14.00-де №193 мектеп ұжымының қатысуымен Мәдениет үйінде «Тәуелсіздік – тұғырым» атты мерекелік концерт өтеді.

Ай бойы қаладағы барлық білім беру мекемесінде Желтоқсан оқиғасына арналған ашық сабақтар, конференциялар мен кездесулер өткізіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛА ЖӘНЕ ИМАН

Әл-Фараби БОЛАТЖАН, дінтанушы:

«ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ»

Соңғы жылдары қоғамда дін тақырыбы қызу талқыға түсуде. Көп дискуссия қазақ халқының дәстүрлі діні болып табылатын ислам төңірегінде өрбиде. Мұндай дискуссия Алматы қаласында да жүрде. Мысалы, жақында ғана әлеуметтік желіде көшені жауып, намаз оқыған бір топ азаматтардың видеосы тарап, қызу талқыға түсті. Ата Заңымызда біз зайырлы мемлекет орнатамыз деп жазылған. Осыған орай дінтанушы Әл-Фараби Нұрбекұлы БОЛАТЖАНМЕН сұхбаттастық.



– Әл-Фараби мырза, зайырлы мемлекет дегеніміз не?

– Қазақстан Республикасының діни саладағы саясатының ең әуелі қағидаты, ол – зайырлылық, яғни діннің мемлекеттен бөлек болуы. Демек, дін мемлекеттің ісіне кіріспейді, ал мемлекет дін ісіне кіріспейді. Еліміз өзін зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратыны ҚР Конституциясының 1-бабының 1-тармағында жазылған. Зайырлылық қағидаты ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында толығырақ түсіндіріледі.

Өрине, зайырлылық деген ол атеизм деген ұғым емес. Зайырлылық – дін бостандығын, діни бірлестіктер арасында өзара төзешілік пен құрметтеу қатынастарын орнатуға жәрдемдесуді білдіреді. Жалпы, зайырлылық ұлттық қауіпсіздік кепілі болып табылады.

– Әлеуметтік желілерде бір топ азаматтардың жолды бөгеп намаз оқыған видеосы тарады. Осыған қатысты не айтасыз? Бұл зайырлылыққа қайшы емес пе?

– Әуелі мәселенің заңнамалық аспектіні айтып кетейін. Бұндай әрекеттер ҚР Конституциясы мен қолданыстағы заңнамасына қайшы келеді. Қазақстан Республикасының 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және

діни бірлестіктер туралы» Заңынан үзінділер келтіре кетейін:

«3-бап. Мемлекет және дін:

7. Ешкімнің де өз діни нанымдары себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ».

9. Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес діни бірлестіктер:

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

15. Дінді және діни көзқарастарды пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың қызметіне қасақана іріткі салуға, олардың үздіксіз жұмыс істеуінің бұзылуына, елдегі басқарушылық деңгейін төмендетуге әкеп соғатын шешімдерді қабылдауға және іс-әрекеттер жасауға жол берілмейді».

Демек, мешіт, шіркеу, басқа да ғибадатхана болсын, оның қызметі мемлекеттік органдардың жұмысына бөгет жасамауы және азаматтардың құқығын бұзбауы керек.

Діни аспектке келсек, жалпы, Құранда өзге адамға хақсыз зиян келтіру, шектен шығу, озбырлыққа тыйым салынған (харам): «Расында, менің Ием ашық және жасырын шектен шығушылықтарға, күнәға, құқықсыз

қысымшылыққа, Алла ол жайында ешбір бұйрық түсірмеген нәрсені Оған серік ретінде қосылуыңа және білмейтін нәрселеріңді Аллаға теліп айтуларыңа тыйым салды!», – делінген. (7 сүре 33 аят).

«... ол жақсы нәрселерге рұқсат беріп, жаман нәрселерге тыйым салады...» (7 сүре 157 аят).

Демек, мұсылман діні ешкімге зиян келтірмеуге үгіттейді. Мұсылман дәстүрінде «нағыз мұсылман өзгеге тілімен де, қолымен де зиян келтірмейді» деген түсінік бар екенін де қоса кетейін.

– Алматыда діни саясат қалай жүзеге асуда?

– Меніңше, Алматы қаласы еліміздің діни саладағы саясатын ең тиімді орындайтын өңірлердің бірі. Қала аумағында заңнама шеңберінде діни саясат саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орган «Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасы» КММ болып табылады. Басқарма қарамағында Алматы қалалық діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру тобы құрылған. Бұл топ әртүрлі нысандарда дәріс оқиды. Одан бөлек, басқарманың жанында «Кеңес беру және оңалту орталығы» және «Дін мәселелерін зерттеу жөніндегі орталық» жұмыстарын атқарады.

Сонымен қатар, Алматы қаласында 2017 жылғы ақпан айында «Діни бірлестіктер көшбасшыларының клубы» құрылған. Ол клуб конфессияаралық ынтымақтастық пен келісімді нығайтуда елеулі рөл атқарып келеді. Клуб жұмысы аясында Алматы қаласының діни көшбасшылары бейресми кездесулер өткізіп, бірлесіп әртүрлі шараларға қатысады. Клубтың алғашқы жетекшісі болып заң ғылымының кандидаты, профессор м.а., полиция полковнигі, терролог Кәкімжан Мұратжанұлы Бишманов қызмет атқарды. Қазіргі таңда «Діни бірлестік көшбасшылары клубы» жобасын тиімді іске асырып жатқан еліміздің өңірлері көшбасшыларының бірі – Алматы қаласы.

Алматыда іске асырылған ендігі бір мазмұнды жобалардың бірі – religionmap.kz сайты. Бұл сайтта Алматы қаласында неше діни ғимарат, діни әдебиеттер тарату орны

және намазхана бар екені және қайда орналасқаны белгіленген. Сонымен қатар, Алматы қаласының діни өміріне қатысты басқа да ақпараттар келтірілген.

– Шаһардың діни келбетін саралап көрсек...

– Алматы қаласы көпконфессиялы өңір болып табылады. Қазақстан аумағында 18 конфессия тіркелсе, Алматыда оның 17-сі бар. Тек меннониттердің ғана тіркелген діни бірлестігі жоқ.

Қазақстан аумағында келесі конфессиялар тіркелген:

1. Ханафи құқықтық мектебі (мәзһабы), матуриди сеніміндегі (ақидасындағы) сунниттік ислам («Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы» республикалық діни бірлестігі түрінде көрсетілген);
2. Православие (Мәскеу Патриархаты Орыс Православ Шіркеуінің Қазақстан Республикасындағы митрополиттік округі, Орыс Православ Ескіғұрыптық Шіркеуі және Армян Киелі Апостолдық Православ Шіркеуі түрінде көрсетілген);
3. Католицизм;
4. Инжілдік-лютерандық шіркеу;
5. Инжілдік мәсіхші-баптистер шіркеулерінің одағы;
6. Меннонизм;
7. Методистік шіркеулер;
8. Елуіншілер шіркеулері;
9. Пресвитериандық шіркеулер;
10. Жетінші күн адвентистерінің шіркеуі;
11. Жаңа апостолдық шіркеу;
12. Ехоба куәгерлері;
13. Буддизм (вон-буддизм және тибеттік ламаизм ағымдары түрінде көрсетілген);
14. Яһудилік («Хабад-Любавич» хасид қауымы түрінде көрсетілген);
15. Кришнаизм (индуизмнің бағыты, «Халықаралық Кришна санасы қоғамы» түрінде көрсетілген);
16. Бахаизм;
17. Иса Мәсіхтің Соңғы күн әулиелері шіркеуі (мормондар);
18. Мунның Бірігу шіркеуі (муниттер).

Сұхбаттасқан
Пердехан ШӘМШИЕВ.

КӨШІ-ҚОН

МАЯТНИКТІК МИГРАЦИЯ

Күн сайын Алматыға 150 мың қоғамдық көлік жолаушысы мен 230 мыңнан аса жеке көлік кіреді

Халықаралық көш-қон ұйымының мәліметінше, бүгінде әлемде 281 миллионнан аса халық бір елден екінші елге қоныс аударады. Жалпы, жаһан жұртының 3,6%-ы жыл сайын түрлі себептерге байланысты қоныс ауыстырады.

XXI ғасырда әлем халықтары арасында тек идея, тауар алмасу емес, сонымен қатар азаматтардың білімі мен білігіне орай бір елден екінші елге қоныс аударуы құбылысқа айналды. Бірі білім алып, дағдысын дамыту үшін көшсе, келесі бірі амалсыздан табиғи апат пен еліндегі саяси тұрақсыздықтар себепінен қоныс аударуға мәжбүр. 2022 жылы саяси, әлеуметтік қақтығыстар негізінде қоныс аударуға мәжбүр болған азаматтардың саны әлемде 117 миллионды құраған.

Қалай десек те, бүгінгі таңда азаматтар мобильді, бір елде білім алып, келесі бір елде қызмет атқарады. Бос уақытын үшінші бір елде өткеруде жөн санайтын азаматтар легі артқан. Елімізде ішкі миграцияның үлесі ауқымды өсіп отыр. Ел азаматтарының басым бөлігі Алматы мен Астана қалаларына қоныс аударғанды жөн санайды. Кейінгі жылдары көші-қон есебінен халықтың өсуі шамамен 60%-ды, табиғи өсім 40%-ды құрап отыр. Мақаламызда жаһандық құбылыс ретінде қалыптасқан көш-қон ұғымының бүгінгі мен мазмұнын талқылап көрейік.

• **Алматы халқының саны бүгінде 2 млн 264,5 мыңнан асады. Ал Алматы агломерациясын қоса алғанда 3,6 млн адам оңтүстік астананы мекен етуде.**

- **Үкімет бекіткен Алматы агломерациясын дамытудың 2029 жылға дейінгі кеңенді жоспарға сәйкес, агломерация құрамына 3 қала, 4 аудан, 31 ауылдық округ, 98 елді мекен кіреді.**
- **Алматыға келетін азаматтардың 18–20%-ы – оқуға, білім алуға келсе, 30–40%-ы медициналық қызмет үшін келеді. Қалған бөлігі жұмыс жасауға келеді.**

БИЫЛ ІШКІ КӨШІ-ҚОН ҮЛЕСІ
47,4%-ҒА АРТТЫ

Биылғы жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында Қазақстанға 203 836 адам көшіп келіп, 10 201 адам елден көшіп кеткен. Нәтижесінде миграция салдысы 10 182 адамды құрады. Бұл көрсеткіш 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, Қазақстанға көшіп келушілер саны 6,5%-ға артса, ал елден көшіп кетушілер саны 19,9%-ға азайған. Ұлттық статистика бюросы мәліметінше, Қазақстанға келетін және елден кететін негізгі миграция ТМД мемлекеттерімен байланысты болып отыр. ТМД елдерінен көшіп келушілердің үлесі 79,7% болса, ал ТМД елдеріне көшіп кетушілердің үлесі 76,9%-ды құрайды.

Биыл ел ішінде көшіп-қонушы-



(Дереккөзі: www.tengineews.kz).

лар саны өткен жылмен салыстырғанда, 47,4%-ға артқан. Миграцияның оң сальдосы Астана (52 853 адам көшіп келді), Алматы (26 157 адам), Шымкент (5 948 адам) және Алматы облысы (765 адам) өңірлерінде айқын көрінді.

Алматы – ең ірі экономикалық, мәдени және білім беру орталығы ғана емес, сонымен қатар Орталық Азияда мигранттар үшін ең жайлы қала. Шаһарда көші-қон ағындарының жоғары болуы халық санының өсуіне және инфрақұрылымға айтарлықтай әсер етуде. Ұлттық статистика бюросы мәліметіне сәйкес, 2024 жылғы Алматы қаласының халық саны 2 275 500 адамға жетті. Халық санының өсуі ішкі көші-қон есебінен артып, оң сальдо деңгейі 26 157 адамға жетті. Еліміздегі ішкі миграция салдарынан қаламызда урбанизация үдерісі артып, қала үшін жаңа мүмкіндіктермен қоса,

жүйелі шешімді қажет ететін мәселелер қалыптасып отыр.

МИГРАНТТАР ҮШІН
ЖАЙЛЫ МЕКЕН

Халықаралық тәжірибеде маятниктік миграция деген ұғым бар. Мәні, көршілес қала азаматтарының күн сайын қалаға жұмыс, оқу, тағы да басқа мақсаттары бойынша келіп, қайта кетуін айтады. Токио, Нью-Йорк, Стамбул сынды қалаларда маятниктік миграция үлесі өте жоғары. Күн сайын миллиондаған азаматтар мегаполиске келіп қайтады. Алматы қаласында соңғы жылдары аталмыш миграция үлесі артып отыр. Бүгінде қаламызға күн сайын 150 мың қоғамдық көлік жолаушысы және 230 мыңнан аса жеке көлік кіреді.

Сәйкесінше, маятниктік миграция мәселесін көршілес қалалармен, облыстармен бірлесіп шешу

маңызды. Осы орайда, қала әкімі Ерболат Досаев маятниктік көші-қонды ескере отырып, қаланың күнделікті халқы шамамен 3 млн адамды құрап, қала маңындағы аймақпен көліктік байланыс, су бұру, энергиямен жабдықтау, жұмыс орындарын көбейту бағытындағы жұмыстар өзара әріптестік формада, агломерация форматында жүріп отырғанына ерекше мән берді. Алматы агломерациясын дамыту жоспарында 130 іс-шара өткізу көзделген болса, оның 77-сін Алматы облысы жүзеге асыруға тиіс.

Әлеуметтанушылардың болжамы бойынша, 2030 жылы Қазақстандағы ауыл мен қала тұрғындарының арасалмағы 65%–35%-ды құрайды. Бүгінде бұл көрсеткіш Ресейде – 72%, Беларусь, Украина, Арменияда – 70%, Америкада – 90 пайызға тең екен. Соңғы 20 жылда ауыл тұрғындарының қала орталықтарына түрлі мақсатта қоныс аударуы қанат жайып отыр.

Алматыда қала халқы санының табиғи өсімі аясында, сонымен қатар ішкі миграция аясында тұрақты түрде өсуі қаланың әлеуметтік экономикалық сипатта даму жолында жұмыс күшін арзандатып, экономикалық белсенділікті арттырып отыр.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.





ҚОРҒАНЫС САЯСАТЫ

Қазіргі жаһан жағдайында әр ел үшін қорғаныс саясатының салмағы бұрынғыдан да арта түсті. Себебі, бүгінгі таңда халықаралық қарым-қатынастардың қалыптасқан ережелері өзгерістерге ұшырауда. Мұндай кезеңде халықаралық келісімдер мемлекеттер үшін қауіпсіздік пен егемендік кепілі болудан қала бастады. Әр тарап өздері үшін сенімді кепіл қажет егуде. Қауіпсіздік мақсатындағы ынтымақтастықтар, ұйымдардан тыс әр ел өз әскерінің әлеуетіне де назар аударып жатқан кезең. Қазақстан халықаралық аренада өзінің бейбітшілікті жақтаушы ұстанымын батыл қорғап келе жатқан ел. Алайда, ұлттық қауіпсіздік талаптарына сай, біз де өз қорғаныс қуатымызды дамытуға, әскеріміздің әлеуетін көтеріп, армиямызды арқа сүйер егуге толық мүдделіміз.

Қорғаныс саласына мемлекет айрықша көңіл аударып отырғаны мәлім. Алыс-жуықтағы жанжалдар ел азаматтарының да қорғаныс саласына деген сұрақтарын көбейтті. Әскеріміздің әлеуеті қандай? Қорғаныс мүмкіндіктеріміз қай деңгейде? Қорғаныс өнеркәсібінің аяқ алысы қалай? Алматы еліміздің қорғаныс саласында қаншалықты маңызды? Мұндай сұрақтар әркімнің көкейінде тұрса керек. Әр елде армияның деңгейі әртүрлі, ал ең маңыздысы – армияға деген халықтың сенімі. Армия қуатын, әскердің әлеуетін жұртқа жеткізіп, халықтың өз қауіпсіздігіне, мемлекеттің тұрақтылығына деген сенімін бекемдеу бұқаралық ақпарат құралдарының тағы бір маңызды міндетіне кірмек. Осы сауалдарға жауап іздеп көрелік.

Орталық Азия көшбасшысы

Еліміз орта державалар қатарында аймақтық көшбасшылық орнын тұрақты сақтап келеді. Қорғаныс қуаты жағынан да Қазақстан аймақтың алдыңғы орнын иелейді. Бұны әлем елдерінің нақты әскери қуатын саралап отыратын халықаралық агенттіктердің мәліметі де растайды. Айталық, 2006 жылдан бері әскери державалардың нақты соғыс қуатына баға беріп келе жатқан Global Firepower (GFP) өзінің 2024 жылға арналған есебінде Қазақстанды Орталық Азия көшбасшысы ретінде көрсеткен.

Аталған аналитикалық орталықтың биылға арнаған PowerIndex тізімі 145 елдің нақты соғыс қуатын бағалаған. Онда Қазақстан өз орнын былтырғыдан 5 сатыға жоғарылатты. 145 елдің ішінде 2023 жылы 63-ші орынды иеленсе, биылғы есепте 58-ші орынға жайғасқан. Тізімде көршілес және бауырлас елдерден Әзербайжан бізбен қатар, 59-шы орынды иелеп тұр. Ары қарай Өзбекстан 65-ші орынды, Түрікменстан 83-ші орынды, Қырғызстан 100-ші орынды, Тәжікстан 107-ші орынды иелеген. Кейде географиялық тұрғыда Орта Азияға жатқызылатын Моңғолия мен Ауғанстан тізімде 105 пен 115-ші қатарды еншілеген.

Әлемнің әскери державаларының көшбасшылары өз орнын өзгертіпегендей. Нақты соғыс қуаты жағынан алдыңғы төрт ел – АҚШ, Ресей, Қытай және Үндістан өзінің тұрақты орындарын сақтаса, Оңтүстік Корея бұл жағында биыл Британияны басып озып, алдыңғы бестікті қорытындылайды. Ал Жапония мен бауырлас Түркия бір-бір саты алға жылжып, 7-ші және 8-ші орындарды иелеген. Түркияға орын босатқан Пәкістан 9-шы орынды, Италия алдыңғы ондықты қорытындылайды. Ары қарай ретімен Франция, Бразилия, Индонезия, Иран, Мысыр, Австралия, Израиль, Украина, Германия және Испания тұр.

Айта кетейік, Global Firepower өз тізімінде әр елдің құрлықта, теңізде және әуеде әдеттегі құралдармен шайқасатын әлеуетті соғыс жүргізу қабілетіне негізделеді. Бұған сол елдің жұмыс күшіне, жабдыкқа, табиғи ресурстарға, қаржыға және географиялық ерекшеліктерін біріктіре отырып аталған тізімді жасайды. Міне, осындай 60-тан астам жеке факторларды зерделей отырып, Қазақстанды аймақтағы және іргелес елдер ішіндегі көшбасшылық орында қарастырған.

ӘСКЕРИ ӘЛЕУЕТ

Ел қауіпсіздігі мен орнықтылығының маңызды кепілі



(Сурет: gov.kz)

Алматы – әскери өндірістің сенімді демеушісі

Алматы қаласы елдің технологиялық көшбасшысы екенін қауіпсіздік пен әскери өндіріс саласында да айтылып келеді. Отандық әскери өндірістің дамуында да қаламыз өзінің сенімді демеушілігін танытты. Қазақ әскерінің пайдаланылуына беріліп жатқан жаңа әскери техникалар, озық технологиялардың негізгі базасы деуге болады. Әскери өндірісі ілгері елдермен жасасқан келісімдер, ортақ жобалардың көбі Алматыда жүзеге асырылып жатқаны да мәлім. Қаладағы әскери оқу орталықтары әскери мамандармен қатар заманауи әскери технологияларды дайындайтын, әскери зерттеу, барлау, қорғаныс салаларында жаңа идеялар мен мүмкіндіктер ұсынатын мүмкіндікке ие.

Қазіргі тұрғыдан қарағанда қорғаныс өндірісі мен әскердің заманауи жаңартылуы өзіндік қарқынға ие. Күллі әлем үшін бейбітшілік тілейтін және өзімізде де тыныштық пен береке болуын қалайтын ел болсақ та сенімді қорғаныс мүмкіндігі арқылы бейбітшілікті қамтамасыз ету керегін естен шығармау абзал. «Әскердің тірегі халық» дейтін сөзді ескерсек, армия мен халықтың арасын жақындату, сенімді бекемдеу көз алдағы ең басты міндетіміз екенін білер едік.

Саннан – сапаға

Қазіргі таңда қарулы күштерге қойылатын талап саннан сапаға қарай ойысты. Жаңа технологиялардың дамуымен әлемдегі әскери қақтығыстардың сипаты да, сыны да басқаша. Бүгінде болып жатқан жанжалдар мен әскери қақтығыстар дәстүрлі соғыс қаруларынан көрі заманауи жаңа технологияларға бейімделген әскери қуаттың маңызды екенін көрсетті. Қазақстан Қарулы Күштері де міне осы талапқа сай жаңару үстінде. Дегенмен, елдің жалпы әскери қуаты оның экономикалық және ресурстық, демографиялық жағдайымен өзара байланысты болып келеді. Айталық, еліміздің қорғаныс саласында 75 мыңға жуық белсенді әскери қызметші бар болса, мерзімді әскери қызметкерлер саны 36 мың адамды құрайды. Былтыр еліміздің халық саны 20 миллион адамға жеткені мәлім. Ашық дереккөздердегі мәліметте әскери қызметке жарамды азаматтар саны 8,5 млн адам деп көрсетілген.

Қорғаныс саласын қаржыландыру бойынша да еліміз аймақ елдерімен салыстырғанда көп алда тұрады. Айталық, Қазақстан қорғаныс саласына жылына 1,4 млрд АҚШ доллары көлемінде қаржы бөліп, саланы жан-жақты дамытуға күш салуда. Тұрасын айтқанда, бұл көршілес елдердің қорғаныс бюджетінен айтарлықтай көп. Мысалы, жоғарыда атап өткен GFP зерттеу орталығы былтыр Қазақстанмен бірқатар посткеңестік елдердің қорғаныс бюджетін салыстыра көрсетіп, соңғы жылдарда еліміздің қорғаныс шығындары 2,6 млрд АҚШ долларын құраса, бұнымен

ұқсас кезеңде Беларусь пен Өзбекстан тиісінше 723,1 миллион және 692,5 миллион көлеміндегі қорғаныс бюджетімен шектелгенін көрсетеді.

Қарулы күштеріміздің иелігіндегі әскери техникалар жоғарыда айтқанымыздай, қазіргі кездің талабына қарай бейімделуде. Айталық, ауыр соғыс құралдары азайғанымен, заманауи әскери техникалар саны көбеюде. Әсіресе әскери әуе күштері тәуелсіздік жылдарында жаңа техникалармен көбірек толықты.

Ел армиясында бүгінде 350 танк, 1613 әскери көлік (оның ішінде 413 сауытты әскери тасымал көлігі, 340 сауытты жауынгерлік көлік), өздігінен жүретін 285 артиллерия, 744 тасымалданатын артиллерия, дүркіндетіп ататын зымыран қондырғыларынан 393 данасы бар. Айта кету керек, құрлық әскерлері ҚР ҚК құрамындағы ең ауқымды қосын саналады.

Әскери әуе күштерінде жалпы саны 243 бірлік болса, оның ішінде 81 жойғыш ұшақ, 38 шабуылшы ұшақ, 21 әскери тасымал ұшағы, 28 дана жаттығу ұшағы, 75 жауынгерлік тікұшақ, 22 шабуылшы тікұшақ бар (GFP). Ал ҚР ІҚМ қазірдің өзінде аймақтағы ең қуатты әуе күштері саналады. Оның Су-27 және Су-30СМ ұшақтарымен жабдықталған 2 жауынгерлік эскадрильясы, 1 шабуыл эскадрильясы (Су-25), 1 оқу-жауынгерлік эскадрилья (L-39), 1 дрон эскадрильясы (АНКА-S) 5 тікұшақ эскадрильясы (Ми-24) бар. ӘӨК-іне қарасты ҚР Әуе қорғаныс күштерінде Бук-М2Е, С-75, С-125, С-200, С-300 әуе қорғаныс батареялары бар. Әскери әуе күштері ел қорғанысының тағы бір берік кепілі. Еліміздің әуе күштері аймақтағы теңдессіз әуе саңлақтары саналады. Ал Каспий теңізіндегі флот 3 ірі «Барс» зымыран қайығымен, 8 патрульдік қайықпен, 2 гидрографиялық қайықпен жабдықталған (Sarbaz).

Ел жағдайына бейімделген қорғаныс

Еліміздің Қарулы күштерінің құрылғанына 32 жылдан асты. Осы уақыт аралығында әскеріміз елдің географиялық, демографиялық жағдайына және экономикалық қуатына қарай бірқатар реформаларды, заманауи өзгерістерді бастан кешірді. Айталық, еліміздің аумағы мен географиялық ерекшелігіне қарай 4 негізгі әскери оқуорға бөлінгені мәлім. Қарулы күштердің ел аумағын бекем қорғауын қамтамасыз ету үшін 2001 жылы құрылған. Олар – «Астана», «Шығыс», «Батыс» және «Оңтүстік» өңірлік әскери оқуорттары. Олардың арасында «Астана» өңірлік қолбасшылығы еліміздің Жоғары Бас қолбасшылық орталығы саналады. Әр өңірлік әскери оқуорттар сол өңірдің ерекшеліктеріне қарай түрлі әскери құрамдармен толықтырылған.

Айталық, «Астана» өңірлік қолбасшылығы құрамында 7-ші жеке механикаландырылған бригада (Қарағандыда), Арнайы мақсаттағы барлау полкі, 402-ші реактивті артиллериялық бригада, 403-ші танкке қарсы

артиллериялық бригада, резервтік кіші мамандарды жауынгерлік даярлау және жауынгерлік қолдану Оқу орталығы, Зымыран қосыны мен артиллерияны оқыту орталығы сынды әскери бөлімдер кіреді.

«Шығыс» әскери оқуорт құрамында 3-ші жеке гвардиялық механикаландырылған бригада, 4-ші жеке механикаландырылған бригада, 8-ші жеке механикаландырылған бригада, 11-ші танк бригадасы, 34-ші артиллериялық бригада, 101-ші зымыран бригадасы, 102-ші реактивті артиллериялық бригада, 103-ші зеңбірек артиллериялық бригадасы, Жеке барлау полкі, Жеке байланыс бригадасы қатарлы әскери бөлімдер бар.

«Батыс» өңірлік қолбасшылығының құрамы болса Ақтөбеде орналасқан 100-ші артиллериялық бригада, 390-шы теңіз жаяу әскерлерінің жеке гвардиялық бригадасы, жеке барлау полкі, жеке мотоатқыштар батальоны қатарлылармен толыққан.

Елдегі ең көлемді әскери оқуорт «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы саналады. Оның құрамында 5-ші тау атқыштар бригадасы, 2 жеке мотоатқыштар батальоны, жеке танк батальоны, жеке барлау батальоны, 6-шы және 9-шы механикаландырылған бригадасы бар. Бұдан тыс 44-ші артиллериялық бригада, 40-шы әскери база, 12-ші механикаландырылған бригада, 54-ші гвардиялық артиллериялық бригада, 23-ші инженерлік-саперлік бригадалар да осы әскери оқуорт құрамына кіреді. Сондай-ақ, Қарасай батыр атындағы Құрлық әскерлерінің оқу орталығы мен 221-ші жеке байланыс бригадасы және 232-ші инженерлік-саперлік бригада қамтылады.

Заманауи әскер құру

Көпке мәлім, 25 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдап, ведомствоның биылғы жылы атқарған қызметтерімен танысты. Қабылдау кезінде Президент әскеи қызметшілердің әулеттік мәртебесі мен жалақысын арттыруға бағытталған шараларға, сонымен бірге армияның жауынгерлік әлеуетін кезең-кезеңімен арттыра түсу мәселелеріне айрықша назар аударды. Бұның ішінде әскер даярлаудың жаңа әдіс-тәсілдеріне көшу қадамы да сөз болды. Министр Жақсылыков ҚК Жоғары Бас қолбасшысына берген мәліметінде әскердің қару-жарақ, әскери техниканың жаңа үлгілерімен қамтамасыз етілу жайына да тоқталды. Оның есебінде қазір ел әскеріне ұшқышсыз басқарылатын авиациялық жүйелердің жаңа түрлері, радиоэлектрондық күрес кемелдерімен жарақталуда. Бұл бұған дейін елдің қарулы күштері заман талабына сай жаңғырту бойынша көтерілген бастамалардың ретінде жүзеге асып жатқанын айта кеткен жөн.

Заманауи әскер жарақтау заманауи әскери өндіріс құрудан қол үзбесі анық. Оның үстіне қазіргі қақтығыстардың сипатына қарай отырып, қарулы күштер қалайда жоғары технологиялы қару-жарақтармен, озық әскери техникалармен қамтамасыз етілуі тиіс. Соның өзінде бұл бағытта ең сенімді одақтас елдердің жетілген әскери өнімдері, әсіресе, отандық әскери өндірістің төл өнімдерімен қамтамасыз етілуі де маңызды. Қазір мемлекет тарапынан қару-жарақ пен әскери техниканы жөндеу технологиялық мүмкіндіктерін 55 пайызға дейін, ал заманауи өндірістің көлемін 70 пайызға дейін арттыру көзделген. Бұл межеден шығу үшін отандық әскери өндіріс базасы серпінді түрде дамытылуда. Қазірдің өзінде Қазақстанда өндірілген сауытты әскери көліктер әскердің айыбын, елдің мақтанышына айналады. «Барыс», «Арлан», «Алан» және «Номад» сауытты әскери көліктерінің заманауи жабдықталған, техникалық жетелдірілген жаңа түрлері сынақ мерзімдерін сәтті аяқтап, алды пайдаланылуға да беріліп жатыр.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

МАҢЫЗДЫ БАҒЫТ

Алматы әкімдігінде Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау алдын ала қорытындыланды

(Басы 1-бетте)

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды іске асырудың оң серпінін ескере отырып, квазимемлекеттік сектор субъектілерін ішкі талдаумен қамту 54-тен 80-ге дейін кеңейтіледі.

«Департамент пен әкімдік қабылдаған шаралардың арқасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл көрсеткіштері өткен жылдармен салыстырғанда айтарлықтай жақсарды. Әкімдіктің халықты ерте хабардар етуге арналған Mass Alert, «Әлеуметтік әмиян» және «Цифрлық вачер» жобалары жоғары бағаланды», – деді департамент басшысы Арман Рахимов.

Сонымен қатар, сыртқы талдау нәтижелері бойынша спорт саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою шаралары қабылданды. Спорт инфрақұрылымын, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған нысандарды салуға, бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортын дамытуға баса назар аударылды.

«Бірлескен күш-жігермен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюда айтарлықтай нәтижеге қол жеткіздік. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс маңызды бағыт, бұл келесі жылы да жалғасын табады», – деді Ерболат Досаев.

Қаланың басшысы жиын қорытындысы бойынша жобаларды жүзеге асыруды мұқият қадағалауды және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту бойынша жұмысты жалғастыруды тапсырды.

Айта кетейік, бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша Алматы «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» УББ іс-шараларын іске асыру рейтингісінде ел бойынша бірінші орынды иеленді.

Айнабай МӘДИ.

БРИФИНГ

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Наркостоп» жобасы мен Жастар саясаты басқармасының биылғы жұмыстары қорытындыланған брифинг өтті.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының жастарды әлеуметтендіру және жастар бастамаларын қолдау бөлімінің басшысы Нұрсұлтан Бекқайыров биыл «Наркостоп» жобасына жастардың аса белсенді қатысқанын, сондай-ақ, серіктестердің қолдауымен айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілгенін атап өтті. Дәлірек айтсақ, бір жыл көлемінде 150-ден астам маңызды іс-шара өткізіліп, есірткіні жарнамалайтын 110 000-нан астам граффити боялды.

«Бұл жетістіктерге білім беру мекемелерімен, құқық қорғау органдарымен және медициналық ұйым-

«НАРКОСТОП»

жобасы алматылық жастардың қауіпсіз болашағын қамтамасыз етеді



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

дармен тығыз жұмыс істей білгендігіміздің нәтижесінде қол жеткіздік. Жоба нашақорлықтың алдын алуды ғана емес, жастарды әлеуметтік маңызды қызметке тартуды да қамтиды. Біз 3000-нан астам киберволонтерлердің есірткіге қатысты заңсыз мазмұнмен күресуге көмектесетінін мақтан тұтамыз. Бұл жас ұрпақтың қоғамдағы өзгерістерге қалай әсер ететіндігінің жарқын көрінісі», – деп атап өтті Н. Бекқайыров.

Ал «Наркостоп» жобасы-

ның кураторы Нұржан Жақыпов жоба іс-шараларын іске асыруда жүйелі көзқарастың маңыздылығын атап өтті.

«Наркостоп» жобасымен бірлесіп жұмыс істеу заңсыз контентті тиімді анықтауға және бұзатпай-ға мүмкіндік береді. Жастар бізге белсенді түрде көмектеседі және бұл нақты нәтиже береді. Жоба айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді: жастар мен ата-аналардың нашақорлық мәселесі туралы сауатын арттыру, тәуекел тобындағы

ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ

олардың интернеттегі қауіпті контенттен қорғалуы қатаң қадағаланады



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Алматы қаласында қысқы демалыс басталуына орай оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы іс-шаралар қолға алынды. Қаланың білім беру мекемелері мен құқық қорғау органдары бірлесіп, балалардың демалыс уақытын қауіпсіз әрі пайдалы өткізуге жағдай жасауда.



Рая
ЕСКЕНДІР

2024 жылдың 30 желтоқсанынан 2025 жылдың 8 қаңтарына дейін Алматы мектептерінің оқушылары он күндік демалысқа шығады. Бұл уақытта Алматы қаласының білім басқармасы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында танымдық, спорттық және шығармашылық іс-шаралардың арнайы жоспарын ұсынды. Олардың ішінде, мәдени іс-шаралар, яғни театр қойылымдары, көрмелер мен мұражайларға экскурсиялар бар. «Оқуға күштар мектеп» аясында «Қыста кітап оқымыз» акциялары жүзеге асырылады. Сондай-ақ, қауіпсіздік сабақтары: жол ережелері, өрт қауіпсіздігі және интернеттегі қауіп-қатерлер туралы оқыту шаралары өткізіледі.

Қысқы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігі – басты назарда. Алматы қаласының әкімдігі ата-аналармен және мектеп әкімшіліктерімен бірге жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін мектептер жанындағы жолдарда патруль қызметін күшейтті. Қоғамдық көлікте балаларға жеңілдіктер жасау мүмкіндіктерін қарастыруда. Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік бойынша арнайы ақпараттық науқандар ұйымдастырылуда.

Қалалық Полиция департаменті мен төтенше жағдайлар қызметі балалардың көше қозғалысы ережелерін сақтауын және қысқы ойын-сауық кезінде қауіпсіздік шараларын бақылауды күшейтті. Ата-аналарға да балаларын қараусыз қалдырмау туралы ескерту жасалды.

Алматы қаласы қысқы спорт түрлерімен танымал болғандықтан, демалыс кезінде барлық шаңғы базалары, мұз айдындары мен спорт кешендері балалар мен олардың ата-аналары үшін қолжетімді болады. Бұл шаралар балалардың физикалық белсенділігін арттырып, қауіпсіз ортада уақыт өткізуіне септігін тигізеді.

Қысқы демалыс кезінде балалардың көп уақыты интернетте өтуі мүмкін екені ескеріліп, Алматы қаласының білім басқармасы мен IT-мамандар ата-аналарға арналған киберқауіпсіздік бойынша арнайы нұсқаулықтар дайындады. Балалардың интернеттегі қауіпті контенттен қорғалуы қатаң қадағаланады.

Қысқы демалыс Алматыдағы оқушылар үшін қызықты әрі қауіпсіз өтуі тиіс. Әкімдік, білім беру ұйымдары және ата-аналар балалардың физикалық және моральдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін күш біріктіруде.

ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС

ОТТЫ ӨЗ ҚОЛЫМЕН КӨСЕГЕНДЕЙ...

Қаламызда есірткімен күрес басқармасы басшысының бұрынғы орынбасарының ұсталғаны расталды.

Бұл жайында әлеужелі шуылдап басылған. Ақыры экс-полицей ұсталған екен. Шахардың Полиция департаменті де мұны растап отыр. Ол Алматыдағы есірткі зертханаларының бірінде синтетикалық есірткі өндіруге көмек көрсетті деген күдікке ілінген болатын.

Полиция мәліметінше, аталған қызметкер биылғы қазанда ішкі істер органдарынан қызметтен шығарылған. Оның жұмыстан босатылуы кезектен тыс аттестаттау нәтижесінде болыпты. Аттестаттау барысында ол өз «қызметіне сәйкес емес» деп танылған.

Мұндай болады, осы саланы қырағы қадағалап, қала қауіпсіздігін қадағалауға тиіс құзырлы басшының өзінің қолы былғанды. «Отты өз қолымен көседі» дегенге келеді. Қылмысқа қаншалықты қатысы барын алдағы уақытта білетін боламыз.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ

ТЕХНОЛОГИЯ ЖЕТІСТІГІ

бейнебақылау камераларының пайдасы зор

Жыл басынан бері Алматы қаласында қылмыс деңгейі 10–15%-ға төмендеді. Қалалық Полиция департаментінің мәліметінше, құқық бұзушылықтардың басым бөлігі қаланың әртүрлі жерлеріне орнатылған 150 мыңға жуық бейнебақылау камераларының көмегімен ашылған. Сандық құралдар оқиғаларға жедел әрекет етуге және құқық бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Күн сайын полиция қызметкерлері қоғамдық тәртіпті сақтау және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қаланың көшелерінде қызмет атқарады. Қылмыстарды ашумен қатар, профилактикалық рейдтер, түсіндіру жұмыстары және қоғамдық орындар мен жолдарда тәртіпті бақылау шаралары тұрақты түрде жүргізіледі.

Алматы қаласы полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Серік Шумаев:

«Жыл басынан бері патрульдік полиция қызметкерлері 2000-нан астам қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға қатысты. Алдағы Тәуелсіздік күні мен Жаңа жыл мерекелері қарсаңында патрульдік полиция гарнизоны мен Полиция департаменті күшейтілген жұмыс режиміне көшіріледі», – деді.

Алматы қаласының полиция департаменті заманауи технологияларды енгізуді және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін профилактикалық іс-шараларды өткізуді жалғастыруда.



ЭКОНОМИКА

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ FITCH RATINGS АГЕНТТІГІ

Алматы қаласының инвестициялық тартымдылығын растады

2024 жылы 6 желтоқсанда Fitch халықаралық рейтинг агенттігі Алматы қаласының кредиттік рейтингін «BBB» деңгейінде растады, болжамы «Тұрақты». Бұл ретте Алматы қаласының тәуелсіз кредиттік рейтингі «BBB+» деңгейінде расталды.

Алматы қаласының жоғары тәуелсіз кредиттік рейтингі экономиканың динамикалық дамуы, жергілікті бюджеттің едәуір өсуі және бюджеттің төмен қарыз жүктемесімен негізделген, бұл «AAA» санатына сәйкес келеді.

2024 жылдың 10 айында қаланың қысқамерзімді экономикалық көрсеткіші 5,2%-ға дейін жеделдеді. Осу бизнестің және инвестициялық белсенділіктің артуымен қатар жүрді. Негізгі капиталға салынған инвестиция 8,2%-ға өсіп, 1,3 триллион теңгеге жетті. 2024 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша жергілікті бюд-

жеттің кірісі 21,2%-ға артып, 1753 миллиард теңге болды.

«BBB+» деңгейіндегі тәуелсіз кредиттік рейтинг Алматы қаласының әкімдігіне ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру және дамыту үшін жасыл облигациялар шығаруға мүмкіндік береді.

Fitch рейтингінің жарияланымын мына сілтеме арқылы оқи аласыз: <https://www.fitchratings.com/research/international-public-finance/fitch-affirms-city-of-almaty-at-bbb-outlook-stable-06-12-2024>.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАУІПСІЗДІК

КӨШПЕЛІ КЕҢЕС

ескі ағаштардың орнына ірі көшеттер отырғызу туралы шешім қабылдады

Алматыдағы Сәтбаев көшесінің бойындағы апатты жағдайдағы ағаштардың орнына ірі көшеттер отырғызылады. Ғылыми қызметкерлер, сарапшылар, қоғам қайраткерлері және БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен көшпелі кеңес барысында қылқан жапырақты ағаштардың жағдайы бағаланды. Сарапшылар Сәтбаев көшесіндегі автотұрақ маңындағы ескі шыршалардың жағдайына қатты аландаушылық білдірді. Ондағы ағаштардан құраған инелер мен діңнің шіру белгілері анықталды.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Жиембаев атындағы Қазақ өсімдіктерді қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері Нұржан Мұхамдиевтің айтуынша, тексеру барысында кей шыршалардың инелері қурап, түсі ағарып кеткені байқалған.

«Шыршалар 60–70 жылдық, диаметрі 30 см-ден асады. Инелерде анық емес дақтар, күннің әсерінен күйген белгілер бар. Тамыр маңындағы қоректену аумағы азайған. Сондай-ақ, қабығында механикалық зақымданулар, шайыр ағып шығу белгілері және улы газдардың әсері байқалады. Ылғалды камерада және қоректік ортада жүргізілген тәжірибелер кезінде *Альтернэрия* (*Alternaria*) және *Мукор* (*Mucor*) тұқымдас саңырауқұлақтардың болуы анықталды. Алайда, зиянды патогенді ағзалар табылған жоқ. Бұл діңінің ішкі шірігі мен ағаштардың сарғайып кетуіне байланысты. Санитарлық жағдай бойынша бұл ағаштар әлсіз деп бағаланды (КСО-3). Декоративтік қасиетін жоғалтқандықтан, оларды төзімді қылқан жапырақты ағаш түрлеріне ауыстыру ұсынылады», – деді Мұхамдиев.

«ЭкоАлматы» ЖШС-нің бөлім басшысы Болат Әмірғалиев резистогрф арқылы жүргізілген зерттеулер ағаштардың құрып бара жатқанын, зиянкестер мен аурулардың кең тарағанын көрсеткенін атап өтті. «Сквердегі кейбір шыршалар толықтай қурап қалған, бірінші кезекте соларды кесу керек», – деді ол.

«Жасыл комиссия» мүшесі Омар Нұрхайдоровтың айтуынша, ағаштардың автотұраққа жақын орналасуы олардың құлап, көлікке және жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігіне қатер төндіретінін көрсеткен. Осыған байланысты сарапшылар ықтимал қауіп-қатердің алдын алу үшін ескі ағаштарды кесуді ұсынды.

Көшпелі кеңес нәтижесінде ескі ағаштардың орнына ірі көшеттер отырғызу туралы шешім қабылданды. Ірі көшеттер – бұл биіктігі 4 метрден асатын, тамыр жүйесі жақсы дамыған, діңі мен ұшар басы бар, Алматы қаласының климаттық жағдайына бейімделген жергілікті тәлімбақтарда өсірілген ағаштар.

TURAQTY JOL

ИГІ БАСТАМАЛАР КӨБЕЙДІ

Медиа және жоба серіктестеріне арналған TURAQTY JOL Ұлттық әлеуметтік экононауқанының қорытындылары таныстырылды.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

адамгершілік және экологиялық құндылықтарды бойына сіңіру арқылы өскелең ұрпақты туған жерге ұқыпты қарауға бағыттауын тәрбиелік бастама. Бұл бағдарлама – Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Федерациясының бас серіктесі ЦентрКредитБанки және ресми серіктесі Chevron компаниясымен ынтымақтастықта табысты жүзеге асырылған жобаның төрт циклінің жалғасы болып табылады.

Жобаның іске асырылуы Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық Комиссиясы,

ЮНЕСКО-ның Алматыдағы өңірлік кеңсесі қолдауымен өткізілді.

Жобаның ақпараттық серіктестері Alash Media Group және NurMedia холдингтері болып саналады.

– Біз экологияны барынша ұқыпты ұстап әрі қоршаған ортаны таза ұстағанмыз жөн. Бұл бағытта бірқатар игі істер жасалып жатыр. Әсіресе, өз үлесін қосып жүрген белсенді жастарға алғыс шексіз, – деді ЮНЕСКО клубтарының Қазақстан Ұлттық федерациясының вице-президенті Сәбина Ақжарова.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР

тұрғындар үшін жайлы әрі қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді

Алматы қаласының Алатау ауданы жыл санап қарқынды дамып, тұрғындар үшін жайлы әрі қолайлы орта қалыптастыруда. Соңғы жылдары бұл ауданда жүзеге асырылған жобалар мен алдағы жоспарлар ауданның әлеуетін арттыруға бағытталған. Алатау ауданының әкімі Талғат Малыбаевтің айтуынша, бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр.

Ернұр
РЫСБАЙ

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

жұмыстарды осы жылдың соңына дейін аяқтаймыз деп жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, «Зерделі» ықшамауданында жаңа спорт кешені жұмыс жасауда. Ол жерде аудан тұрғындары спортпен шұғылдана алады. Балаларға арналған бокс, күрес түрлері мен үстел ойындарына арналған үйірмелер бар», – деді Алатау ауданының әкімі Талғат Малыбаев.

Алатау ауданының абаттандыру жобаларына да ерекше назар аударылуда. «Қарасу» шағынауданында тұрғындарға арналған аллея салынды. Аллея толықтай абаттандырылып тұрғындар үшін барлық жағдай жасалған. Сондай-ақ, аллеяда 5000-ге жуық ағаш

отырғызылған. Бұрын бұл жерде қараусыз қалған аумақ болса, қазір ол демалуға арналған аймаққа айналды. Ауданның экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында ескі үйлердің жанындағы бос жерлерде көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Мәселен, «Қарасу» ауданында ескі үйлердің тұрғындары үшін автотұрақтар мен балалар алаңдары салынды. Бұл шешім тұрғындардың өтініштеріне сәйкес қабылданып, олардың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған.

Ауданның әкімдігі «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында да көптеген жобаларды жүзеге асыруда. Бұл бағдарлама арқылы соңғы екі жылда 130-дан аса жоба

іске асырылды. 2025 жылға қарай 50 жаңа жобаға 2,5 миллиард теңге бөлу жоспарланған. Алатау ауданында орналасқан шағын көлдерді тазарту және абаттандыру жұмыстары да назардан тыс қалмады. 2023 жылы экология басқармасы көлдерді тазарту жұмыстарын аяқтады. Енді бұл аумақтар демалыс орындары ретінде қайта жаңартылуда. Жаңа жобалар аясында көлдердің айналасына рекреациялық аймақтар құрылып, тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беріледі.

Алатау ауданында білім беру және денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік нысандардың құрылысы да белсенді түрде жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта бірнеше мектеп, балабақша және республикалық деңгейдегі инфекциялық аурухана салынуда. Бұл нысандар ауданның әлеуметтік инфрақұрылымын жақсартуға үлкен үлес қосады. Алатау ауданында халық санының өсуіне байланысты жаңа мешіт ашу жоспарланып отыр. Бұл мешіт бір мезетте 20 мың адамға дейін қызмет көрсете алады. Сонымен қатар, мәдени-рухани орталықтардың құрылысы да ауданның дамуына өз үлесін қосуда. Алатау ауданының тұрғындары үшін басты мәселелердің бірі – жеке үйлердегі инженерлік желілердің жағдайы. Алатау ауданында алдағы жылдары да ауқымды жобалар жүзеге асырылмақ. 2025 жылға дейін аудан аумағында 50 жаңа жоба іске асырылып, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым одан әрі жаңғыртылады. Сондай-ақ, рекреациялық аймақтарды кеңейту, көгалдандыру және тұрғындар үшін демалыс орындарын құру жоспарлануда.

Қорытындылай келе, Алатау ауданының дамуы – Алматы қаласының жалпы даму стратегиясының маңызды бөлігі. Аудан әкімдігі тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру, экологиялық жағдайды жақсарту және инфрақұрылымды жаңғырту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде. Бұл жобалар ауданның тек Алматы қаласында ғана емес, бүкіл ел көлемінде үлгілі аймаққа айналуына мүмкіндік береді.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ТІЛСІЗ ЖАУМЕН КҮРЕС

Алматы – халық тығыз орналасқан алып шаһар. Бір шетінен екінші тарапына бару үшін ұзақ уақыт кетеді. Қалада көптеген ғимараттар бой көтеріп, тұрғын үйлердің саны артып барады. Осы жағдайларды ескере отырып төтенше жағдайлар жұмысын жетілдіре түскен абзал демекпіз.

Мегаполистің өрт қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс. Өйткені, қаншама ғимарат, үйлер, сауда орталықтары, бәрі-бәрі өрттен залалсыз болғаны жөн. Осы және өзге де тақырыптар төңірегінде Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Нұрлан АТЫҒАЕВ әңгімелеп берді.



Мәселен, 2021 жылы Бостандық ауданының «Нұр-Алатау» ш/а өрт сөндіру депосының құрылысы басталып, 2023 жылғы қыркүйек айында іске қосылды. 2021 жылы қыркүйек және желтоқсан айларында Наурызбай және Алатау аудандарында екі заманауи Өрт сөндіру депосы ашылды.

Бейнемониторинг бар

Бұдан басқа, Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасында осы жылы Түркісіб ауданында (Шығыс қақпасы ш/а), Наурызбай ауданында («Шұғыла» және «Қарағайлы» ш/а) тағы 3 өрт сөндіру депосын салыну көзделіп отыр.

Алматы қаласы кез келген мегаполис сияқты жоғары өсу үрдісіне ие (биік ғимараттар, метро), бұл ерекшеліктер гарнизонды өрт техникасымен жарактандыру кезінде ескеріледі. Атап айтқанда, биіктігі 90 метрге дейінгі АВТО сатылар мен көп иінді көтергіштерді сатып алуға басымдық беріледі. Метрода болуы мүмкін өрттерді сөндіруге арналған жабдық сатып алынады. Қала әкімі бекіткен өрт сөндіру бөлімшелерінің шығу кестесіне сәйкес Алматы гарнизоны бір мезгілде ең жоғары дәрежеде 2 және одан да көп ірі өртті сөндіруге қабілетті. ТЖД мамандары халықаралық тәжірибені зерделеп және осы саладағы заманауи жетістіктерді ескере отырып, әкімдікке және ТЖМ-ге арнайы техниканы қаржыландыру бойынша ұсыныстар енгіземіз.

Сонымен қатар, департамент базасында бірқатар Инновациялық жобалар жүзеге асырылуда, олардың тізімінде 1100-ден астам камера арқылы халықтың жаппай жиналатын орындарды, сондай-ақ өрттерді анықтайтын бейнемониторингі бар. Онлайн бақылау кезінде жедел кезекшілерге төтенше жағдайды жою уақытын қысқартатын және материалдық шығынын барынша азайтатын шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Дрон көмегі қолданылады

Сонымен қатар, Алматының тауларында өртке қарсы ережелерді бұзған адамдарды дрон арқылы анықтайтын құрылғылар бар. Аталған заманауи құрылғыны прожектор ретінде пайдалануға және жолы салынбаған жерлерде қолдануға болады, іздеу-құтқару жұмыстары кезінде 3,5 килограмға дейін, ұшу қашықтығы 8 км-ге дейін жүкті жеткізу (дәрі қобдишасы, азық-түлік) мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, дрон арқылы өрт қауіп және шомылу маусымы кезінде Алматы халқын сақтық шаралары туралы хабардар ету жүргізіледі.

Бұдан басқа, онлайн-режимде сел қауіптілігінің автоматтандырылған мониторингі инновациялық жобалары, қар көшкіні қауіптілігі мониторингінің автоматтандырылған жүйесі іске асырылуда. Осы жүйені енгізу әрбір көшкін қауіп бар учаскеге нақты уақыт режимінде мониторинг жүргізуге және тауларда қауіпсіздік шараларын барынша дәл және тиімді қабылдауға мүмкіндік береді.

Ал жеке құрам бойынша – Азаматтық қорғау қызметкерлеріне әлеуметтік жағдайды күшейту жоспарлы түрде орындалуда. Тұрғын үй төлемдері мәселесі қарастырылып,

тиісті заң жобасы қаралуда, төлемдер келесі жылдан бастап өрт сөндірушілерге және жекелеген санаттарға басым тәртіппен төленетін болады.

Өртке қарсы профилактика

Жылыту қысқы кезеңінде адамдардың қаза болуына және жарақаттануына жол бермеу мақсатында, сондай-ақ өткен жылыту кезеңінің қорытындыларын ескере отырып, алдағы кезеңдегі тұрғын үй секторындағы профилактикалық жұмыстың өзге тәсілдері қайта қаралды.

Насихат сапасын арттыру және неғұрлым өзекті бағыттарға баса назар аудару үшін ТЖД тұрғын үйдегі өрт қауіпсіздігі бағыты бойынша профилактиканы жүзеге асырудың орталықтандырылған жоспарын әзірледі. Мәселен, Алматы қаласы ТЖД Мемлекеттік бақылау басқармасы және 8 аудандық ТЖ басқармалар қызметкерлері 2 кезеңде (ағымдағы жылдың 15 тамызы мен 15 қыркүйегі және 1 қазаны мен 1 қарашасы аралығында) 15 тамыздан бастап халық арасында ауқымды түсіндіру жұмыстарын бастады.

Алматыда жеке сектордағы үйлерді өртке қарсы үгіт-насихат жұмыстарымен аралау жалғасуда. Өрт қауіпсіздігі ережелерін 500-ден астам бұзушылық анықталды (автономды жылыту жүйелеріне, электр желілері мен электр жабдықтарын пайдалануға байланысты бұзушылықтар және т.б.), иелеріне жою бойынша ұсынымдар берілді.

Айта кету керек, жеке тұрғын үй секторында мемлекеттік өрт бақылау жүзеге асырылмайды. Өрт қауіпсіздігін сақтау азаматтардың ұсынымдар мен жеке қауіпсіздікті сақтаған жағдайда мүмкін болады. Ал улы газдан қорғайтын құралдар аз қамтылған отбасыларға және егде жастағы адамдарға ғана көзделген.

Атаулы көмек көрсету үшін әлеуметтік осал топқа жататын (көпбалалы, аз қамтылған отбасы, зейнеткерлер мен мүгедектер) 901 отбасы анықталды. Олардың ішінде 102 отбасы үйлері қатты отынмен жылытылады. Жалпы, профилактикамен 100% (901-ден астам үй) қамтылды, 1 мыңға жуық адамға жадынамалар таратумен нұсқау берілді.

Мәселен, «Қауіпсіздік үшін – бірге» және «Көмек қолы», «Таза түтін мұржасы» акциялар аясында аз қамтылған азаматтардың 36 үйінде атаулы өрт-профилактикалық көмек көрсетілді (пештердің түтін мұржаларын тазалау, жарықтарды жабу, түтін арналары өтетін жерлерде қабырғаларды әктеу, аумақты тазалау) және 41 үйде көміртегі тотығынан қорғайтын датчиктер орнатылды. Сондай-ақ, мұқтаж отбасыларға пеш жағу үшін отын беру бойынша бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды.

Қала бойынша 152 911 жеке тұрғын үй есепке алынды, оның ішінде қатты отынмен жылытылатын 2 мың 398 жеке үй және қаңқалы-қамыстан салынған 7 мың 590 ескі үй ерекше бақылауда. Жеке топтағы спирттік ішімдіктерді пайдаланатын және Алматы қ. ПД есебінде тұрған 2627 адам ерекше назарда.

Алдын алу шараларында тұрғын үй ұйымдарының өкілдерімен (МИБ, ПИК, кондоминиумдар және т.б.) бірлесіп 2607 адамды қамти отырып, 132 жиналыс пен жиын өткізілді.

Сонымен қатар, алматылықтарға ұялы операторлар арқылы жылыту пештерін пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау туралы (әр таратуда 3,3 млн.-нан астам абонент қамту) СМС жіберу (5 рет) жүзеге асырылады.

Әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

KIVA
БАҒДАРЛАМАСЫ

Балалар арасындағы буллингтің алдын алуға бағдарланған

Соңғы кездері қоғамда балалардың қауіпсіздігі жайлы жиі сөз болып жатыр. Оған себеп – қоғамның ең әлсіз тұлғасына жасалып жатқан қатыгездіктің тым көбейіп кеткені. Әрине, баланы 24 сағат бойы көзден таса қылмай, қарауылдап отыруға жағдайдың бола бермесі анық. Дегенмен, қоғамда орын алып жатқан қатыгездікпен күресіп, балаларды қорғау әрбіріміздің міндетіміз екенін жадымызда ұстағанымыз жөн.



Рая
ЕСКЕНДІР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу керектігі туралы айтқан еді. Мектептегі буллингпен күрес мәселесі Парламент палаталарының бірлескен отырысында да бірнеше мәрте сөз болды. Көп ұзамай-ақ Оқу-ағарту министрлігі орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет жұмысының бірыңғай қағидаларын бекітті.



(Сурет шыққ дереккөзден).

Осыған орай, Оқу-ағарту министрлігі буллингке жол бермеу бағытында халықаралық тәжірибелерді зерделеп, бұл бағдарламаны өзіміздің білім саласына қолдануды бастады. Қазіргі таңда білім мекемелерінде баланың қауіпсіздігін қадағалайтын, қажет болған жағдайда көрсетілетін психологиялық қызметтердің жұмысы да жедел іске кірісіп кетті.

Бұл ретте қолға алынып жатқаны – Финляндияның KiVa бағдарламасы. Балалар арасындағы буллингті төмендету үшін финн тәжірибесін таңдау кездейсоқ емес. Бұл елдің пайдаланып отырған KiVa деген бағдарламасы 10 жылдың ішінде буллингтің бірнеше есе азаюына септігін тигізген. Сонымен, ендігі жерде жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу жөніндегі жұмыс кез келген білім беру ұйымының жыл сайынғы жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Оған білім алушылар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, мектепшілік есеп, сондай-ақ көмелетке толмағандардың істері және олардың құқығын қорғау жөніндегі аумақтық комиссиялар тарапынан профилактикалық көмек кіреді.



АЛМАТЫ ПОЛИЦИЯСЫ

ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ

тұрғындарға жақындай түсті

Алматыда жаңа форматта қызмет көрсетуге бағытталған алғашқы полиция пункттері пилоттық режимде іске қосылды. Жобаны Мемлекет басшысының полиция жұмысының сервистік моделіне көшу жөніндегі тапсырмасы аясында Алматы қаласы әкімдігінің жобалық кеңсесінің қолдауымен қалалық Полиция департаменті жүзеге асырып жатыр. Оның басты мақсаты – қоғаммен ашық диалог орнатып, тұрғындардың өтініштеріне жедел жауап беру.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

Қазіргі уақытта қаланың 7 ауданында полицияның қызмет көрсету орталықтары ашылған. Түркісіб ауданында алдағы уақытта ашу жоспарланған. Ғимарат қалалық бюджет есебінен алынып, Полиция департаментінің қолданысына берілген. Онда тұрғындар әкімшілік, көші-қон, ювеналдық полиция, учаскелік инспекторлар мәселелері бойынша қызметтерге жүгініп, кеңес пен көмек ала алады. Аталған орталықтардың қызметкерлері алғашқы екі жарым айда қала тұрғындары мен қонақтарының 8,5 мың өтінішін өңдеген.

«Полицияның сервистік моделі – құқық қорғау органдарының ашықтығы мен есеп беруін, азаматтардың полиция қызметіне оңай қол жеткізуін білдіреді. Соның нәтижесінде халықтың полицияға деген сенімі, азаматтармен ашық әріптестік пен Қазақстан халқына қызмет етудегі бейтараптық деңгейі артады деп күтеміз», – деді Алматы қаласы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Нұрлан Алмасбеков.

Айта кеткен жөн, полицияның қызмет көрсету орталықтары барлығы 55 қызмет түрін көрсетеді. Ол үшін барлық жағдай жасалған – инспекторлар мен психологтар жеке кабинеттерде қабылдау жүргізеді. Көші-қон полициясының қызметкерлері шет ел азаматтарын тіркеу немесе қайта тіркеу, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге кету немесе келу кезінде азаматтық алу және тұрақты тұру үшін құжаттарды ресімдеумен айналысады. Көлік иелері жол-көлік оқиғасы деректері бойынша кеңес ала алады, көлік құралдарында әкімшілік айыппұлдар, ауыртпалықтар мен шектеулер бар-жоғын тексеріп, көлікті қайта жабдықтауға құжаттарды рәсімдей алады.

Орталықтарда заңгерлер, медиаторлар, ішкі істер органдарына оқуға және қызметке қабылдау үшін кеңесшілер, сондай-ақ қаруды алып жүруге және сақтауға рұқсат беретін қызметкерлер жұмыс істейді. Сондай-ақ, азаматтарды қабылдауды процессуалдық шешім қабылдауға уәкілетті құзыретті қызметкерлер – тергеушілер, жедел уәкілдер, учаскелік инспекторлар жүргізеді. Бұрын берілген өтініштің қаралу барысы туралы білуге немесе жауапкершілікке тарту себептері туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін дерекқорларға қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Орталықтардың жұмыс уақыты – 9.00-ден 20.00-ге дейін. Сағат 23.00-ге дейін учаскелік полиция инспекторларының азаматтарды қабылдауын ұйымдастыруға болады. Қала әкімінің тапсырмасы бойынша тұрғындармен тікелей байланыста болатын бұл қызметті дамытуға ерекше көңіл бөлінді.

КЕРЕК ДЕРЕК

ПОЛИЦИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ:

- Алматы ауданы, Төле би көш., 273 А үй, 1;
- Әуезов ауданы, «Жетісу-3» шағынауданы, №5-үй, 18;
- Жетісу ауданы, «Айнабұлақ» шағынауданы, 40 А үй, 2 корпус, 17;
- Медеу ауданы, Потанин көш., 14/17 үй, 108;
- Бостандық ауданы, «Көктем-3» шағынауданы, №24 үй;
- Алатау ауданы, «Ақбұлақ» шағынауданы, Суаткөл көш., 33/1 үй, 2;
- Наурызбай ауданы, «Шұғыла» шағынауданы, 347.

ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТ

қойылғаны туралы 6 жалған қоңырау түскен

Полиция департаментінің мәліметінше, жалған ақпарат берген азаматтардың үстінен қылмыстық іс қозғалып, оның бесеуі ашылған. Алматылық тәртіп сақшылары терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлағаны үшін (ҚР ҚК 273-бабы) бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл (бүгінгі күні – 14,5 млн теңге) не сол мөлшерде түзеу жұмыстары түріндегі жаза, сондай-ақ бес жылға дейінгі мерзімге шектеу немесе бас бостандығынан айыру көзделгенін ескертеді.

Сондай-ақ, жалған қоңыраудың кесірінен барлық арнаулы қызметтердің айтылған орынға барғаны және жұмсалған бюджет қаражаты үшін құқық бұзушыға сот тәртібімен азаматтық талап қойылады. Ал егер кінәлі – 14 жасқа дейінгі бала не өзінің табыс көзі жоқ кәмелетке толмаған бала болса, залалды оның ата-анасы немесе заңды өкілдері өтейді. Жаза 20 АЕК (73 840 тг.) дейінгі мөлшерде айыппұл салуды немесе 10 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуды көздейді. Ал жасөспірім кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімшелерде есепке қойылады.

Ішкі істер министрлігінің мәліметіне сәйкес, елімізде терроризм актісі туралы жалған хабарлама таратқандарға қатысты

168 қылмыстық іс қозғалып, 31 адам ұсталған. Оның ішінде 12-сі кәмелетке толмаған бала. Сот шешімімен 13 адам сотталған, оның ішінде екеуі жасөспірім. Алты ата-анаға айыппұл салынды.

– Әрбір жалған хабарлама тұрғындар арасында үрей тудырып, мекемелердің жұмысына кедергі келтіреді. Олар материалдық шығын әкеліп қана қоймай, шұғыл қызметтердің уақытын алады. Бұл қылмыс үшін 14 жасстан бастап қылмыстық жауапкершілік көзделеді. Егер кәмелетке толмағанның жасы 14 жасстан аспаса, онда бұл жағдайда оның ата-анасы тәрбиелеу бойынша міндеттемелерін атқармағаны үшін жауапкершілікке тартылады. Ішкі істер министрлігі ата-аналарды балалардың мінез-құлқына ерекше назар аударуға шақырады.

Жасөспірімдерге осындай әрекеттердің соңы неге әкелетінін түсіндіру қажет. Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарламалар үшін қатаң жаза қарастырылатынын еске сақтаңыздар. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету – баршаамыздың ортақ міндетіміз. Бірлесіп қана, біз балаларымыз үшін қауіпсіз орта құра аламыз, – деді ІІМ ресми өкілі Шыңғыс Алексеев.

ОЙЫННАН ОТ ШЫҒАДЫ

Әуежай мен теміржол вокзалдарында адамдар арасында үрей тудыратын бірқатар сөздерді айтуға болмайды.

Жыл басынан бері Көліктегі Полиция департаментінде жарылғыш заттардың қойылғаны туралы 28 жалған хабарлама түскен. Қазіргі уақытта бұл фактілер бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

Одан бөлек, жолаушылар арасында мекеме қызметкерлерінің сұрақтарына «бомба бар» деген сынды әзіл жауаптар айту жиі кездеседі. Құқық қорғау органдары әуежай мен вокзалдарда мұндай сөздерді қалжың ретінде де айтуға болмайтынын ескертті. 8 желтоқсанда Алматы халықаралық әуежайында 18 жасар азамат әуекомпания қызметкерінің «Тыйым салынған заттарыңыз бар ма?» деген сұрағына, қалжыңдап «тапанша бар» деп жауап берген. Ақпарат расталған жоқ.

– Мұндай фактілер жиі кездеседі. Жалған айтылған сөз әрқашан айтарлықтай күш пен қаражатты жұмсауға дейін әкеліп соғады.

Осындай сөздерден кейін құқық қорғау органдарының қызметкерлері барлық шұғыл қызметтерді ескертіп, дабыл қағуы керек. Ғимаратқа кіру жолдары жабылады, объектіні қоршауға алып, адамдарды эвакуациялайды, рейстер тоқтатылады немесе кешіктіріледі, бір сөзбен айтқанда, әуежайлар мен теміржол вокзалдарының жұмысы бұғатталады.

Көбінесе, жолаушылар жасаған теріс қылықтары үшін қатаң жауапкершілікке тартылатындығын білмейді. Сотта олардың барлығы дерлік осы іс-әрекеттеріне өкініп жатады, – деп хабарлайды Көліктегі Полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Жалпы, әуежай мен вокзалдарда «террорист», «терроризм», «терракт», «бомба», «қару-жарак» және қарудың түрлері мен атауларын айтпауға кеңес беріледі.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.

ПІКІРСАЙЫС

СЫБАЙЛАС

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Алматыда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ауқымды іс-шара өтті. Қалалық Білім басқармасының ұйымдастыруымен Алматы мемлекеттік бизнес-колледжінде техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) мекемелері студенттері арасында «Сыбайлас жемқорлық – қоғам ауруы» атты пікірсайыс турнирі өткізілді. Бұл шара Алматының қауіпсіздік саясатын жетілдіру мен қоғамның жауапкершілігін арттыруға ерекше үлес қосты.

Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы мемлекеттік бизнес-колледжінің директоры Айнуір Мұқажанова өз сөзінде Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күнінің мән-маңызын айта келе:

– Сыбайлас жемқорлық – тек құқықтық мәселе ғана емес, сонымен қатар қоғамның тұрақтылығына төнген қауіп. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жемқорлыққа қарсы күрестің маңыздылығын бірнеше рет атап өтті. Бұл – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың міндеті. Біздің студенттеріміз дәл осындай шараларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске саналы түрде атсалыса алады, – деп атап өтті.



Турнир барысында студенттер сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қаржылық сауаттылықты арттыру және әлеуметтік жауапкершілікті күшейту жолдарын талқылады. Пікірсайыс жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруда, сондай-ақ көшбасшылық қасиеттерін дамытуда тиімді алаңға айналды. Қаланың қауіпсіздік саясатының басты мақсаты – әрбір азамат үшін әділ және тұрақты ортаны қамтамасыз ету. Осы пікірсайыс турнирі арқылы Алматы жастары қоғамдағы жауапкершілікті өз мойындарына алып, сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабу жолында белсенділік танытуда.

Қатысушылардың ұсыныстары жергілікті атқарушы органдар үшін де маңызды. Олар қаржылық және құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған арнайы тренингтер мен қоғамдық жобаларды жүзеге асыруды ұсынды. Сонымен қатар, жастар жемқорлықпен күрес бағытындағы қала әкімдігінің бастамаларына белсене атсалысуға ниетті екендерін жеткізді. Турнир қорытындысы бойынша Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжінің командасы (Мансур Айтжанов, Айша Лесбекқызы) жеңімпаз атанды, екінші орынды – Алматы энергетика және электрондық технологиялар колледжі (Әлихан Ақбар, Нұрсұлтан Сабырбай) және үшінші орынды Алматы мемлекеттік бизнес-колледжі (Даниял Хасен, Нұрмедина) иеленді. Сонымен қатар, «Үздік спикер» номинациясына ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE-тен Сая Ержанат лайық деп табылды.

Бұл пікірсайыс Алматының қауіпсіздік саясаты аясында жастардың құқықтық мәдениетін дамытудағы маңызды қадамдардың бірі болды. Қалалық Білім басқармасы мен білім беру мекемелері алдағы уақытта да сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбында түрлі жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.



17 ЖЕЛТОҚСАН – ҚР ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖАҢАРУ КҮНІ

«ТАМЫРСЫЗ АҒАШ, ТАРИХСЫЗ ХАЛЫҚ БОЛМАЙДЫ»

Алматы – Тәуелсіздігіміздің алтын бесігі. Көптеген тарихи оқиғаларға куә шаһар. Сонау 1986 жылғы желтоқсанда мұзға алау жағып, Кеңес Одағының іргесін шытынатқан әйгілі Желтоқсан жаңғырығымен күллі әлемді дүр сілкіндірген қала. Биыл ұрпаққа ұран болар қазақ жастарының бұл қастерлі ерлік эпопеясына – 38 жыл толып отыр. Осыған орай, халқымыздың жадында сақталып, тарих беттеріне мәңгілікке қатталған сол бір ызғарлы күндерді көзімен көріп, ақиқаттың арашашысы болғаны үшін өзі де талай қысым көрген белгілі журналист-жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қайым-Мұнар ТАБЕЕВТІ әңгімеге тартқан едік.



«Ақтаңдақтан» арылатын уақыт келді

– Желтоқсан көтерілісі туралы аз айтылып жүрген жоқ. Дегенмен, оның қыр-сыры толық ашылды ма?

– Қыр-сыры ашылды ма дейсің бе? Халықта «Тамырсыз ағаш, тарихсыз халық болмайды» деген тәмсіл бар. Жер бетінде тіршілік жасап келе жатқан барлық мемлекеттер сияқты Қазақстанның да ұлан-байтақ жері бар, Тәуелсіз елі бар. Сонымен бірге, сан қатпарлы тарихы да жетерлік. Бірақ ақиқатына келсек, оны зерделеуді енді ғана қолға алып жатырмыз. Сол тарихымыздағы толық ашылмай қалған «ақтаңдақтың» бірі – 1986 жылдың Желтоқсаны.

Кеңестік тоталитарлық жүйе қалыптастырған сең енді-енді бұзылып келеді. Менің Желтоқсан туралы «Құйынға түскен ғұмыр», «Ең соңғы майдан» атты кітаптарымның жуырда мемлекеттік тапсырыспен 38 жылдан кейін жарық көруі соның нышаны.

Біздің буын Кеңестер Одағы секілді алып империяның іргесін шайқалтқан Желтоқсанды көзімізбен көрдік, болған жағдайлардың бәрін жан-жүрегімізден өткіздік, зардаптарын басамыздан кешірдік. Құладық, тұрдық. Қалай десек те, мыңдаған адамдардың тағдырына әсер еткен, жүректерде ізі қалған дүбірлі оқиғаның қазақ халқы үшін орны бөлек. Зардабы да сұмдық!

17-18 желтоқсан күндері Брежнев алаңындағы қан майданды КСРО ПМ Ішкі әскерлер бастығының бірінші орынбасары Дубиняк пен КСРО Ішкі істер министрінің орынбасары Елисов басқарды. Жергілікті күштік құрылымдардың іс-әрекетін ҚазКСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы Назарбаев пен Ішкі істер министрінің 1-ші орынбасары, генерал-майор Басаров қадағалап отырды. (ПМ министрі Князов болса, қулыққа басып, ауруханаға жатып алды). Шығыс транспорттағы ішкі әскер бастығының орынбасары, генерал-майор Н.Куликов (шығыс бағытты), Алматы қалалық ІІБ бастығының орынбасары, полковник К.Мусин (батыс бағытты), ҚазКСР Ішкі істер министрінің орынбасары Б.Коряковцев (солтүстік бағытты) толық бақылауға алып, шерушілерге ұрымтал сәттерде шабуылдап отырды.

Қанды операцияға Новосібір, Фрунзе, Тбилиси, Ташкенттен жеткізілген 10 мыңға жуық арнаулы әскерлер құрамы, КГБ Алматы шекарашылар училищесінің 320 курсанты, Алматы Жалпыкомандалық әскери училищесінің 689 офицері мен курсанттары, 20 өрт сөндіруші машина, 15 БТР, 200-ден аса

автобустар мен автозактар, арнайы үйретілген күзетші иттер қатыстырылды.

Ал қолдарында еш қаруы жоқ бейкүнә жастар жазықсыз жазаға тартылды. Қан-жоса болып, алаңдағы мұз үстінде ыңырысып жатқан жаралыларды көрудің өзі қандай ауыр еді десеңізші?!

«Көрмейін десем, көзім бар...»

«От ударов дубинками, палками, саперными лопатками люди падали замертво. Я увидел более 100 человек, разбросанных по всей площади и лежащих окровавленных без движения. За нами следом шли, бежали и другие военнослужащие, которые добывали лежащих людей. После побитых людей погрузили в машины и увезли», – дейді №7552 әскери бөлімнің взвод командирі Марат Токқожин Комиссияға жазған өз түсініктемесінде.

Алматы облысы, Сарыөзек ауылындағы аурухананың дәрігері Ақмарал Қантөресева да өз көзімен көргенін жылап отырып еске алады. «Мен 17 желтоқсан күні Алматыға қыдырып келіп, сіңлім Балкен екеуіміз алаңда не болып жатқанын көру үшін сағат 21.30 мөлшерінде Байсейітова көшесі жағынан келдік. Кенет, бізге қарай солдаттар лап қойды. Қолдарында қалқан мен сапер күректері. Бір дәу солдат жанымызда жайбарақат тұрған қызды күректің қырымен басынан дәлдеп ұрды. Қыз құлап түсті. Мен «Я медик! Я медик!» деп айқа салып, жүгіріп бардым. Балкен екеуіміз қызды шетке шығарып, үй қабырғасына сүйеп отырғыздық. Бірақ күре тамырдан қаны атқылап тұрған бейшара қыз бірден жан-тәсілім етіпті. Мен жақын жерде тұрған офицерге болған жағдайды айтып едім, ол жалт қарады да, «Ладно, мы сами разберемся! Вы все, идите отсюда!» деп бізді қуып жіберді. Артыма қарасам, еңгезердей екі солдат қызды дырылдапты сүйреп бара жатыр екен...».

№7552 бөлімнің прапорщикі, қару-жарақ жөніндегі техник Александр Волков деген әскери әлі күнге жұмбақ бір құпияны өзімен бірге ала кетті. «1986 жылдың 21 желтоқсанында Орта Азия және Қазақстан бойынша Ішкі істер басқармасында өткен жиында Ішкі істер басқармасы оперативті бөлімінің қызметкері, полковник Щербатов 168 адамның қайтыс болғанын хабарлады. Оның 8-і әскерилер, 4-еуі шекарашы-курсанттар, 1-еуі Алматы милиция гарнизонынан, қалғаны демонстранттар...» деген жазбасы архивте сақтаулы. Бірақ Желтоқсан көтерілісін зерттеу жөніндегі комиссияға жазған осы түсініктемесінен кейін прапорщик А.Волков Владикавказ әскери округы жақтағы бір бөлімге шұғыл ауыстырылды.

Оның айтқандарын анықтау мүмкін болмады...

Мұндай деректерді бір мақалада айтып, тауысу мүмкін емес. Абақтыларда орын болмаған соң, жастарды алдында ГАИ, соңында мотоатқыштар ілескен жүздеген автобус пен жүк машиналары Қаскелең бағытындағы құм карьеріне, біразын Қапшағай мен Медеу шатқалына апарып төккенін білеміз. Бұдан артық айуандық бола ма? Оңбай таяқ жеген қыз-жігіттер жартылай жалаңаш, жаяу-жалпылап, қысқы аязды түнде қалаға әрең жеткен.

Ал уақытша тергеу изоляторы мен абақтыға тоғытылғандардың саны 8500 адамнан асып кетті. Алды ату жазасына кесілді, арты 15 күнге қамалды. Мыңдаған қазақ студенттері жазықсыз оқудан шығарылды, жұмысшы жастар қызметтен қуылды. Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова, Кенжегүл Молданазарова, Бақыт Махамбетова, т.б. сынды жас өркендер шейіт болды. Дерек-дәйегі осы күнге дейін белгісіз, хабарсыз кеткендер де бар екені ойландырмай қоймайды...

Қазақстандағы ұлттық жоғары оқу орындарының 12 ректоры, облыстық партия комитеттерінің 64 хатшысы, қалалық және аудандық партия деңгейіндегі 630 бірінші, екінші хатшылар, бастауыш партия ұйымдарының 1836 жетекшісі қызметтерінен алынды. Ішкі істер министрлігі жүйесінен 1200 қазақ қызметінен қуылды. 14 министрлік пен комитет қысқартылды, барлығы 33 мың маман (негізінен, қазақтар) жұмыссыз қалды. Міне, Желтоқсан дауылының қысқаша сипаты осындай.

Лайықты ескерткіш орнату қажет

«Желтоқсан» – тәуелсіздік бастауы деп те жүрміз. Оған тиісті саяси баға берілуі қажет. Желтоқсан Тәуелсіздігіміздің алтын бесігі – Алматыдан басталып, еліміздің барлық өңірлерін қамтыды. Бір сөзбен айтқанда, ғасырлар бойы азаттығы үшін алысқан қазақтың 300-ге жуық бас көтеруінің нүктесі қойылды. Кеңестер Одағындағы демократиялық қозғалыстың көшбасында тұрды. 2005 жылы Париждегі ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде өткен «дөңгелек үстелге» қатысушылар «Желтоқсан көтерілісі – Орта Азиядағы ұлттық сана сілкінісінің бастауы» деп жоғары бағалады. Өкініштісі сол, елімізде жыл сайын біз үшін қастерлі даталар – Тәуелсіздік мейрамы да, Демократиялық жаңғыру күні де әрдайым «жаңа жыл» дейтін ырду-дырду мейрамның көлеңкесінде қалып қоятынын байқап жүрміз. Бұған не айта аламыз?

Қайрат Рысқұлбеков, Сәбира Мұхамеджанова, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова және барша Желтоқсан құрбандарына Алматының көрнекті жеріне лайықты ескерткіш орнату қажет! Бар болғаны 16 мен 21 жастағы бұл өрендер қызыл империяға қарсы қаймықпай шыға білген, рухы биік тұлғалар! Олардың отты сөздерін жалын бейнесіндегі қызыл гранит тасқа қашап жазып қойсақ та артық болмайды. Желтоқсандықтардың айбынды тұлғалары жасампаз шаһарымыздың әр тұсынан «менмұндалап» тұрса, қандай мақтаныш сезімі мен патриоттық рухты тұғызар еді! Өз батырларымызды өзіміз қастерлей білу – қазақстандық патриотизмді жас ұрпақ бойына сіңірудің басты қадамдарының бірі болмақ.

Бұл ретте мен қазақты ат үстіне отырғызып қойып, қолына қылыш немесе кітап ұстатқызатын байырғы, таптаурын ізден арылғанды жөн деп санаймын. Жаңа заманмен үндесетін тамаша композициялық ескерткіштер керек!

Әсем қаламызда жаңа мазмұндағы ескерткіштерді тұрғызатын көрікті орындар жеткілікті. 2020 жылы Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Түркісіб ауданында ашылған «Желтоқсан саябағына» қонақтар көп бара бермейді. Сондықтан орталықтан орын бөлген дұрыс. Мысалы, Қазақстан–Британ техникалық университетінің теріскей сыртында бір топ «кеңестік қызыл комиссарларға» қойылған тас мүсіндер бар. Ешкімге қажеті жоқ сірескен, сүреңсіз сол тастарды сүріп тастайтын уақыт жетті.

Оның орнына халық жүрегіне жақын ұлттық тұлғалардың асқақ бейнелерін қондырсақ – Алматының рухы бұдан да айбаттана түсері хақ!

Тілдің мәртебелі тұғыры бар

– Желтоқсан туралы мәселелерді ерте бастан зерттеп, зерделеп келесіз. Алдағы уақытта қандай түйткілдерді таркатпақ ниеттесіз?

– Дерек көздері бойынша, Алматыда қазақтардың үлесі 1986 жылы 16-ақ пайыз болды. Қазір, шүкір, 65 пайызға жақындадық. Жыл сайын 30 мыңнан аса жас түлектер келіп қосылады екен. Біразы оқып білім алуда. Біразы алаңсыз еңбек етуде. Олар үшін мемлекет тарапынан көп қолдау көрсетіліп жатыр. Алайда, бір түйткіл бар. Сол жастар ана тілінде сөйлеуге құлықсыз. Here?

Біз Желтоқсанда не үшін күрестік? Ең алдымен, азаттық үшін, сосын тіліміз үшін! Бірақ Тәуелсіздік тұғырына қонғанымен, тіл тұғырына қона алмай отыр. Өйткені, 06.04.2005 жылы қабылданған «Алматы қаласындағы жергілікті атқару орган-дарындағы іс-қағаздарды мемлекеттік тілге көшіру жөніндегі» №2/189 қаулысының жарық көргеніне жиырма жыл өтсе де, игілікті істің нәтижесі созылып кетті. Банк, медицина, сот, құқық қорғау салалары мемлекеттік тілге қайырылар емес.

Ұлттық дәстүрге берік мемлекет қана дамудың даңғыл жолына түсетінін уақыт дәлелдеп отыр. Жапонияда жапон тілі, Қытайда қытай тілі, Францияда француз тілі қалай үстемдік құрса, Қазақстанда да қазақ тілінің солай үстемдік құруын армандауға хақымыз бар.

Қалалық Жастар ісі басқармасы мен «Аманат» жастар қанаты осы айтылғандарды басшылыққа алып, терең зерттеп, қорытынды шығарғаны жөн деп санаймыз.

– Желтоқсаншылардың көбісі 60 жастан асқандар. Көбінің денсаулығы сыр беріп жүр. Оларға қандай әлеуметтік қолдаулар жасалуы тиіс деп санайсыз?

– Бұл туралы желтоқсандықтардың өздерінен сұрағаныңыз жөн. Бұрынырақта «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР заңының тәртібі бойынша 1986 жылдың 17-18 желтоқсанындағы көтеріліске қатысқан, кейін ақталған жандарға санаториялық-курорттық емдеу, бір жолғы қаржылай көмек көрсетілетін еді.

Қазір ол бар ма, жоқ па, анық білмеймін. Жалпы, сол зобалаңның салдарынан рухани жапа шегумен бірге, өмір бойы мүгедектікке ұшырап, емхана жағалап жүргендер аз емес. Меніңше, жазықсыз қуғынға ұшырап, абақтыға отырып, сот, прокуратура тарапынан қатаң жаза тартқан барлық желтоқсандықтарға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен олардың жергілікті басқармалары заң аясында әлеуметтік жәрдем көрсету тетіктерін қарастырғаны жөн деп білемін.

Желтоқсандықтар қоғам тарапынан қолдауға, бағалауға лайықты тұлғалар.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



16 ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

ПАТРИОТТЫҚ РУХ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Алматының 200 оқушысы осындай тақырыпта эссе жазды

Егемен елдің ертегі – бүгінгі ұрпаққа аманат. Жуырда республикалық «Жанашыр» халықаралық қоғамдық қоры Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Патриоттық рух – басты құндылық» тақырыбымен эссе жазу конкурсын ұйымдастырды. Мақсаты – оқушылар арасында патриоттық құндылықтарды насихаттау, сәуелі жеткіншектердің шығармашылық бастамаларын қолдау.

ӘУЕЛЕГЕН ӘНҰРАН

Конкурсқа Алматының 40 мектебінен 200-ден астам оқушы қатысты. Олардың, яғни 4–9-сынып оқушыларының эсселерін құрамында біз де бар қазылар алқасы оқып, арасынан оза шапқан үздіктерін анықтадық. Желтоқсан тарихы, Тәуелсіздік, Отан, патриоттық сезім туралы толғаған балалар арасынан оза шапқандары Алатау ауданындағы еңселі «Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығына» шақырылып, Әнұран шырқалып, салтанатты жағдайда марапатталды. Жас достарымызға бағалы сыйлықтар табысталды. Өрендерге алматылық Желтоқсан қатысушылары да лебіздерін арнап, бақытты балалық, ашық аспан тіледі.

Іс-шараға «Алматы ақшамы» газетінің ұжымы атынан біз де қатысып, «Alatau Aqparat» медиахолдингі тағайындаған жүлдемізді ала барған едік. Біздің редакция алқасы №99 мектептің 5-сынып оқушысы Айжан Жұмаділденің эссесін жоғары бағалады. Онда кішкентай Айжан шығармасының өзегін атасы мен әжесінен алған тәрбиесімен байланыстырып, патриотизм құндылығын үлкендердің ұлағатымен байланыстыра білген. «Отан – отбасыдан басталады» десек, біз бұл жеткіншектің эссесінен шаңырағындағы жақсы тәрбиені, балаға деген мейірім, қам-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

қорлықты, елді, жерді сүйге бағыттап отырған ата-ананың рөлін көрдік. Ал сондай отбасында өскен баланың болашағы зор болары сөзсіз. Төменде жүлдегер бірнеше баланың эссесін ықшамдап беріп отырымыз.

ЖҮРЕКТІҢ ҮНІ

Осы орайда эссе жазу конкурсынан не байқадық, не түйдік, сол жайында да аз-кем айта кетсек дейміз. Әлгінде атап өткеніміздей, байқауға 200-ден астам оқушы қатысқан, яғни осынша эссе жазылған деген сөз. Бұл – мақтануға тұрарлық үлкен көрсеткіш. Үлкен күш.

Әр баланың артында жетекші мұғалімінің де еңбегі тұр. Бірақ өкінішке қарай, эсселердің басым көпшілігі бейнебір қалыптан, бір қолдан шыққандай әсер қалдырды. Ондағы кейбір сөздер, ойлар, пікірлер бір-бірінен аумайды. Тіпті, 4-5-сыныптың оқушылары «Тәуелсіздігіміз тұғырлы, шекарамыз шегендеулі» немесе «Алматыда болған бұл сұмдық қаланы ғана емес, қазақ халқын қансыратқаны белгілі» деген секілді салмағы ауыр, бала ұғымына сай емес сөздерді қолданған. Демек, біраз эссе ғаламтордан көшірілген. Сонда ұстаздары балаға

дұрыс бағыт-бағдар бермеген бе деген ойда қалдық.

Осы эссе-байқаудың марапаттау салтанаты басталарда сахнадан еліміздің Әнұраны орындалды. Сонда үлкен-кіші түгел орнымыздан тұрып, оң қолымызды жүрек тұсымызға қойып, қосыла шырқап, тебірендік. Осындай патриоттық рухтағы кештерде Әнұранымызды ылғи естіп жүрсек те, айналағы тыныштық орнап, қай уақытта да кеудеміздегі жұлдырқай жүрегіміз дүрсілдеп ала жөнелетіні бар. Міне, бұл – қанымызда буырқанып жатқан патриоттық сезіміміз. Эссені осындай өз ішімізде, қасымызда, айналамызда болып жатқан қарапайым оқиғалармен бастап әрлесек, әлдеқайда құнды шығар ма еді. Ал патриотизм деген – «эссе жазудан конкурс ұйымдастырылып жатыр екен, қатысайық» деген дүрмекке ілесіп, шығарма жазып, жүлде алып, оны мұғалімнің аттестациядан өту үшін керек болады деп, есеп беру үшін қатырма қағазға тігіп қоюы емес, патриотизм – жүректің үні! Ал жүрегінде елге, жерге жылыу, мейірімі, риясыз сүйіспеншілігі бар жеткіншек кез келген сын шақта атқа қона алады. Жас ұрпақтың тәрбиесі, білімі, оған дұрыс жол көрсету – біздің еншімізде.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Оразгүл АЙДАШҚЫЗЫ,
байланыс саласының қызметкері,
«Желтоқсан–1986. Тәуелсіздік»
ұйымының мүшесі:

ТІЛ – СЕНІҢ ЖАНЫҢ, БОЙЫҢДАҒЫ ҚАНЫҢ

Балалар жазған эсселерді мен де оқып шықтым. Патриоттық сезімдерін сыйғызған шығармаларында кішкентай жүректерінің лүпілі сезіледі. Осындай отанышыл ұрпақ өсіп келе жатқаны бізді қуантады. Біз ең алғаш ару Алматыға арман қуып келгенде, көптеген қарсылыққа ұшырағанбыз. Орыс тілін білмейсіндер деп шеттетілдік. Патриоттық рух деген ол, біріншіден, ана тіліңнен басталады. Тіл – сенің жаның, бойыңдағы қаның. Біз сонау Желтоқсан оқиғасында алаңға нан сұрап емес, мемлекеттік тілдің үстемдік құруын, қазақтан басты болуын сұрап барғанбыз. Жастар, көп тіл біліңдер, отыз тілді меңгеріңдер, бірақ ана сүтімен дарыған өз тіліңді жетік біліңдер, айналайындар! Кезінде Алашорда мүшесі болған Әлімхан Ермеков деген аталарың жиырма тоғыз жасында сол заманның өзінде, интернет жоқ, ұялы телефон жоқ, тоғыз тілді білген. Сол білімінің арқасында Ленинмен сезіз сағат тайталасып отырып, біздің мемлекеттің бүкіл территориясының аумағын қорғап қалуда атсалысқан екен. Алаш қайраткерлері қазақ елінің бодандықтан шығып, тәуелсіз ел болуын армандаған. Сол үшін көп оқыған, көп ізденген, тәуекелдерге көп барған, ең бастысы, олардың отанышыл рухын ешкім сындыра алмаған. Кешегі Желтоқсан оқиғасында да қазақ жастары сол азаматтардың ізін жалғап, елдің мүддесін қорғауда ұмтылды. Балалар, Тәуелсіздік ендігі жерде өздеріңе аманат!

ЭССЕ-ТОПТАМА

БАЛАЛАР ҚОЛТАҢБАСЫ

Мен жақында «Желтоқсан желі» деген өлеңді оқыдым. Онда аязды күні жастардың Отан үшін бәріне дайын екені баяндалған. Осы өлеңді оқып тұрғанымда жүрегім дүрсілдеп тұрды. Демек, мен өзімді елімді сүйетін патриот баламын деп ойладым. Біздің аталарымыз, ағаларымыз, әпкелеріміз өз елінің тәуелсіздігі үшін күрескен. Олардың ерлігі бізге әрқашан үлгі.

Мен қазір бейбіт елде өмір сүріп жатырмын. Біз үшін барлық жағдай жасалған. Көшеміз жарық, тап-таза. Мектепте тегін білім алуамыз. Түрлі үйірмелерге барамыз. Ауырып қалсақ, тегін емделеміз. Отбасым аман. Бақытты баламын. Ал Қазақстан деген үлкен отбасы тегіс бақытты болу үшін біз білімді болуымыз керек. Мен үнемі жақсы оқып, отбасымды да, ұстаздарымды да қуантып жүргім келеді. Ал білімді бала сөзсіз патриот болады деп ойлаймын.

№22 мектеп-гимназияның
4-сынып оқушысы
Балдария БАЛТАБАЕВА.

Мен атам мен әжемнің өсиет сөздерін көп тыңдаймын. Әжемнің маңдайымнан сипап, шашымды өріп отырып айтқан ақыл-кеңесі, атамның арқамнан қағып, маңдайымнан иіскеп айтқан әрбір әңгімесі үнемі жадымда жүреді. Олардың айтқан әр сөзі мейірім мен махаббатқа толы.

Бірде мектептен естіген, білгендерімді дамытқым келіп, үйге келген соң атамнан Желтоқсан оқиғасы туралы айтып беруін сұрадым. Атамның айтуынша, жастарды алаңға алып барған ең әуелі Отанға деген махаббат болса, екінші – алаңда жүрген қыздардың

жігерін жасытпай, арын аяққа таптатпас үшін оянған рух көрінеді.

Жалпы, менің түйгенім: адамда намыс пен жігер болмаса, осыларды оятатын рух болмаса, денең сенің көтеріп жүрген құр сүлдерің болып саналады екен. Аға-әпкелеріміз өткен ғасырдың 86-шы жылында сол рухани құндылықтың нағыз үлгісін көрсетіп кеткендей болып көрінді маған.

Бір күні әжем шашымды өріп отырып, «Бұрымың сондай әдемі! Нағыз қазақ қызына лайықты бұрым өсіп келеді менің немеремде» деді мейірленіп. Нағыз қазақтың қызына лайықты болуға тиіспін.

№99 мектептің
5-сынып оқушысы
Айжан ЖҰМАДІЛДӨ.

Кез келген адамның патриоттық сезімі Отанына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігінен басталады. Мен үшін қазақ елі, қазақ жері – асыл қазына. Біздің білім алып отырған лицейімізде әр аптаның екінші күні ұстаздар патриоттық сезімімізді күшейту мақсатында туған жерімізді, оның тарихын, мәдениетін қадірлеуге, ұлттық құндылықтарды сақтап, келесі ұрпаққа жеткізуіміз керек екендігін үнемі айтып отырады.

Патриоттық рух адамның бойына ерте жастан сіңіп, өсе келе нығая түседі. Тарихи батырларымыздың ерліктері жастардың бойына патриоттық сезім дарытып, олардың рухын көтеруге көмектеседі. Сонымен қатар, патриоттық рухқа мемлекеттік рәміздеріміздің де рөлі жоғары. Осы құндылықтарымызды сақтап, біз біліммен әлемдегі сайыстарда, жарыстарда жеңіске жетіп нәтиже

көрсетсек, Әнұранымыз әуелеп, Туымыз төрден орын алады.

Иә, кез келген адам патриот бола алады. Ол үшін білімді болу қажет. Ал біліммен қаруланған адам ешқашан құл болмайды.

№92 мамандандырылған лицейдің
6-сынып оқушысы
Фатима КӘРІМТАЕВА.

Желтоқсан көтерілісі ұлттық рухтың қуатын, елдік пен ерліктің мұратын танытқан оқиға болды. Қазақ жастары бейбіт шеру арқылы ұлт саясатын дұрыс жүргізуді, ұлттық тіл мәдениетінің дамуына қамқорлық жасауды, ұлттық саяси қайраткерлердің басшылық орындарында лайықты лауазымға ие болуына назар аударуды талап етті. Бірақ қарсылыққа ұшырады. Сақылдаған сары аязда жастарға өрт сөндіру машиналарымен суық су атқылағанын тарихтан білеміз. Желтоқсан көтерілісі құрбандарының қатарында Е.Сыпатаев, С.Мұхаметжанова, К.Молданазарова, Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдікұлов, Л.Асанова сынды ержүрек аға-әпкелерім болды.

1986 жылдың 16 желтоқсаны – біздің халық үшін қасіретті әрі қасиетті күн. Қасіреті – ұлт үшін ұран салған қазақ жастарының жазықсыз жазалануы, кінәсіз қырылуы болса, қасиетті күн саналуы – сол аға, әпкелеріміздің жанын пида етіп қол жеткізген Тәуелсіздік күні.

Осынау егемендіктің қадір-қасиетін бағалау – бізге аманат. Біз білімді, ойлы, патриот азамат болсақ, сырттан ешбір жау келіп басына алмайды деп ойлаймын.

№77 ЖББМ-тің 7-сынып оқушысы
Алдияр ӘБДІРАХМАНОВ.

Желтоқсан қаһармандарының ержүректігі бізге үлгі. Олар тәуелсіздік жолында көптеген қиыншылықты басынан өткеріп, қазақ халқының намысын, тілін қорғады. Бізге Тәуелсіздік сыйлады. Тәуелсіздік – ең үлкен бақыт. Енді сол егемендігімізге селкеу түсірмеу – бізге парыз.

Біздің бойымызда азаматтық, патриоттық жауапкершілік болуы үшін қоғамдық іс-шараларға жиі қатысып, волонтерлік жұмыстарға да бел шеше араласуымыз керек. Қайырымдылық, экологиялық іс-шаралар арқылы да жас ұрпақтың патриоттық сезімі нығайып, қоғамға деген жауапкершілігі, елге, жерге, адамдарға деген сүйіспеншілігі артады деп білемін.

Бізге ұялы телефонға бос телміріп отыра бермей, әлеуметтік желілер мен интернет платформаларын тиімді пайдалану керек. Жастарға арналған білім беру сайттарына жиі үңіліп, патриоттық фильмдерді көру қажет. Бұл орайда бізге көркем шығармалар да сенімді дос бола алады. Біз егемен елдің болашағымыз!

№178 мамандандырылған лицейдің
8-сынып оқушысы
Балерке МЕДЕЛБЕК.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА,
журналист.





ӘСКЕРИ БӨЛІМ

«АЛМАТЫҒА БАУЫР БАСЫП ҚАЛДЫҚ»

Алып мегаполистің қоғамдық тәртібі мен қауіпсіздігін
Ұлттық ұлан сарбаздары қамтамасыз етеді

Алматы – Тәуелсіздік туы тігіліп, егемендіктің таңы арайлап атқан қастерлі қала. Өткенге сәл шегініс жасар болсақ, Кеңес үкіметі кезінде Орталық Компартиядан «КСРО-ның қай жері адам жанына жайлы жұмақ екенін анықтап біліңіздер!» деген нұсқау түскен көрінеді. Сонда дереу іске кіріскен зерттеу мекемелері «Алматы қаласы мен оның іргесінде жатқан Алматы облысы адамның өмір сүруіне табиғи тұрғыда ең жайлы да қолайлы жер» деген қорытынды жасаған екен.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

нан өткеніне тарих куә. Оған ашылғанына бас-аяғы жиырма жылдың жүзі болған, азаматтардың алаңсыз қызмет атқаруы үшін мемлекет тарапынан барлық қолайлы жағдай жасалғанына 2-ші батальон және бір дәлел бола алады.

Бөлімшенің тыныс-тіршілігімен танысуға ниеттенген бізді Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы баспасөз қызметінің жетекшісі, подполковник Бақыт Әліпбаев бастап келді. Журналистерді кіреберіс қақпа алдында батальон командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары майор Мәулен Есімбеков қарсы алды.

Оның сөз саптауынан, мәселенің мән-жайына дендеп, жүктелген міндеттерін жілікше шағып айтып беруінен-ақ, болашағынан зор үміт күттірген офицер екенін аңғару қиын емес. 2014 жылы Әскери институтты тәмамдапты. Содан бері «Орталық» және «Оңтүстік» өңірлік



қолбасшылық әскери бөлімдерінде қызмет баспалдақтарынан өткен офицер жігерлі, зерек көрінді бізге.

Алатау бөктерінен орын тепкен батальонды подполковник Тұрсынбек Ботаев басқарады екен. Ол Әскери институттың 2007 жылғы түлегі. 5514 әскери бөлімінде офицерлік қызмет жолын бастаған. 2021 жылдың қараша айынан бастап ұжымға басшылық жасауда. Орынбасары майор Мәулен Есімбековке еріп,

батальонды аралауға кірісіп кеттік.

Бізді алдымен тандандырғаны – батальон аумағының айнадай тазалығы, қисайып, көлденең тұрған бір зат жоқ. Ары-бері өткен жауынгерлер бізбен тәртіпке сай әскери рәуіште сәлемдесіп, асқан ыждағатылықпен қимылдайды. Жаттығу алаңындағы жауынгерлердің ширақ қимылын көріп көңілің толады.

– Ел үшін, ұлтарактай жер үшін жан алысып, жан беріскен бабалардың арқасында ұлан-ғайыр жерге иеміз. Жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орындамыз. Тарихтан оқып, білгеніміздей, халқымыз өздігінен өзгеге тиіспеген. Көршілердің жеріне көз алартпаған. Ал басқалар басынғысы келіп, бодандық қамытын саламыз десе, бытырап, шашылып жатқан халық әп-сәтте жудырықтай жұмылып, бастары бірігіп, тастүйін болып түйіліп, жауына тойтарыс бере білген. Сондықтан еліміздің анау шеті мен мына шетіне ат айлап жүрсе, жүйткіген пойызыңның өзі де үш-төрт тәуліктен астам гүрсілдеп әрең жетеді. Осы жерімізді қорғап, шекарасын қызғыштай қорып, ұлттық қауіпсіздігімізді басты назарда ұстау – бүгінгі ұрпақтың еншісінде, – дейді майор Мәулен Есімбеков.


ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ерболсын ІЗБАСАРОВ,
3-рота жауынгері:ӘСКЕРИ ӨМІР
ШЫҢДАЙДЫ,
ШИРАТАДЫ

Әскери өмір жігітті шыңдайтыны, ширататыны шындық. Мен өзімді Ұлттық ұланның сапында жауынгерлік міндетімді атқарып жүргенімді мақтан етемін. Алматыға бірінші келуім. Өте үлкен, әсем қала. Біз алып мегаполистің тыныштығын күзетеміз, қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз. Адамдардың көшеде алаңсыз жүруін қадағалаймыз. Алматы да Отанның бір бөлісі. Сондықтан да мен үшін мегаполистің мамыражай тіршілік кешуі маңызды. Күзет сапында тұрғанда бізге кірпік ілуге, қалғып кетуге болмайды. Әскер бізді қырағы, сергек әрі осындай аязды күндері төзімді болуға үйретуде. Мен Отаныма адал қызмет ете бермекпін. Ал адал адамның жүзі әрдайым жарық болатынын білемін.

Алмат ТАНАТАРОВ,
4-рота жауынгері:ОТАН-АНАНЫ
ҚОРҒАУ –
БОРЫШЫМЫЗ!

Ұлттық ұлан қатарында әскери борышымыз өтеп, Отан-ананы қорғап, өзімнің қоғамның бір қажетіне жарап жүргенімді сезіну де бақыт деп айтудан тартынбаймын. Иә, қазір отбасымыздан алыста жүрміз. Ала адам қиыншылықты көрмесе, жеңілдіктің қадірін біле ме, жүрегінде сарғайған сағынышы болмаса, өзіне не қымбат екенін бағамдай алар ма еді! Кезінде ата-анамыз жоғары білім алған Алматыдай алып қаланың тыныштығын күзетіп, қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген бізге әсем шаһардың өзі де күш-қуат береді. Демалыс күндері қаланың музейлеріне, театрға барамыз, саябақтарына қыдырамыз. Жауынгерлік қызметіміз аяқталып, үйге қайтар кезде бауыр басып қалған Алматымызды қимайтыным анық.



ЗАҢ ЖӘНЕ БІЗ


ЖАСТАР ДА ЖАУАПТЫ

Жастардың заңдарды, өз құқығын білуі, сол арқылы өзінің де, жақындарының да қауіпсіздігін қамтамасыз ете алуы маңызды. Алматы технология және флористика колледжінің тәрбие бөлімі басшысы Жанар Ахмеджанованың ұйымдастырумен «Заң және біз» деген тақырыпта танымдық іс-шара өтті.

зандар, олардың артықшылықтары, қоғамдағы орны туралы айтты. Студенттер қойған сұрақтарға жауап берді.

– Кездесудің мақсаты – жас ұрпаққа құқықтық жауапкершіліктің маңыздылығын насихаттау. Сондай-ақ, құқықтық тәрбие туралы тарқатып, көмелетке толмағандар арасында заң ұғымдарын насихаттай отырып, білімін жетілдіру, жасөспірімдердің жамандыққа ұрынып қалмай, қауіпсіз ортаны өздері де қалыптастыра алатынын түсіндіру. Бұл кездесуден біз жастардың санасы сергек, ойлы, зерек екенін байқадық. Ал біз өз кезегімізде оларға үнемі қолдау көрсетуге дайын екендігімізді білдірдік, – дейді №11 мекеменің өкілі Еркегүл Жәнісхан.

Нұр ЖАМАЛ.





МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

Жаңа жыл қарсаңында отпашулар мерекелік көңіл күйдің ажырамас бөлігіне айналды. Олар әсем түстер мен ерекше дыбыстар арқылы мерекенің сәнін келтіретіні анық. Алайда, отпашуларды дұрыс пайдаланбау қауіпті салдарға әкелуі мүмкін екенін ұмытпаған жөн. Сондықтан Алматы тұрғындарына отпашуларды қауіпсіз қолдану жөнінде негізгі ережелер мен кеңестерді ұсынамыз.



ОТШАШУҒА ШАШЫЛМАҢЫЗ!

Пиротехниканы дұрыс пайдаланбау – күйікке, тіпті ауыр дене жарақаттарына әкелуі мүмкін



Ернұр
РЫСБАЙ

ОТШАШУЛАРДЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ НЕДЕ?

Отпашулар – бұл құрамында пиротехникалық қоспалары бар өнімдер, олар жоғары температура мен қысымда жұмыс істейді. Қауіптіліктің негізгі түрлеріне тоқталайық. Денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін. Отпашуды дұрыс пайдаланбау – күйікке, жарақатқа, тіпті ауыр дене жарақаттарына әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, отпашуларды қолдану ережесін дұрыс сақтамай немесе қауіпсіздік ережелеріне салғырт қарау салдарынан өрт шығуы ықтимал. Құлақ зақымдануы да әбден мүмкін. Дыбыс деңгейі жоғары пиротехникалық заттар есту қабілетіне зиян тигізеді. Экологиялық зиянды екенін де ескерген жөн. Отпашулар ауаға зиянды заттар таратып, экологияға теріс әсер етеді.

САҚТАУ ЖӘНЕ УТИЛИЗАЦИЯЛАУ

Пиротехникалық өнімдерді сақтау және утилизациялау мәселесі де маңызды. Отпашуларды балалардың қолы жетпейтін, құрғақ, салқын жерде сақтаңыз. Пайдаланылмаған немесе жарамсыз пиротехниканы қоқысқа тастамаңыз. Оларды мамандандырылған ұйымдарға тапсырыңыз немесе қауіпсіз жойыңыз.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Егер пиротехникалық заттар дұрыс жұмыс істемей, оқыс жағдай туындаса саспау қажет. Жарақат алған жағдайда, дереу дәрігер шақырыңыз. Өрт шыққан жағдайда, өрт сөндірушілерге хабарласып, мамандарды жедел шақырыңыз. Сондай-ақ, тыныштық сақтап, отты сумен немесе өрт сөндіргішпен сөндіруге тырысыңыз.

ЭКОЛОГИЯҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Отпашулардың экологиялық зияны туралы да ұмытпауымыз керек. Олардан бөлінетін химиялық заттар ауаның сапасын нашарлатады. Табиғатқа және жануарларға зиян тигізуі мүмкін. Сондықтан мерекелік отпашуларды таңдағанда экологиялық қауіпсіз өнімдерге басымдық берген жөн.

ТҮЙІН:

Мерекелік отпашулар – қуаныш сыйлайтын, ерекше көңіл күй қалыптастыратын құрал. Бірақ қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажет. Алматы тұрғындары үшін бұл ережелер тек өз денсаулығын қорғау емес, қаламыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды бөлігі болып табылады. Әр мереке көңілді әрі қауіпсіз өтуі үшін жоғарыда көрсетілген кеңестерді назарда ұстаңыз. Қалаңызда мереке шынайы шаттық пен қуаныш әкелсін!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Алишер ГИЗЗАТОВ, Медеу ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің инженері азаматтық қорғау лейтенанты:

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Сапалы өнімдерді таңдау маңызды. Соның ішінде тек сертификатталған пиротехникалық өнімдерді сатып алыңыз. Рұқсат етілген сауда орындарынан ғана сатып алу маңызды. Көшеден немесе күмәнді сатушылардан алынған өнімдер сапасыз болуы мүмкін. Жас ерекшелігі өте маңызды. Мәселен, 18 жасқа толмағандарға пиротехникалық өнімдерді қолдануға тыйым салынады. Ең бастысы, балалардың отпашулармен ойнауына жол бермеңіз. Отпашуды қолдану алдында нұсқаулықты оқыңыз. Әрбір өнімнің өзіне тән нұсқаулығы бар. Оны мұқият оқып, ережелерді сақтаңыз. Егер нұсқаулық түсініксіз немесе орыс/қазақ тілдерінде болмаса, өнімді қолданбаған абзал. Отпашуды қолдануға ашық алаңды таңдау қажет. Отпашуларды тек ашық алаңда, ғимараттар мен ағаштардан алыс жерлерде қолданыңыз. Қолдану кезінде пиротехникалық заттың айналасында кемінде 10–15 метр қашықтықта адамдар болмауы тиіс. Пиротехниканы алдын ала тексеріс жүргізіңіз. Отпашу қорабында жарықтар, ылғалданған бөліктер немесе зақым болса, оны қолданбаңыз. Пиротехниканы тұтату үшін арнайы таяқша немесе ұзын сіріңке қолданыңыз. Қолмен ұстауға немесе денеге жақын қолдануға болмайды. Егер отпашу тұтанбай қалса, оны қайтадан жағуға әрекет жасамаңыз. Отпашуларды жанғыш заттардан, бензиннен, газ баллондары мен ағаштан алыс жерде сақтаңыз.

ӨЗЕКТІ

ЖАЗЫМ ДЕГЕН АЯҚАСТЫ...

Сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау маңызды

Жаңа жыл мерекесі – отбасылық қуаныштың, көңіл күйдің және ерекше сәттердің уақыты. Дегенмен, бұл кезеңде адамдардың белсенділігі артып, қауіпкерлердің туындау ықтималдығы да жоғарылайды. Әсіресе өрт, жол-көлік апаттары, пиротехникалық жарақаттар мен басқа да төтенше жағдайлар жиі орын алады. Осыған орай, мерекелік іс-шаралар кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау өте маңызды.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Қауіпсіздік шараларының ең маңыздысы өрт қауіпсіздігі. Жаңа жылды тойлау кезінде өрт қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс. Бұған Алматы қаласында 2020 жылдың желтоқсанында болған келеңсіз оқиғаны еске салсақ болады. Шыршаның жанында электр гирляндасының дұрыс қосылмауы салдарынан өрт шығып, елді әбгерге салған.

Әлеуметтік желілерде бұл жағдай қоғамның назарын аударып, пиротехникалық бұйымдардың да қауіптілігін арттыратынын көрсетті. Сондықтан шыршаны жылыту құралдарынан және ашық оттан алыс орнату қажет. Өрттің алдын алу үшін электр гирляндасын тек сапалы әрі сертификатталған өнімдермен қолдану маңызды. Жаңажылдық кеште отпашуларды қолдану да үлкен қауіп төндіреді. Мұндай бұйымдарды тек арнайы рұқсат етілген жерлерде пайдалану қажет. Алматының шет ауданында-

рында тұрғын үйлердің маңында отпашу кезінде бірнеше өрт пайда болып, үлкен шығын келген оқиғалар да жетерлік. Сондықтан отпашуды тұрғын үйлер мен жанғыш материалдардан алыс жерде жағу маңызды.

Жол-көлік қауіпсіздігі. Мерекелік іс-шаралар кезінде қоғамдық көлік қызметі көбінесе шектеулі болуы мүмкін, сондықтан жеке көлікпен жүрмеу немесе қоғамдық көлікпен саяхаттау қауіпсіздік шараларын сақтау тұрғысынан тиімді. Бірақ қаладағы жолдарда жаяу жүргіншілердің мерекелік көңіл күйде жол ережелерін сақтамауы да жиі кездеседі. Жаңа жыл қарсаңында Алматы қаласында көлік апаттары жиі орын алады, ол жаяу жүргіншінің жолды белгісіз жерден кесіп өтуі салдарынан жүргізуші тежеліп үлгермей, апатқа ұшырайтын болады. Қыс мезгілінде көлік жүргізушілердің мұқият болуы өте маңызды болып табылады.

Балалардың қауіпсіздігі мерекелерде ерекше назар аударылу керек. Бұл мерекеде балалардың отпашумен ойнауы салдарынан адам зақым келген оқиғаларда елімізде жетерлік. Бұл оқиға балаларды пиротехникалық өнімдерден аулақ ұстау керектігін тағы да еске салды. Балаларды қоғамдық орындарда, әсіресе, адам көп жиналатын жерлерде қадағалап жүру маңызды.

Тамақ және денсаулық қауіпсіздігі, мерекелік дастархан жайғанда тағамның сапасына ерекше көңіл бөлу қажет. Еліміздің мейрамханаларында жыл соңында азық-түлік дұрыс сақталмау салдарынан бірнеше адам тамақтан уланған оқиғаларды жиі естиміз. Тез бұзылатын тағамдарды ұзақ сақтамау және тағамның балғындығына назар аударылу қажет.

Қоғамдық орындардағы қауіпсіздік те мереке қарсаңында қадағалану керек жағдайлардың бірі. Халық көп жиналатын орындарда ұрлықтың алдын алу үшін бағалы заттарды қадағалап жүру қажет. Сондай-ақ, төтенше жағдай болғанда, мысалы, өрт немесе

электр сымдарының тұйықталуы кезінде сабырлы болу және қауіпсіз жерге шығу жолдарын алдын ала анықтап алған жөн. Және келесі назарда ұстайтын жағдай ол табиғи жағдайлардан сақтану. Жаңа жыл қарсаңында қарлы боран немесе аязда үйден шықпау туралы ескертуге болады. Қар көшкіні қауіп бар аймақтарда отпашуларды қолданбау қажет. 2019 жылы Талғар тауында қар көшкіні кезінде отпашулардың салдарынан апаттар болды, бұл пиротехниканы пайдалану кезінде табиғи факторларды ескеру қажеттігін көрсетті.

Жаңа жыл мерекесі – қуаныш пен көңіл күйдің уақыты, бірақ қауіпсіздік шараларын сақтау да аса маңызды. Өрт қауіпсіздігі, жол-көлік қауіпсіздігі, пиротехниканы пайдалану ережелері мен балалардың қауіпсіздігін сақтау, үйде орын алатын қауіпсіздіктерге де назар аудару әрқайсымыздың міндетіміз. Сондай-ақ, қоғамдық орындар мен табиғи жағдайларды ескеру қажет. Тек қана сақтық шараларын орындау арқылы ғана жаңа жылды қауіпсіз және қуанышты атап өтуге болады.

ҮМІТ ПЕН ҮРЕЙ:

Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жаза күшейтілді

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – Қазақстандағы ең өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі. Алматы қаласы елдің ірі мегаполисі ретінде бұл проблемадан тыс қалмаған. Халықтың тығыз орналасуы, әлеуметтік теңсіздік, құқықтық сауаттылықтың төмендігі тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларын жиілетеді. Сарапшылардың айтуынша, бұл мәселе тек құқықтық тұрғыда емес, қоғамдық және мәдени аспектіде де шешімді талап етеді.

Мәселенің мәнісі

2024 жылдың 15 сәуірінде қабылданған «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заң әйелдер мен балалардың құқығын қорғауды күшейтуге бағытталған маңызды қадам болды. Заң зорлық-зомбылықтың алдын алу және өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарды қорғау бойынша жүйелі тетіктерді қалыптастыруды көздейді. ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңына сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың төрт түрі анықталған. Біріншісі – күш қолдану зорлық-зомбылығы, яғни дене күшін қолданып, денсаулыққа қасақана зиян келтіру. Екіншісі – психологиялық зорлық-зомбылық, адамның психикасына әсер етіп, қорқыту, қорлау немесе бопсалау арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту. Үшіншісі – сексуалдық зорлық-зомбылық, адамның жыныстық тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін әрекеттер. Төртіншісі – экономикалық зорлық-зомбылық, адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен немесе қаражатынан айыру.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың негізгі себептеріне, көбіне әлеуметтік-экономикалық факторлар, яғни жұмыссыздық, кедейлік және қаржылық қиындықтар отбасындағы шиеленістерге әкеледі. Қоғамда әйелдердің рөлін төмендету немесе «отбасылық мәселелер сыртқа шығарылмауы керек» деген түсініктердің кең таралуы да теріс әсер етіп отыр. Онымен қоса, алкоголь және есірткі тұтынудың түбі түрлі кикілжіңге себеп болады. Көптеген зорлық-зомбылық оқиғалары мас күйінде жасалады. Құқықтық сауаттылық та төмен деңгейде. Кейбір жәбірленушілер өз құқықтарын білмейді немесе құқық қорғау органдарына сенімсіздік танытады.

Қалай күресеміз?

Алматы қаласында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін бірнеше шаралар жүзеге асырылуда. Мәселен, қалада «Тұрмыс», «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ», «Бақытты отбасы» сияқты түрлі акциялар өткізіледі. Бұл ретте 2024 жылдың алғашқы он айында 6200-ден астам қорғау нұсқамасы шығарылып, 105 агрессор психокоррекциялық бағдарламаларға жіберілген. «Жан-Сая» дағдарыс орталығы 2023 жылы 1980 адамға көмек көрсеткен. Қаладағы оқу орындары мен ұйымдарда 160 дәріс, тренингтер мен кездесулер өткізіліп, 1000-нан астам тұрғын қамтылған.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелерімен күресу үшін халық арасында құқықтық білім беру жұмыстарын күшейту қажет. Алматының әр ауданында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын арттырған жөн. Құқықтық кеңестер беретін және психологиялық қолдау көрсететін мобильді топтар ұйымдастыру да тиімді болар еді. Сондай-ақ, дағдарыс орталықтарының санын көбейтіп, олардың инфрақұрылымын жақсарту қажет. Қоғамдық ұйымдармен серіктесіп, еріктілер арқылы




Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты статистикалық мәліметтер (Қазақстан бойынша):

Жыл	Полицияға түскен шақыртулар саны	Тұрмыстық саладағы қылмыстық құқық бұзушылықтар саны
2020	179 096	1 071
2021	155 177	1022
2022	115 526	935
2023	99 026	923

көмек көрсету жүйесін дамыту маңызды. Жастар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алуға арналған білім беру бағдарламаларын енгізген жөн. Жоғары оқу орындарында отбасылық құндылықтарды насихаттайтын және агрессияны басқару әдістерін үйрететін тренингтер өткізу маңызды. Тіпті, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысы бар адамдарға арналған психологиялық көмек және қайта тәрбиелеу бағдарламаларын енгізу арқылы бұл мәселені түп-тамырынан шешуге ықпал етуге болады. Алматы қаласында «бір терезе» қағидаты бойынша арыз қабылдайтын арнайы орталықтар ашу ұсынылады. Өйткені, тұрмыстық зорлық-зомбылық – қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығына тікелей әсер ететін күрделі мәселе. Алматы қаласында бұл проблема әлеуметтік, құқықтық және мәдени деңгейлерде шешуді талап етеді. Мемлекет, қоғамдық ұйымдар және әр азамат бірлесе отырып қимылдағанда ғана бұл мәселенің ауқымын азайтуға мүмкіндік бар. Бұл ретте Алматы – елдің дамыған мегаполисі ғана емес, сонымен бірге, зорлық-зомбылыққа төзбеушіліктің үлгісін көрсететін қала болуға тиіс.

СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?

- Алматы қаласының Полиция департаментінің мәліметінше, 2024 жылдың алғашқы 10 айында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты 6800-ден астам құқық бұзушылық фактісі тіркелген.
- 2024 жылды әйелдерге қатысты 7705 қылмыс тіркелген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 8,1%-ға аз.
- Алматыдағы «Жан-Сая» дағдарыс орталығына 2024 жылы 150 әйел жіберілген. Олардың 45-і балаларымен бірге орталықты панаалады. Ал 9 әйел «Аналар үйі» баспанасынан қолдау тапты.
- Сонымен қатар, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторлар 776 әйелге консультациялық көмек көрсетті.
- 2024 жылы 105 агрессор психокоррекциялық курстарға жіберілді.
- Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша 160-тан астам кездесу, тренингтер мен дәрістер өткізілді. Бұл іс-шараларға 1000-нан астам қала тұрғыны қатысты.
- 2024 жылдың ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағаны үшін 720 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. 56 адам қылмыстық жауапқа тартылды.
- Алматыда 10-нан астам үкіметтік емес ұйым тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарымен жұмыс істейді.



Бұл мәліметтер тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес шараларының тиімділігін көрсетеді. Дегенмен, мәселенің толық шешілуі үшін құқықтық, әлеуметтік және мәдени деңгейлерде кешенді жұмыстар жүргізу қажет.

Дамыған елдерде бұл мәселе қалай шешілген?

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты шетелдік тәжірибе бұл мәселені кешенді түрде шешудің әртүрлі тәсілдерін көрсетеді. Дамыған елдерде зорлық-зомбылықпен күрестің тиімді тетіктері заңнамалық, әлеуметтік және психологиялық деңгейлерде жұмыс істейді. Мысалы, АҚШ-та 1994 жылы қабылданған Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес туралы заң (Violence Against Women Act) әйелдерді қорғау, құқық қорғау органдарының жауапкершілігін күшейту және дағдарыс орталықтарын қаржыландыруды қамтиды. Әрбір штатта тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаушыларға қатаң жазалар қарастырылған. Агрессорларға электронды білезік тағу арқылы олардың қозғалысын бақылау тәжірибесі бар. Онда ел бойынша 2000-нан астам дағдарыс орталығы жұмыс істейді. Ұлттық зорлық-зомбылыққа қарсы желі (National Domestic Violence Hotline) тәулік бойы қызмет көрсетеді. Психология-

лық түзету бағдарламалары арқылы агрессорлар қайта тәрбиеленеді. Әлеуметтік қызметтер зорлық-зомбылыққа бейім тұлғаларды алдын ала анықтау жұмыстарын жүргізеді. Тіпті, АҚШ-та тұрмыстық зорлық-зомбылық жәбірленушілері полициядан жедел қорғауды талап ете алады. Полиция зорлық-зомбылық болған жағдайда бірден қылмыстық іс қозғай алады.

Швецияда гендерлік теңдік саясатының жоғары деңгейде жүзеге асуы тұрмыстық зорлық-зомбылық деңгейінің төмен болуына ықпал етіп отыр. Қылмыстық кодексте зорлық-зомбылық құрбандарын қорғауға арналған ерекше бөлімдер бар. Зорлық-зомбылық құрбандары тегін құқықтық және психологиялық көмек алады. Дағдарыс орталықтары арнайы мемлекеттік бағдарламалар арқылы қаржыландырылады. Үкімет пен азаматтық ұйымдар зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділік қалыптастыру үшін ақпараттық науқандар жүргізеді.

Австралияда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін «Respectful Relationships» білім беру бағдарламалары мектептерде енгізілген. Зорлық-зомбылық құрбандарына қауіпсіздік құрылғылары, мысалы, жылдам көмек шақыруға арналған SOS қолданбалары ұсынылады. Сондай-ақ, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты істер жылдам қаралып, құрбандарға баспанамен, қаржылық көмекпен қамтамасыз ету міндетті түрде орындалады.

Ұлыбританияда 2014 жылы қабылданған «Coercive Control» заңы арқылы психологиялық зорлық-зомбылық жасағандар да жауапкершілікке тартылады. Онда қорғау нұсқамалары автоматты түрде беріледі, яғни полиция арыз күтпей-ақ алдын ала әрекет ете алады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған «Refuge» деп аталатын ұлттық орталық жұмыс істейді. Құрбандарға ұзақ мерзімді психологиялық және әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Жаңа Зеландияда бұл мәселе ұлттық қауіпсіздік деңгейінде қарастырылады. «Ерте ескерту» бағдарламасы арқылы полиция қауіпті үй жағдайларын бақылап отырады. Жергілікті қауымдастықтар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін белсенді рөл атқарады. Қоғамдық ұйымдар жәбірленушілерді қайта интеграциялау жұмыстарын жүргізеді.

Канаданың үкіметі тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу үшін жыл сайын миллиондаған доллар бөліп, жәбірленушілерді қолдауға бағытталған бағдарламаларды қаржыландырады. 24/7 режимінде жұмыс іс-

тейтін дағдарыс орталықтары ел бойынша кеңінен таралған. Канаданың ерекше тәжірибесі – зорлық-зомбылыққа бейім ер адамдармен жұмыс істеуге арналған арнайы бағдарламалар бар. Жалпы, дамыған елдерде тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі ұлттық деңгейде қарастырылады. Құрбандарға психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмек көрсетудің кешенді жүйесі қалыптасқан. Жастарды отбасылық қарым-қатынасқа тәрбиелеу мақсатында арнайы білім беру бағдарламалары енгізілген. Зорлық-зомбылыққа қарсы нөлдік төзімділік саясаты жүзеге асырылуда. Алматы қаласы, жалпы Қазақстан үшін бұл тәжірибелер тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы шараларды күшейту және құрбандарға көрсетілетін көмек сапасын жақсарту тұрғысынан пайдалы болуы мүмкін.

Қалай десек те, Алматы қаласында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оны жою бағытында бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. Дегенмен, мәселенің толық шешілуі үшін құқықтық, әлеуметтік және мәдени деңгейлерде кешенді жұмыстар жүргізу қажет. Мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар және азаматтық қоғамның бірлескен әрекеті арқылы ғана тұрмыстық зорлық-зомбылықты азайтуға және оның салдарын жоюға қол жеткізуге болады.

С.АНАРБАЙҰЛЫ.



ҚОЗҒАЛЫС ТӘРТІБІ

Алматы қаласында қыс мезгілінде қала көшелеріндегі көлік қозғалысы күрделене түседі. Көліктер санының көптігі, жолдардың қалың қар мен мұздан тайғақ болуы және жүргізушілердің жол қауіпсіздігін елемей жол-көлік апаттарының артуына себеп болады. Бүгінгі тақырыпта біз жол апаттарының негізгі себептеріне, олардың әлеуметтік-экономикалық салдарына және алдын алу шараларына тоқталатын боламыз.



ҚЫСҚЫ АЛМАТЫ:

жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды



Серік
ЖҰМАБАЕВ

НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕР

Қыс мезгілі Алматы қаласы үшін ерекше сынақ кезеңі. Шаһардың тауға жақын орналасуы, қар мен мұздың жиі түсуі, ауа райының құбылмалылығы жол қозғалысын қиындатып, апаттардың көбеюіне әкеледі. Оның үстіне, Алматының күрделі географиялық орналасуы (беткейлер, биік жерлер, бірден төмен түсіп кету) көлік басқаруды қиындатады. Күтпеген ауа райы өзгерістері жол қозғалысын қауіпті етеді. Кейде жолдардың уақытылы тазаланбауы немесе мұзға қарсы реагенттердің жеткілікті қолданылмауы жағдайды ушықтырады.

Оның үстіне, көптеген көлік иелері қыс мезгіліне тиісті деңгейде дайындалмайды. Қысқы дөңгелектерді уақытында алмастыру, тежегіш жүйелерін тексеру сияқты қажетті шараларды елемей жиі апатқа әкеліп соқтырады. Жылдамдықты арттыру, жол қозғалысы ережелерін бұзу, арақашықтықты сақтамау сияқты факторлар қыс кезінде апаттардың негізгі себебі болып табылады. Сондай-ақ, алкоголь және есірткі пайдаланған жүргізушілер апаттар санының артуына әсер етеді. Алматы көшелерінде жол таңбаларының көрінбеуі, кейбір аймақтарда жарықтандырудың жеткіліксіздігі, тайғақ учаскелердің ескерілмеуі апат қаупін күшейтеді.

Жол-көлік апаттары көбіне адам өліміне және жарақаттануға әкеліп соғады. Алматыда қыс мезгілінде ауруханаларға түсетін жол апатынан зардап шеккендердің саны айтарлықтай артады. Бұл тек зардап шеккендер үшін емес, олардың отбасылары үшін де үлкен қиындықтар туғызады. Онымен қоса, апаттан зардап шеккен көліктерді жөндеу және қалпына келтіру қомақты қаржылық шығындарды талап етеді. Ауруханалардағы медициналық көмек те, жолдарды қалпына келтіру жұмыстары да бюджетке қосымша жүк түсіреді. Сонымен бірге, апат салдарынан жол кептелістері күшейіп, жұмыс өнімділігінің төмендеуіне және уақыт шығынына әкеледі.

НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Жергілікті билік қыс мезгілінде қар тазалау мен мұзға қарсы өңдеу жұмыстарын жасап жатады. Жолдарды уақытылы тазалау көліктердің қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етеді. Бұл ретте тайғақ жерлерде арнайы ескерту белгілерін орнату, қиылыстар мен өткелдерді қосымша жарықтандыру қажет. Сондай-ақ, жол таңбаларын жаңарту жұмыстарын жүргізген жөн. Жүргізушілер арасында қысқы жол ережелері бойынша арнайы тренингтер өткізу және ақпараттық науқандар ұйымдастыру маңызды. Әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы жолдағы қауіпсіздік шараларын түсіндіру тиімді әдіс болып табылады.

Жылдамдықты асыру, арақашықтықты сақтамау сияқты ережелерді бұзғаны үшін салынатын айыппұлдар жылдан-жылға артып келеді. Сонымен қатар, алкогольдік ішімдікке мас жүргізушілерге қатысты қылмыстық жауапкершілік те күшейтілген.

Бұл – дұрыс-ақ. Алайда, Алматы көшелерінде бейнебақылау жүйелерін көбейту, жылдамдықты өлшейтін автоматты құрылғыларды орнату аса қажет. Бұл жол қозғалысы тәртібін жақсартады. Сондай-ақ, онлайн қосымшалар арқылы жүргізушілерге нақты уақыттағы жол жағдайын хабарлап отырған жөн.

Бұл ретте қалалық билік пен қоғам бірлесе отырып, қыс мезгіліндегі жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге атсалысуы қажет. Қоғамдық ұйымдар, еріктілер және кәсіпкерлермен бірлесе отырып, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды. Мектеп оқушыларынан бастап, ересек азаматтарға дейін жол қозғалысы ережелері туралы сабақтар ұйымдастыру қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырады.

Алматы қаласындағы жол-көлік оқиғаларының статистикасы бұл мәселенің өзектілігін көрсетеді. Қыс мезгілінде көлік қозғалысының қауіпсіздігін арттыру үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Бұл тек жол инфрақұрылымын жақсартумен ғана шектелмей, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің жауапкершілігін арттыруды да қамтиды.

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Қыс мезгіліндегі жол апаттарының азайту бойынша дамыған елдерде қолданылатын тәжірибелер көптеген бағыттарды қамти-

ды. Шет елдерде тиімді инфрақұрылымдық шешімдерді, жүргізушілерді оқыту бағдарламаларын және заманауи технологияларды қолданады. Мысалы,

ЖОЛ АПАТТАРЫНЫҢ
ЖАЛПЫ СТАТИСТИКАСЫ

- Қазақстан бойынша: Алматы қаласы жол апаттарының саны жағынан бірінші орында, одан кейінгі орында Астана және Шымкент қалалары.
- 2023 жылы Алматы қаласында 15 800 жол-көлік апаты тіркелді. Бұл Қазақстан бойынша тіркелген апаттардың шамамен 20%-ын құрайды. Жол апаттарының 35%-ы қыс айларында (желтоқсан, қаңтар, ақпан) орын алады.
- 2023 жылы қысқы кезеңде Алматыда 800-ден астам жол апатынан 120 адам қаза тапты, ал 1500-ге жуық адам түрлі деңгейде жарақат алды.
- Ең қауіпті күндер: Жұма және сенбі күндері, апаттар саны 20%-ға артады. Ең қауіпті уақыт: Кешкі уақыт (18.00-20.00). Бұл уақытта апаттардың 30%-ы тіркеледі.
- 2023 жылы қыс мезгілінде 1200-ге жуық жүргізуші бағдарламалық елемегені үшін айыппұл арқалады.
- Қыс мезгілінде Алматыда күніне шамамен, 10 000 тонна қар тазаланады.
- 2023 жылы қысқы кезеңде Алматы жолдарына 50 000 тонна құм мен тұз қоспасы себілген.

Алматы қаласындағы жол апаттарының негізгі себептері

Қысқы дөңгелектердің болмауы


Мас күйде көлік жүргізу

Жолдың тайғақтығы

Жүргізушілердің қателігі

Жылдамдықты асыру

Жол апаттары ең көп тіркелген аудандар



Швецияда жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «Vision Zero» бағдарламасы енгізілген. Бұл бағдарлама апаттардың мүлдем болмауын мақсат етеді. Қала жолдары қауіпсіз қозғалысқа арналған, жылдамдық шектеулері қыс мезгілінде қосымша бақыланады.

Швецияда мұзды ерітетін арнайы экологиялық реагенттер қолданылады. Жолдардың жағдайын үнемі бақылауда ұстайтын арнайы датчиктер орнатылған. Онда қысқы дөңгелектерді міндетті қолдану заңнамалық деңгейде бекітілген. Осының нәтижесінде Швецияда жол-көлік оқиғаларының саны жыл сайын 20%-ға дейін төмендеп отыр.

Финляндияда қыста қар мен мұзды дер кезінде тазалау жүйесі жақсы жолға қойылған. Қар тазалау жұмыстары GPS технологиялары арқылы басқарылады. Арнайы техника қарды жинап, жылдамдықпен қала сыртына шығарады. Жолдарға себілетін құм мен тұздың мөлшері ауа райының нақты жағдайына байланысты автоматты түрде реттеледі. Нәтижесінде Финляндияда жол апаттарының саны қыс мезгілінде айтарлықтай аз.

Норвегияда қысқы қауіпсіздік ережелері ерекше қатаң бақыланады. Дөңгелектердің қыстық түрін қолдану ғана емес, олардың сапасы да тексеріледі. Қыс басталар алдында жүргізушілерге арнайы тренингтер мен қауіпсіздік ережелерін еске салу науқандары ұйымдастырылады. Норвегия жолдарында қысқы апаттардың көрсеткіші жылына 10%-дан аспайды.

Жапония жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін заманауи технологияларды кеңінен қолданады. Қар тазалауға арналған роботтар мен автоматты машиналар қолданылады. Жолдарда тайғақтықты азайту үшін қыздыру жүйелері орнатылған. Мұндай жүйелер жолдың тайғақтығын болдырмайды.

АҚШ-тың кейбір штаттары (мысалы, Колорадо, Аляска) қысқы жол қауіпсіздігіне ерекше назар аударады. Кейбір трассаларға температура мен жол жағдайын бақылайтын сенсорлар орнатылған. Бұл ақпарат жол қозғалысын реттеуге көмектеседі. Қысқы жағдайларға көлік жүргізу ережелері мектептен бастап үйретіледі. Онда мас күйінде көлік жүргізгендерге немесе қысқы дөңгелектерді қолданбағандарға қатаң айыппұлдар салынады.

● ТҮЙІН:

Алматы қаласындағы қысқы жол апаттары – қала билігі, құқық қорғау органдары және азаматтардың бірлесіп шешуі тиіс кешенді мәселе. Жол инфрақұрылымын жетілдіру, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің тәртібін жақсарту, жаңа технологияларды енгізу және профилактикалық шаралар жол қауіпсіздігін арттырып, қайғылы жағдайлардың алдын алады.

Қыс мезгіліндегі жол қозғалысы – бұл тек жүргізушілердің ғана емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігі. Бірлесіп жұмыс істей отырып, қала көшелерін қауіпсіз етудің тиімді жолдарын табуға болады. Бұл тек қалалықтардың қауіпсіздігі үшін емес, жалпы ел экономикасы мен қоғамның тұрақтылығы үшін маңызды. Тек осылай ғана Алматы көшелерін қауіпсіз ете аламыз.

СЕМИНАР-ТРЕНИНГ

Алматы қаласының цифрландыру саласындағы маңызды бастамаларының бірі – білім беру мекемелерінде цифрлық сауаттылықты дамыту. Осы бағытта жаңадан ашылған №97 мектеп-гимназиясы алғашқы қадамдардың бірін жасады. «ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Алматы қаласы бойынша филиалы бұл мектепте мұғалімдерге арналған «Команда құру және цифрлық сауаттылық бойынша кәсіби дағдыларды дамыту» атты семинар-тренинг өткізді. Семинар қаланың цифрландыру саясатының білім саласындағы нақты жүзеге асырылуын көрсетеді.

ЦИФРЛЫҚ
САУАТТЫЛЫҚ

Алматы қаласы әкімдігінің цифрландыру басқармасы білім беру жүйесінде технологияларды кеңінен қолдануды қолдайды. Семинар барысында мұғалімдер цифрлық құралдарды пайдалану, оқыту процесінде қауіпсіздікті сақтау және деректермен жұмыс істеу бойынша маңызды дағдыларды меңгерді. Бұл бағыттағы жұмыстың басты мақсаты – мектеп ұжымдарын цифрлық трансформацияға бейімдеп, оқушылардың қауіпсіз және тиімді білім алуына жағдай жасау.

Алматы қаласының «Жайлы мектеп» бағдарламасы цифрлық технологияларды енгізу арқылы оқу-тәрбие процесін жетілдіруге бағытталған. №97 мектеп-гимназиясы бұл бағытта пилоттық алаң ретінде таңдалып, мұғалімдерге цифрлық сауаттылық негіздерін үйрету және тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді. Семинар барысында ұжым мүшелері «Цифрлық платформаларды қолдану», «Оқушы деректерінің құпиялығын сақтау», «Киберқауіпсіздік шараларын енгізу» сияқты маңызды аспектілерді талқылады.

Алматының цифрландыру саясаты білім беру жүйесінде тек технологиялық ілгерілеуді ғана емес, сонымен қатар оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздейді. Семинарда мұғалімдер Оқушыларды интернеттегі қауіптерден қорғау, Цифрлық құралдар арқылы оқушылардың әрекетін бақылау, Әлеуметтік желілерде және басқа да платформаларда қауіпсіздікті сақтау бойынша тәжірибе жинақтады.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

IT FEST

ИННОВАЦИЯЛАР АЛАҢЫ

Алматыда еліміздегі ең ірі технологиялық іс-шаралар жиыны өтті. Бұл ерекше фестиваль цифрлық инновациялар мен технологиялар әлемін біріктіріп, дарынды жастарға, IT саласының мамандарына және кәсіпкерлерге жаңа мүмкіндіктер ұсынды.


Жиынға белгілі өнертапқыштар, оқытушы-профессорлар, бағдарламашы, өнерпаз, жаңа технологияның тілін игергендер, әртүрлі санаттағы жастар және т.б. қатысты.

IT Fest алғаш рет 2011 жылы 396 қатысушымен бастау алып, жыл сайын өсіп, дамып келеді. Әр жылда фестиваль жаңа мүмкіндіктер мен жетістіктер әкелді. 2023 жылы Астана қаласында алғаш рет өткізіліп, 2500-ден астам қатысушының басын қосты. Пандемия кезінде фестиваль онлайн және гибриді форматта өткізілді, бұл оның өзгермелі жағдайларға бейімделе алатынын көрсетті. Бұған дейін фестиваль Қызылорда сияқты өңірлерде де сәтті ұйымдастырылған болатын.

Қоғам
үшін маңызды

IT Fest-тің басты ұйымдастырушысы – «NNEF» қоғамдық қоры, ол Қазақстанның инновациялық экожүйесін дамытуға үлес қосып жүрген белсенді ұйым. «NNEF» қоғамдық қоры 1998 жылы Қазақстанда мемлекеттік тіркеуден өткен және өзінің қызметін инновациялық және білім беру салаларында бастаған ұйым. Көр еліміздің цифрлық трансформациясына ықпал етіп, Қазақстанның жоғары білім саласында маңызды рөл атқарды.

Сонымен қатар, іс-шараны ұйымдастыруға Astana IT университеті, Қазақстан–Британ техникалық университеті, Халықаралық бизнес университеті және Ғұмарбек Дәукесев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті үлкен қолдау білдірді. Бұл ынтымақтастық IT Fest-тің елдің технологиялық әлеуетін арттырудағы маңыздылығын көрсетті.



– Біз Алматыда робототехниканың мүмкіндігін, оның болашаққа тигізер пайдасын көрсеткіміз келді. Бұл арқылы адам күшімен жасалатын жұмыстарды роботқа жүктемеңіз. Егер біздің ойымыз жүзеге асып, жасап жатқан қондырғымыз айналысқа түсетін болса, көп пайдасын береді. Әрине, робот ол – компьютерленген қондырғы. Бұл электронды смарт құрылғы адамның сезімін, ойлау қабілетін бойына сіңіріп, шығармашылықпен айналыса алмас. Мүмкін, ондай робот ойлап табылса, онда адам атқаратын істер шектеледі, – деді өнертапқыш Құмар Ақылбеков.

Қауіп қайдан?

XXI ғасыр – ғылым мен технологияның дәуірі. Бәрі қарбалас, бәрі асығыс, тез даму керек болып тұр. Әсіресе, жаһандану процесі жылдам жүріп жатыр. Бұған тікелей әсер етуші фактор – интернет.

Дүние жүзі ғалымдары, белгілі азаматтар, өнертапқыштар бірнеше қауіп-қатердің алдын алуды көздейді. Дәлірек, интернет қауіпсіздік, жасанды интеллекттен келетін қауіпсіздік, сондай-ақ смартфондар төндіретін ультракүлгін заттардан сақтану жолдары қарастырылып жатыр.

– Бұл жас талантасқа өзін көрсетуге мүмкіндік беретін фестиваль. Бұл фестивальге БАҚ өкілдері, түрлі компаниялар келеді, талантты қыз-жігіттердің еңбегін

іріктеп алып, қолдау білдіреді. Бұндай жас өрендері қолдап, дежушілік жасау, болашақтың іргесін қалаумен бірдей, – деді ХАТУ Медиакоммуникация және Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры Айгүл Асқарбекқызы.

Биыл Алматыда бірқатар сала мамандары осы тақырыпты талқылап, әртүрлі жарыстар ұйымдастырып, мықты жобаларды анықтап, қолдау білдірді. Бірақ бір нәрсені мықтап ескеру қажет: адамның мүмкіндігін роботтан кем санау дұрыс емес. Бұл белгілі қоғам белсенділерінің айтқан тұжырымы.

– Бұл жиынның мақсаты – жаңа технологияның жетістіктерін, жастардың мүмкіндіктерін, өнерпаздардың өнерін қоғамға көрсетіп, игі жетістіктерді таныстыру. Соның нәтижесінде жасанды интеллект күнделікті тіршілікке кеңінен енетін түрі бар.

Ең негізгі мүдде робот адамды емес, адам жасанды интеллектіні басқаратын жағдайда болсын. Сонда ғана бұл ғалам барлық технократиялық қауіптің алдын ала алады. Әйтпесе, робот адамның басқарылуынан шығып кетсе, дүние күйрейді. Сонымен бұл өмірде адам өмірі, оның қауіпсіздігі, еркін ғұмыр кешуі бәрінен маңызды деп білеміз, – деді кино және видео секциясы Әділқазылар алқасының мүшесі, саясаттанушы Олжас Жолдыбаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САУАЛНАМА

АУЛА ҚАУІПСІЗДІГІ

отбасы мен тұрғындардың жайлылығы үшін маңызды

Қауіпсіздік мәселесі – қала тұрғындарының өмірінде маңызды орын алатын факторлардың бірі. Әсіресе, көпқабатты үйлердің аулалары барлық жастағы тұрғындар үшін тынығатын, балалардың ойнайтын және көршілердің араласатын орны болғандықтан, мұндағы жағдайға ерекше мән берілуі тиіс. Қала билігі тұрғындардың қауіпсіздігін, нақтырақ айтқанда, аула қауіпсіздігін арттыру мақсатында көптеген шаруа атқарды. Байқасаңыз, қазіргі көпқабатты тұрғын үйлердің аулалары заман талабына сай жабдықтармен мейлінше қамтылған. Бұрнағы күні біз осы мәселеге орай, Алматы қаласының Алатау ауданының тұрғындарымен тілдесіп, олардың өз аулаларына деген пікірлерін білдік.

жабдықталған. Бейнекамералар орнатылған. Егер қандай да бір оқыс жағдай орын ала қалса, оның қалай болғанын көруге мүмкіндіктер жоғары. Бұл біз үшін өте ыңғайлы және қажет деп ойлаймын. Ауламыздың тазалығы да жақсы деңгейде. Көршілеріміздің бәрі бір-бірін құрметтейді және үнемі аула тәртібіне үлес қосады. Тіпті, қажет кезде ортақ шаралар ұйымдастырылып, ауланы реттеу жұмыстары болса бірге атсалысамыз. Бұл жағдайдың барлығы ауламызды жайлы әрі қауіпсіз етеді.

Қанат ҚУАНЫШ, 28 жаста:

Жақында
шлагбаум орнатылды

отбасылар үшін маңызды. Сонымен қатар, аулада бейнебақылау жүйесінің көптігі тұрғындар үшін ғана емес, аулаға кіретін адамдар үшін де тәртіп сақтауға ықпал ететіні айқын. Аула қауіпсіздігіне орай балалардың еркін ойнауы, ересектердің демалуы және сонымен қатар автокөліктердің де

Аула қауіпсіздігі барлық тұрғындар үшін маңызды деп ойлаймын. Күн өткен сайын жаңартулар енгізіліп, ауланың тыныштығын бақылау шаралары көбеюде. Біздің аулаға жақында шлагбаум орнатылды. Бұл өте дұрыс шешімдердің бірі болды. Неге десеңіз, бұрын көліктер ауламызды еркін кесіп өтетін, кейде балаларға қауіп төндіретін жағдайлар да болып тұратын. Енді бөтен көліктер кіре алмайды. Бұл, әсіресе, балалары бар

қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жатқан қала билігі мен аудан әкімшілігіне ризамыз.

Жансая ТОЛҚЫНБАЕВА, 18 жаста:

Әзірге шағым жоқ



болғандықтан ешқандай да шағым әзірге жоқ деп ойлаймын. Тіпті, ойын алаңдары да жаңа екенін және толықтай қауіпсіздік шаралары сақталғанын көрсетіп тұр.

P.S.: Аула аумағында жарықтың жеткілікті болуы – түнгі уақытта қауіпсіздіктің басты шарттарының бірі. Біз аралаған аудандағы аулаларда энергия үнемдейтін шамдар көп екен. Балалар ойнайтын жерлердің техникалық қауіпсіздік талаптарына сай болуын, металл конструкциялар мен жабдықтардың беріктігін тексергенде де көңілімізден шықты. Көпшілікпен тілдесу барысында Алатау ауданының тұрғындарының өз аулаларына көңілдері толатынын білдік. Мұндай көрініс қаламыздың басқа аудандарына да үлгі боларлықтай. Жалпы, ауланың қауіпсіздігі тек әкімдік немесе коммуналдық қызметтердің жұмысына ғана байланысты емес, тұрғындардың өздеріне де байланысты екенін анық байқадық.

Сауалнаманы жүргізген
Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Аружан БЕКТЕЛЕУОВА, 25 жаста:

Аула тәртібіне
үлес қосамыз

Менің кішкентай балам бар, сондықтан ауланың қауіпсіздігі мен үшін бірінші орында. Біздің аулада балалар ойын алаңдары барынша қауіпсіз етіп



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

МӘМС

БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ

Табаны қисық біткен балдырған өзіне жасалған күрделі отаны сәтті еңсерді

Алматы қаласында «Милосердие» қорының шеберлік сабағы аясында және жоба серіктестері жүзеге асыратын әлеуметтік бастамалардың қолдауымен қазақстандық және ресейлік хирургтар күрделі ота жасады. Бұл ота екі жасар қыз балаға ауыртпалықсыз, толыққанды өмір сүру мүмкіндігін сыйлады.



қозғалу мүмкіндігін береді», – деді қазақстандық хирург Ұлжан Сұлтанбекова.

Сәтті өткен хирургиялық оталар халықаралық ынтымақтастықтың арқасында жүзеге асты. Операцияларды орындауда медицина ғылымдарының докторы Максим Вавилов пен қол хирургиясы және жүйке тіңдерін калпына келтіру бойынша маман Тимур Торноның рөлі ерекше болды.

Максим Вавилов осындай бастамалардың маңыздылығын атап өтіп, шеберлік сабақтарының аймақтағы медициналық көмектің деңгейін арттырудағы тиімділігіне тоқталды. «Бұл тек балаларға көмек көрсетудің бірегей мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар жергілікті мамандарға тәжірибе берудің маңызды жолы», – деп атап өтті.

Шеберлік сабағының бағдарламасына отандық 16 маман қатысып, микрохирургияның заманауи әдістерін үйренді. Іс-шара «Милосердие» қорының, Алматы қаласындағы №2 балалар клиникалық ауруханасы әкімшілігінің және «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қолдауымен жүзеге асырылды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат РАБАНДИЯРОВ,
№2 балалар клиникалық
ауруханасының директоры:

ЕШБІР БАЛА
АУЫРМАСЫН

Біздің ауруханамызда осындай шеберлік сабақтарының өткізілуі үлкен мақтаныш екенін жасырмаймын. Бұл тек балалардың өмірін құтқару ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның медициналық мектебінің дамуына қосылған үлес деп бағалаймын. Бірлескен күш-жігерімізбен әр балаға толыққанды болашаққа мүмкіндік бере аламыз. Сондай-ақ, бұл шеберлік сабақтары медициналық қауымдастықтың, қайырымдылық ұйымдарының және әлеуметтік серіктестердің бірлескен күш-жігері балалардың өмірін қалай өзгерте алатынының жарқын мысалы. Біздің бірлескен күшіміз ауыр диагнозы бар балаға денсаулық пен ауыртпалықсыз өмір сүру мүмкіндігін сыйлайды. Барлық бала бақытты болуға лайықты. Ешбір балдырған ауырма-сын.

Тәжіктердің де
бізден үйренері бар

Құрамында перзентханалардың акушерлері, гинекологтары мен бас дәрігерлері бар Тәжікстан делегациясы жүкті әйелдерге, босанған аналарға және жаңа туған нәрестелерге медициналық көмек көрсету саласындағы қазақстандық мамандардың озық тәжірибесімен танысты.

Алматыға, Түркістанға, Шымкентке сапар барысында шетелдік мамандар амбулаториялық және стационарлық деңгейде медициналық көмек көрсету тәртібін зерделеп, босандыру ұйымдарының біліктілігі мен техникалық жарақтану деңгейін бағалады. Әсіресе, медицинасы жаһандық деңгейге жетіп қалған біздің Алматының денсаулық сақтау саласындағы заманауи жетістіктерге қызығушылық танытты.

МСАК деңгейінде медициналық көмекті ұйымдастыру қағидаты, жүкті әйелдердің бағыты, учаскелерде патронаждық бақылау, ақпараттық жүйелерде тіркелім жүргізу делегацияның ерекше қызығушылығын тудырды.

Сапарды қорытындылаған Тәжікстан өкілдері өз елінің денсаулық сақтау жүйесінде енгізілген әдістемелерді қолдану мақсатында ҚР ҚМ базасында босандыру саласында, олардың мамандарын – акушер-гинекологтарды, неонатологтарды және генетиктерді оқыту бөлігінде ынтымақтастықты ұсынды.

ДӘРІГЕР БАҒАНЫ

ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗДЫ КҮТІҢІЗ

Кардиолог-дәрігердің кеңесіне құлақ түрсек

Ағзаның барлық мүшесі мен жүйелерінің жағдайы жүрек пен қан тамырларының жұмысына байланысты. ДДҰ-ның мәліметтеріне сүйенсек, әлемдегі өлімнің негізгі себептері көбіне жүрек-қан тамырлары ауруларынан болады екен. Бірақ адамдар кардиологқа уақытында жазылып, қаралып жүретін болса, аман-сау жүруге болады дейді №16 Алматы қалалық емханасының кардиологы Земфира Мусаева.

Кеудедегі ауырсыну

Бұл – жүректе бірдеңе дұрыс болмаған кезде біздің денеміз жіберетін дабыл. Ол әртүрлі болуы мүмкін: қысым, қысу, жану. Көбінесе ауырсыну сол қолға, арқаға немесе мойынға таралады. «Мұндай сезімдер жаттығу кезінде немесе тыныш жатқан кезде пайда болса қауіпті. Бұл инфарктың белгісі болуы мүмкін – шұғыл көмекті қажет ететін жағдай», – дейді дәрігер.

Ентігу

Ауаның жетіспеушілігін сезіну, тіпті аз физикалық күш жұмсау кезінде де ауа жетіспесе дабыл қағу керек. Егер ентігу сіздің тұрақты серігіңізге айналса, бұл жүрек жеткіліксіздігін көрсетуі мүмкін. Бұл симптомды елемеуге болмайды, өйткені ол ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Жоғары қысым

Бұл – әрқашан қауіпті симптом. Қан қысымы жоғары адамдарда инфаркт, инсульт және бүйрек

жеткіліксіздігінің даму қаупі әлдеқайда жоғары.

«Қысымның жоғары көрсеткіштерінде өзіңізді жақсы сезінсеңіз де, тексерілу және терапияны сәйкес бастау үшін дәрігерге қаралыңыз. Осылайша болашақта сіз өзіңізді жүрек-қан тамырлары апатынан қорғайсыз», – деп атап өтті З.Мусаева.

Жни шаршау

Бәріміз де шаршаймыз. Бірақ шаршау сезімі демалу сәттеріне де қарамастан созылмалы болып кетсе, бұл дабыл қағарлық жағдай. Денені үнемі әлсіздік басып тұру жүректің ағзаны жеткілікті қан және оттегімен қамтамасыз ету міндетін орындамауымен байланысты болуы мүмкін. Бұл симптом жиі байқалмайды, бірақ бұл күрделі мәселелердің басталуын көрсетуі мүмкін.

Ісіну

Бұл көптеген адам үшін күтпеген жағдай болады, бірақ аяқтың ісінуі жүрек жеткіліксіздігінің

көрінісі болуы мүмкін. Маманның айтуынша, егер аяқ симметриялы түрде ісіне, яғни бірдей болса, ісіну консистенциясы тығыз және кешке қарай күшейсе, олардың деңгейі біртіндеп артса, дереу кардиологтың алдынан табылған жөн.

Бас айналу және естен тану

Бұл да жүректің дұрыс жұмыс істемейтіндігінің айқын белгісі. Олар жүрек ырғағының бұзылуынан немесе қан қысымының төмендеуінен туындауы мүмкін. Бұл белгілерге уақытында назар аудару және медициналық тексеруден өту маңызды.

Ырғақтың бұзылуы

«Біздің жүрегіміз әдетте біз байқамайтын белгілі ырғақта жұмыс істейді. Бірақ ол себепсіз жоғала бастаса, жиілей немесе баяулай бастаса, бұл аритмияның белгісі болуы мүмкін. Мұндай жағдайда да дереу дабыл қаққан дұрыс», – дейді дәрігер.

ТҮЙІН:

Егер сіз өз бойыңыздан, көңіл күйіңізден осы айтылған белгілердің біреуін немесе бірнешеуін байқаған болсаңыз, дәрігерге баруды кейінге қалдырмаңыз. Кез келген ауруды ерте сатысында анықтау және уақытылы емдеу адам өмірін құтқарып қалады және өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсартады. Өйткені, жүрек – ағзамыздың генераторы.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

«ЗЕРГЕРЛІК» ОТА

Алматының нейрохирургтары мидағы ісікті алып тастау күрделі операциясын ойдағыдай жасап шықты

№7 қалалық клиникалық ауруханасының нейрохирургтары 49 жастағы алматылық әйелдің миындағы көлемді ісікті алып тастау үшін, Keyhole-қолжетімділігін пайдалана отырып, сирек жасалатын операцияны сәтті өткерді.

Әйелді біраз уақыттан бері бас ауруы мазалап келген. Ауруы күннен-күнге күшейе түскен. Көру қабілеті де нашарлай бастайды. Бастапқыда сол көзі, одан оң жақ көздің жанары әлсірейді. Бас миына жасалған магнитті-резонанстық томография алдыңғы бас сүйегінің шұңқырында көлемді ісіктің барын анықтады және пациентке нейрохирургке қаралуға кеңес берілді.

Қосымша жасалған контрасты МРТ зерттеуі ісіктің шекаралары мен өлшемдерін, сондай-ақ оның орналасуын – оң жақ маңдай бөлігі мен жарты шардың арасында, бас сүйегінің түбінен өсуін дәл анықтап берді. Консилиумнан кейін «жетіншінің» дәрігерлері, «keyhole» әдісін қолдана отырып операция жасауға шешім қабылдады. Бұл – қастың үстіңгі жағындағы бас сүйек қуысына аздап тілік жасау арқылы аз инвазивті ота. Осы жоғары дәлдікті қамтамасыз ететін техниканы қолдану арқылы операция жасаған нейрохирургтар ісікті локализациялау, оған қол жеткізу және шектеулі кеңістікте манипуляцияларды орындау қиындықтарына қарамастан, араласудың жарақаттануын азайта отырып, ісікті толығымен, түбегейлі алып тастады. Айта

кету керек, бұл микрохирургиялық әдіс нейрохирургтің зергердей шеберлігін және дәлдікті талап етеді.

«Бұл жағдайда біз бас сүйек түбіндегі ісікке жету үшін маңдай бөлігін көтеріп, бүйірлік кіру арқылы операция жасадық. «Keyhole» әдісінің артықшылығы: жоғары дәлдік. Жарақаттанудың аздығы. Тез оңалу мүмкіндігі. Хирургиялық араласудың көлемінің аздығы сауығу және қалпына келтіру мерзімдерін қысқартуға мүмкіндік береді», – дейді №7 қалалық клиникалық аурухананың №4 нейрохирургиялық бөлімшесінің дәрігер-нейрохирургі Берік Исатаев.

Айта кетейік, операция міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде жүргізілді.

«Біздің аурухана жағдайында осындай микрохирургиялық операциялар жасауға болады. Сонымен қатар, мұндай операциялар жоғары біліктілік пен мамандардың тәжірибесін талап етеді. Өйткені, ісікті кішігірім тілік арқылы алып тастау – күрделі және дәлдікті қажет ететін зергерлік жұмыс», – деп атап өтті профессор Ермек Дүйсембеков.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕБА.



КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!

БАҚЫТ
ҚҰШАҒЫНДА

11 жүктілігі сәтсіз болса да,
үмітін үзбеген 44 жастағы
әйел тұңғыш рет
ана атанды

Алматының №2 қалалық перинаталдық орталығына жүктіліктің 15-ші аптасында түсік тастау қаупі бар 44 жастағы әйел жеткізілді. Ол бұған дейін 11 мәрте құрсақ көтерген, бірақ бәрі де сәтсіз аяқталған. Ал екі ЭКО жасатқанда, соңғысында жүктіліктің бесінші айында бала іште қатып қалған. Енді бұл әйел үшін ана болудың соңғы мүмкіндігі еді.

«Біз консилиум өткізіп, науқасты гематологқа жібердік. Ол бұрын диагноз қойылмаған «антифосфолипидтік синдромды» анықтады. Ол жүктіліктің үзілуіне себеп болды. Біз асқинулардың алдын алуға көмектесетін емдеуді бастадық», – деді №2 қалалық перинаталдық орталықтың директоры Светлана Рахимова.

Жүктілік кезінде әйел орталық дәрігерлерінің жіті бақылауында жеті рет болды. Мамандардың күш-жігерінің арқасында жүктілікті 34-ші аптаға дейін жеткізуге мүмкіндік болады. Осы уақыт ішінде пациент негізгі диагнозы бойынша ем қабылдады, сонымен қатар 180 мм сынап бағанасына жеткен жоғары қысымды бақылауға бағытталған терапия алды. Сондай-ақ, әйелде ауыр преэклампсия болды.

«34-ші аптада біз әйелді аман-есен босандырып алдық, көптен зарығып күткен сәби дүниеге келді. Салмағы 2700 грамм. Қазір біз ананы баламен бірге үйіне шығардық, оларда бәрі жақсы», – дейді Светлана Рахимова.

Бір балаға зар болған осынша жылдар ішінде әйелдің күйеуі үнемі жанында болды. Екеуі де жақсы күндерден күдер үзбей, бақытқа бірге қол созып келді.

«Мен ешқашан үмітімді үзген емеспін. Светлана Рахимоваға және барлық медицина қызметкеріне ерекше алғысымды білдіргім келеді. Олар – мүмкін емес нәрсені жасаған үлкен жүректі жандар. Міне, қазір ұлым құшағымда. Бұл эмоциямды сөзбен өрнектеп жеткізу мүмкін емес. Бұл – жолдасым екеуміз өмір бойы күткен бақыт!», – деді жүзі қуаныштан балбұл жанған ана.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

ЕҢ СҰЛУ ӘЙЕЛ – ЖҮКТІ ӘЙЕЛ

Ал емханаға ертерек тіркелу – денсаулық кепілі



(Сурет: ашық дереккөзден).

1. Ықтимал қауіптерді ерте анықтау

Жүктіліктің ерте кезеңінде дәрігерге барудың негізгі себептерінің бірі – ықтимал қауіптерді анықтау. Жүктіліктің бірінші триместрінде дәрігерлер созылмалы аурулардың немесе генетикалық бейімділіктің болуын анықтау үшін қажетті талдаулар мен сынама-лар алады. Бұл қажет болған жағдайда алдын

Құрсақ көтеру – әрбір әйелдің өміріндегі күту мен үмітке толы ерекше кезең. Дегенмен, бұл маңызды кезеңнің асқинуысыз өтуі және ана мен бала денсаулығының максималды қауіпсіздігі үшін жүктілікті ертерек тіркеуге назар аудару қажет. Алматыдағы №4 перзентхананың акушер-гинекологы Айшыбаным Таирова осы тұрғыда ұсыныстарымен бөлісіп, уақытылы тіркеуден өтудің неліктен маңызды екенін түсіндірді.

ала бақылау және емдеу жоспарын жасауға мүмкіндік береді.

Айта кетейік, біздің перзентханада ұрықтың ультрадыбыстық диагностикасы мен доплерографиясы жүргізіледі.

2. Дұрыс тамақтану және өмір салты

Ерте тіркелу мамандарға тамақтану және өмір салты бойынша дұрыс ұсыныстар беруге мүмкіндік береді. Дәрігер екіқабат әйелге қажетті дәрумендер және минералдармен қамтамасыз ететін оңтайлы диетаны таңдауға көмектеседі. Сонымен қатар, дене белсенділігі мәселелері талқыланады, бұл әсіресе ананың денсаулығы мен ұрықтың дұрыс дамуы үшін маңызды.

3. Психологиялық көмек

Жүктілік – бұл физикалық ғана емес, сонымен қатар эмоционалдық қиындық. Акушер-гинекологпен ерте кеңесу болашақ анаға өз тәжірибесімен және ішкі толқынысымен бөлісуге мүмкіндік береді. Дәрігер қолдауды көрсетеді және әйелге уайымын жеңуге көмектеседі.

4. Тұрақты тексерулер

Уақытылы тіркелу жүктілік кезінде тұ-

рақты медициналық бақылауды қамтамасыз етеді. Бұған әдеттегі ультрадыбыстық зерттеу, қан мен зәр анализі және ұрықтың дамуы мен ананың денсаулығын бақылауға көмектесетін басқа да тексерулер кіреді. Дәрігерге үнемі қаралу ауытқуларды ерте кезеңде анықтауға және ықтимал асқинулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

5. Оқыту және босануға дайындық

Жүктіліктің ерте кезеңдерінде дәрігер болашақ анаға жаңа туған нәрестеге күтім жасаудың негіздерін үйретуге, сондай-ақ оны босануға дайындауға кіріседі. Яғни толғақ кезінде қалай дұрыс тыныс алу керек, ауырсынуды басудың бастары әдістері бар және перзентханада өзін қалай ұстау керектігі туралы ақпарат береді.

Иә, бойына бала біткен әйелдің емханаға сол мезетте тіркелуі – бұл жай ғана формалдылық емес, ана мен баланың денсаулығына жасалған маңызды қадам. Сондықтан гинеколог Айшыбаным Таирова барша әйелді дәрігерге баруды кейінге қалдырмауға және мамандардың ұсыныстарын мұқият орындауға шақырады.

МӘМС

ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕГЕЙ

Көз алмасы ауыр соққы алған
науқас соқырлықтан аман қалды



Алматы Орталық қалалық клиникалық ауруханаға ауыр көз жарақатымен 69 жастағы ер адам түскен. Науқастың айтуынша, үстелдің бұрышына соғылып, нәтижесінде көзіне қатты зақым келген.

Диагнозы өте күрделі болған: склерасы жарылып, көз алмасы ауыр соққы алған, көздің ішкі қабығы түскен, жарақаттан кейінгі афакия, аниридия, гемофтальм және торлы қабықтың ажырауы.

Дәрігерлер кезең-кезеңімен көмек көрсету туралы шешім қабылдады. Бірінші кезеңде склера жарасына алғашқы хирургиялық ем жүргізілді.

Келесі кезеңде силикон енгізумен витректомия, торлы қабықтың лазерлік коагуляциясы (ЭЛКС) және иридохрусталдық диафрагманы имплантаттаудың бірегей процедурасын қамтитын жоғары технологиялық ота жасалды. Сосын науқас үшін арнайы жасанды көз айнасы мен линза жиынтығы әзірленді. Отаны офтальмология бөлімшесінің меңгерушісі Гүлзат Әбдіраймова жүргізді.

Мамандардың жоғары кәсібилігінің арқасында науқастың көру қабілеті сақталып, визуалды функциялары қалпына келтірілді.

Айта кетейік, ота міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі аясында жүргізілді және ол жоғары технологиялық процедура санатына жатады.

ДӘРІГЕР БАҒАНЫ

ВАКЦИНА

Ұлттық екпе егу күнтізбесіне сай
перзентханадан бастап салынады

№36 қалалық емхананың педиатры Әсел Ералықызы Қазақстан Республикасының Ұлттық екпе егу күнтізбесінде қарастырылған екпені әр бала алуы тиіс екенін атап өтті.

Бұл вакциналар вирустық А және В гепатиттері, b типті гемофилді инфекция, полиомиелит, туберкулез, дифтерия, сіреспе, көкжөтел, пневмококкты инфекция, қызылша, қызамық, эпидемиялық паротит (мысқыл ауруы) және басқа да қауіпті аурулардан қорғайды.

Вакцина сәбиге перзентханада жатқан кезінде-ақ салына бастайды.

– Перзентханада нәрестеге туберкулезге (БЦЖ) және В гепатитіне қарсы екпе егіледі. 2 айлық кезінде емханада балаға көкжөтел, дифтерия, сіреспеге қарсы кешенді вакцина (АКДС), сондай-ақ В гепатиті, полиомиелит, b типті гемофилді инфекция және пневмококкты инфекцияға қарсы екпе салынады. 3 айында АКДС, полиомиелит және b типті гемофилді инфекцияға ревакциналау жасалады. 4 айында осы ауруларға қарсы үшінші рет екпе егіліп, пневмококкты инфекцияға қайтадан вакцина жасалады. Уақытылы вакциналау – әр баланың денсаулығы мен инфекциядан қорғанысының кепілі, – дейді Әсел Ералықызы.

– балаға 12–15 айлық кезінде қызылша, қызамық, эпидемиялық паротит, полиомиелит және пневмококкты инфекцияға қарсы екпе егіледі.

– 1,5 жасында АКДС, полиомиелит және b типті гемофилді инфекцияға ревакциналау жүргізіледі.

– 6 жасында туберкулез, қызылша, қызамық және паротитке қарсы қайта вакциналау жасалады.

– 11 және 11 жас 6 айында адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы вакцина салынады, ол жатыр мойны катерлі ісігі және осы вирусқа байланысты басқа да онкологиялық аурулардан қорғайды.

– 16 жасында сіреспе мен дифтерияға қарсы (АДС-м) екпе егіледі, оны одан әрі 10 жыл сайын қайталап жасату қажет.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА



САҚТАНСаң, Сақтайды

ӨЗІҢІЗГЕ ДЕ, ӨЗГЕГЕ ДЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Футбол жанкүйерлері вич-тесттен өтті

Алматыдағы ЖИТС-тің (СПИД-тің) алдын алу және оған қарсы күрес орталығының медицина қызметкерлері футбол жанкүйерлерін ВИЧ инфекциясына тексерді. SADU Arena-да футболдан ел чемпионаты өтіп жатқан кезде денсаулық сақшылары да сол маңнан табылды.

Ең қызу әрі қызықты кездесулердің бірі атақты «Қайрат футбол» мен «Ақтөбе» ҚФФ командалары арасында өтті. Ойын өрнегі көптеген жанкүйерді қызықтырғаны сөзсіз.

Әрбір спорт жанкүйері АИТВ-ға тегін, құпия және қалаған жағдайда жасырын түрде тест тапсырып, 20 минут ішінде оның нәтижесін білу мүмкіндігіне ие болды.

Дәрігерлер экспресс-әдіспен тестілеу жүргізді, сонымен қатар тестілеуге дейінгі және кейінгі кеңестер берді. Залда спорттық құштарлық қайнап жатқанда, фойеде ВИЧ-ке тест тапсыру үшін кезекке тұрғандар да аз болмады.

Көпшілікті мына сұрақтар қызықтырды: АИТВ-инфекциясы қалай жұғады, вирустан қалай қорғануға болады және әлемде неге бұл ауруға қарсы вакцина әлі жасалмаған?

– Жастардың аталмыш өзекті мәселеге қызығушылық танытып, қысылмай сұрақ қоюы қуантты дәрігерлерді. Бойыңызда АИТВ-ин-

фекциясының бар-жоғын білу үшін тесттен өту – бұл ең алдымен өзіңіздің және жақын адамдарыңыздың денсаулығына қамқорлық жасау деген сөз. АИТВ-ға жүйелі түрде тестілеуден өтіп тұру қалыпты әдетке айналуы керек, – деді қалалық ЖИТС орталығының медбикесі Татьяна Абронова.





ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

КӨЗГЕ ДЕ ДОНОР КЕРЕК

Мегаполис дәрігерлері озық трансплантация әдістерін меңгеруде

Алматыға іргелес жатқан Алматы облысының тұрғыны биылғы тамыз айының соңында оқтан жарақаттанып, жергілікті ауруханаға түскен. Онда науқасқа көзді емдеуден басқа барлық қажетті көмек көрсетілген. Оқ тангенс траекториясы бойынша бас пен көздің бір бөлігіне тиген екен. Нәтижесінде науқасқа «көздің ауыр химиялық күйігі» диагнозы қойылған.



Еліміздегі кретоластика жасайтын бірден-бір дәрігер – біздің мегаполисте орналасқан Санжар Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Офтальмология кафедрасының меңгерушісі, Офтальмология орталығының директоры Марат Сүлейменов науқасты соқырлықтан сақтап қалды.

«48 жастағы науқас бастапқыда бізге кенес алуға келді. Оқтан алған жарақатының күрделі екенін байқап, көзінің қасаң қабығын трансплантациялау туралы шешім қабылданды. Операция кезінде травматикалық катаракта бар екендігі де анықталды. Біз оны бір уақытта алып тастадық. Сөйтіп, науқастың көзін аман сақтап қалдық. Егер біз бұл операцияны жасамасақ, онда көздің

ішкі жағы ағып түсіп, инфекция көздің ішіне енетін еді. Соңында көзді мүлдем алып тастауға мәжбүр болатын едік», – дейді офтальмолог Марат Смағұлұлы.

Марат Сүлейменовтың тәжірибесінде көздің қасаң қабығын трансплантациялау көмегімен жанарды сақтап қалу оқиғасы бұл ғана емес. Тағы бір ер адам осыдан бірнеше жыл бұрын жұмыс орнында көзін абайсызда жарақаттап алады. Бірақ оған онша мән бермеген. Уақыт өте келе сол кездегі жарақаттың салдарынан көру қабілеті нашарлай бастап, ақыр соңында аяқ жолын көруден қалады. Сөйтіп, бұл науқастың да жанарын Марат Смағұлұлы трансплантация жасау арқылы аман сақтап қалды. Алдағы уақытта оған катарактасын емдеу

үшін тағы бір операция жасалады.

Айта кетейік, Қазақстанда донорлық қасаң қабықты трансплантациялау бойынша бірегей операциялар тек С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ университеттік клиникасында жасалады. Осындай бірқатар операция былтырғы мамырда басталды. Қажетті донорлық қасаң қабықтар қазақстандық науқастар үшін АҚШ-тан әкелінді. Бұл жоба «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің және Қазақстандағы «Lions World Vision Institute» көз банкі өкілдігінің қолдауымен жүзеге асырылды. Дүние жүзіне белгілі көздің қасаң қабық трансплантациясынан басқа, осы бағдарлама аясында елде жаңа

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат ШОРАНОВ,
С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ ректоры:

МЕДИЦИНАДАҒЫ ТАРИХИ ОҚИҒА

Былыр Денсаулық сақтау министрлігінің, біздің ҚазҰМУ-дың және «Қазақстан халқына» қорының негізінде елімізде осындай операциялар қайтадан жүргізіле бастады.

Бұл – біздің еліміз үшін тарихи оқиға. Дәрігерлер әрдайым осындай операцияларды жүргізу үшін науқастарды шет елге жіберуге мәжбүр болған. Қазіргі күні Қазақстанда көздің қабығын трансплантациялау қайта жанданғанын мақтанышпен айта аламыз. Бұл С.Асфендияров атындағы жоғары оқу орнының университеттік клиникаларының базасында өткізілетін болады. Бұл операциялар біздің ең үздік мамандардың еңбегінің арқасында заманауи жабдықтарды пайдалана отырып жасалады. Бұл отандық медицина үшін алға жасалған қадам ғана емес, мыңдаған пациент үшін толыққанды ем алуға деген үміт.

әдіс бойынша қабықша трансплантациясының бірегей қабаты жасалуда. Мұндай озық трансплантация әдістері елімізде алғаш рет жүргізілуде. Бағдарлама аясында екі жылдың ішінде 304 қасаң қабық трансплантациясын жүргізу жоспарланды, оның ішінде 83 операция артқы қабатты трансплантациялаудың бірегей жаңа әдісі бойынша жүргізілуі тиіс. Қазіргі уақытта 200-ге жуық операция сәтті өтті.

Мұндай операциялар еліміздің аумағында 2017 жылдан бастап мәйіт донорлығының келіспеушілік презумпциясының нормасы өзгергеннен кейін жүргізілмеді. Атап айтқанда, 2017 жылға дейін, егер адам тірі

кезінде қайтыс болғаннан кейінгі донорлыққа келіспейтінін білдірмесе, дәрігерлер оның органдарын мұқтаж науқастарға трансплантациялау үшін қолдана алатын. Нәтижесінде дәл осы 6 жыл бұрын елде трансплантация саны күрт төмендеді, ал қайтыс болған адамдардың органдарын трансплантациялау мүлдем төмендеді.

Көздің қабығын трансплантациялау – әртүрлі көз аурулары бар науқастар үшін көру қабілетін сақтаудың жалғыз әдісі. Жыл сайын көру қабілетін сақтау және мүгедек болып қалмау үшін шетелдік клиникаларға баруға мәжбүр болған 200–250 қазақстандық трансплантацияға мұқтаж.

МАМАН МІНБЕРІ

УЗИ-ден, яғни ультрадыбыстық зерттеуден өту үшін де дайындық керек. Және ол зерттеу түріне байланысты болады. Бұл жөнінде Алматыдағы №11 қалалық емхананың клиникалық диагностика бөлімінің меңгерушісі Гүлбахар Хамраева тарқатып айтып берді.



(Сурет: ашық дереккөзден).

АШҚАРЫНМЕН КЕЛІҢІЗ
немесе ультрадыбыстық зерттеуден өту үшін қалай дайындалу керек?

Мәселен, іштің ультрадыбыстық зерттеуінен өту үшін процедурадан 1–3 күн бұрын диета ұстау керек болады. Нақтырақ айтсақ, газ түзілуін тудыратын тағамдарды (бұршақ дақылдары, қырыққабат, сүт, газдалған сусындар, тәттілерді) алып тастау керек: Тексеру әдетте ашқарынға жүргізіледі. Сондықтан ультрадыбыстық зерттеуден 6–8 сағат бұрын ішіп-жеуден бас тартыңыз. Кейде дәрігер газды азайту үшін дәрі-дәрмектерді тағайындауы мүмкін.

Бүйректің және бүйрекүсті бездерінің ультрадыбыстық зерттеуі толық қуықпен жасалуы керек. Ультрадыбыстық зерттеуден бір сағат бұрын шамамен 500 мл газсыз су ішіңіз және процедураның соңына дейін қуығыңызды босатпаңыз. Сондай-ақ, сынақтан 1-2 күн бұрын газ түзетін тағамдарды тұтынбаған абзал.

«Әйелдердің жамбас мүшелерінің ультрадыбыстық зерттеуі екі жолмен жүргізіледі. Егер сізге

трансабдоминальды ультрадыбыстық (іш қабырғасы арқылы) жоспарланған болса, қуықты толтыру үшін процедурадан бір сағат бұрын су ішу керек. Трансвагинальды УДЗ, әдетте, арнайы дайындықты қажет етпейді, қуық бос болуы керек», – дейді дәрігер.

Ал қалқанша безі мен жүректің ультрадыбыстық зерттеуінен өту үшін дайындық қажет емес. Бұл процедураларды тамақ пен сусынға алдын ала шектеусіз орындауға болады.

Ерлерде жамбас мүшелерінің ультрадыбыстық зерттеуі үшін, егер қуықасты безін құрсақ қабырғасы арқылы зерттеу қажет болса, қуықты толтыру керек (яғни процедурадан бір сағат бұрын 500 мл су ішкен дұрыс).

Бұл ұсыныстар жалпылама сипатқа ие. Ал дәл дайындық үшін дәрігермен кеңескен дұрыс. Өйткені, талаптар емханаға және ультрадыбыстың түріне байланысты өзгеруі мүмкін дейді маман.

КАДР

ҮШ МЕГАПОЛИСТЕ ДӘРІГЕР ЖЕТІСПЕЙДІ

Сенат депутаты Айнұр Арғынбекова денсаулық сақтау саласындағы кадр тапшылығының өте өзекті мәселе екенін атап өтті. Осыған байланысты ол елімізде қандай мамандар жетіспейтінін де тілге тиек етті.

Депутаттың пікірінше, мамандар жетіспеушілігі тек ауылдық жерлерде ғана емес, елорда мен облыстарда да байқалады. «Бүгінде

денсаулық сақтау саласына үлкен көлемде қаржы бөлінгеніне қарамастан, халықтың толық сұранысын қанағаттандыру мүмкін болмай отыр. Көптеген медициналық ұйымдар материалдық-техникалық жағынан жеткілікті қамтамасыз етілсе де, «бәрі кадр шешеді» деген ұстанымның маңыздылығы әлі де сақталуда», – деді ол.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, 2023 жылдың соңында 4864 дәрігер тапшылығы анықталған. Өсіресе, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында дәрігер жетіспейді.

Сондай-ақ, бірнеше ауыл мен аудандарда да маман жетіспеушілігі бар. Ведомство өкілдерінің мәліметінше, жоғары оқу орындарының түлектерінің үштен бірі жұмысқа орналасу үшін жеке клиникаларды таңдайтын көрінеді. Сондықтан жас мамандарды бөлу механизмін өзгертуді ұсынып отыр.

Қазіргі күні Алматыда терапевт, анестезиолог-реаниматолог, хирург, офтальмолог және акушер-гинекологтар сұранысқа ие. Сенатор Денсаулық сақтау министрлігіне осы мәселені шешу үшін нақты шаралар қабылдауды ұсынды.

БӘРЕКЕЛДІ!

ОЗЫҚ ОЙЛЫ ОҚУШЫ

Алматылық бозбала жасанды интеллект арқылы тері ауруын анықтайтын ғылыми жоба ұсынды

Алматылық бозбала – зияткерлік мектептің 11-сынып оқушысы Артем Лаврентьев жасанды интеллект арқылы тері ауруын анықтайтын ғылыми жоба ұсынды, деп хабарлайды 24KZ. Ол зақымданған тері суреттері арқылы маймыл шешегі вирусын табуға болатынын көрсетті. Тәжірибелік модельдің ауруды анықтау дәлдігі – 95%.

Иә, медицина саласында жасанды интеллектіні қолдану деңгейі күннен-күнге артып келеді. Қазірдің өзінде дамыған елдерде рентген, МРТ бейнелерін жасанды



интеллектінің көмегімен талдау түрлі онкологиялық ауруларды дәл анықтауға жол ашып отыр.

Озат оқушы Артем Лаврентьев өзінің ғылыми жобасында жасанды

сананы тері ауруларының суреттерін талдауға және маймыл шешегі ауруын анықтауға бейімдеді.

«Модель қолданыстағы VGG 16 нейрондық желісінің негізінде жасалды, модельдің кескінді тану қасиеттері дамытылып, бейімделді. Бұл тері фотосуреттерінен ауруларды дәл анықтауға мүмкіндік берді. Тестілеу барысында нейрожүйенің суреттерді жай ғана жаттап алмай, анықтау үшін үлкейту қолданылды. Мұның бәрі оның өзектілігін көрсетті. Тәжірибелік үлгінің көмегімен маймыл шешегі, желшешек, қызылша, сондай-ақ сиыр шешегі және стоматит ауруларын бірнеше секундта анықтауға болады. Дәлдігі – 95%. Жоба инфекциялық ауруды бастапқы кезеңінде диагностикалауға мүмкіндік береді әрі денсаулық сақтау жүйесіне түсетін жүктемені азайтады», – дейді Артем.

Ол тың жобасын толық сынақтан өткізіп, болашақта кәдеге жаратуды көздеп отыр.

Бетгі әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.

ТҮЙТКІЛ

ЕСІРТКІ МӘСЕЛЕСІ ӨЗЕКТІ

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық – тек Алматы қаласында ғана емес, бүкіл ел көлемінде маңызды әрі күрделі мәселе. Қоғамның болашағы болып саналатын жастар арасындағы қылмыстық әрекеттердің артуы көпшіліктің алаңдаушылығын тудырып отыр. Бүгінгі таңда құқық қорғау органдары, білім беру мекемелері және қоғам белсенділері бірлесе отырып, жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайтуға бағытталған түрлі шаралар қабылдауда. Алматы қаласындағы жасөспірімдер қылмысы туралы, оның негізгі себептері мен күрес жолдары жайлы толығырақ талқылап көрейік.

Ернұр
РЫСБАЙ

Ұрлық түбі – қорлық

Жасөспірімдер арасында ұрлық, әсіресе, ұялы телефон, ақша және басқа да құнды заттарды ұрлау жиі орын алады. Бұл қылмыс көбінесе материалдық жағдайдың төмендігі немесе өзге қатарластарына еліктеуден туындайды. Денсаулыққа қасақана зиян келтіру, жасөспірімдер арасындағы төбелес, бір-біріне дене жарақатын салу фактілері де баршылық. Мұндай әрекеттердің себебі – агрессия, өзара түсініспеушілік немесе құрдас-тарының алдында өзін көрсетуге деген ұмтылыс. Есірткі мен психотроптық заттарды қолдану және сату фактілері. Алматыда есірткі мәселесі де өзекті. Кәмелетке толмағандар арасында есірткі заттарына қызығушылық артып келеді, ал бұл өз кезегінде ауыр қылмыс санатына жатады.

Киберқылмыс
та қылмыс

Жастар арасында интернет алаяқтары мен басқа да киберқылмыстардың саны өсуде. Әлеуметтік желілер мен онлайн ойындар арқылы жасалатын қылмыстар көбінесе ата-аналардың бақылауынан тыс қалады. Бұзақылық жасау. Бұл – көпшілік орындарда орын алатын, көп жағдайда басқа адамдардың мазасын алатын әрекеттер. Қоғамдық көлікте, ойын-сауық орталықтарында, көшелерде орын алатын тәртіпсіздік жасөспірімдердің тәртіп пен әдептілікті елемейтін туындайды. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық әрекеттердің негізгі себептері көп, соның ішінде мыналарды ерекше атап өтуге болады: Әлеуметтік-экономикалық факторлар. Алматы сияқты ірі қалада байлық деңгейі мен кедейлік арасындағы айырмашылық елеулі. Кейбір жасөспірімдер материалдық жағдайы төмен отбасылардан шығып, өздерін өзгелерден төмен сезінеді. Мұндай жағдай оларды құқық бұзушылыққа итермелеуі мүмкін. Сондай-ақ, отбасылық ахуал да әсер етеді. Әсіресе, ата-анасының бақылауы болмаған немесе қолайсыз отбасылардан шыққан балалардың қылмыстық әрекетке бейімділігі жоғары. Отбасындағы тұрақсыздық, ата-ананың ажырасуы, экономикалық қиыншылықтар баланың психологиясына әсер етіп, оларды заң бұзуға итермелеуі әбден мүмкін. Бұдан бөлек, мектептегі білім сапасының төмендігі, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара түсініспеушілік, буллинг және өзге де мәселелер балаларды қылмысқа тартуға ықпал етеді. Мектепте қолдау таппаған немесе өзін жалғыз сезінетін балалар қауіпті топтарға қосылуы мүмкін. Кей жағдайларда балаға араласып жүрген ортасы ықпал етеді.

Жасөспірімдер арасында буллинг пен агрессия жағдайларының алдын алу маңызды



Жасөспірімдер арасында бір-біріне еліктеу құбылысы өте күшті. Кейбір балалар танымал болуды немесе беделді болуды қалайды, сол себепті қылмыстық әрекет жасау арқылы өздерін көрсетуді жөн санайды.

Әлеуметтік
желінің әлегі

Қазіргі уақытта интернет пен әлеуметтік желілердің әсері байқалуда. Жастардың көп уақыты интернетте өтеді. Әлеуметтік желілерде түрлі теріс ақпараттардың кеңінен таралуы және оның балалар санасына әсер етуі мүмкін. Киберқылмыстар мен интернетте таралатын зорлық-зомбылық контенті балалардың агрессивті мінез-құлқына себеп болуы әбден мүмкін. Жасөспірімдердің құқық бұзушылыққа бейімділігіне әсер ететін психологиялық факторлар бар. Жеке тұлғалық дағдарыс және өзін-өзі тану қажеттілігі балалар арасында кеңінен таралған.

Жасөспірімдік кезең – жеке тұлға ретінде өзін-өзі іздеу мен тануға деген үлкен қажеттілік кезеңі. Бұл кезеңде балалар өздерінің ішкі дүниесін зерттеп, қоғамдағы орнын анықтауға тырысады. Кейде олар өзіндік ерекшеліктерін көрсету немесе бір топқа тиесілі болу мақсатында қоғамдағы қалыптасқан нормаларға қарсы келуге тырысады. Психологтардың айтуынша, бұл кезеңде дұрыс бағыт көрсетілмесе, жасөспірімдер құқық бұзушылық әрекеттерге бейім болуы мүмкін. Жасөспірімдер арасындағы қылмысты болдырмау үшін көптеген шаралар қабылдануда.

Қылмыстың
алдын алу шаралары

Алматы қаласында құқық қорғау органдары, білім беру ұйымдары және ата-аналар арасында серіктестік негізінде келесідей шаралар жүзеге асырылуда. Тәртіптік бақылауды күшейту. Құқық қорғау органдары қоғамдық орындарда патрульдеуді күшейтіп, жасөспірімдердің тәртіп бұзу әрекеттерін бақылауда ұстауға тырысады. Сонымен қатар, полицейлер мектептерде лекциялар өткізіп, оқушылармен профилактикалық әңгімелер жүргізеді. Білім беру мекемелеріндегі жұмыстар. Мектептерде психологиялық қызметтер

жұмыс істейді. Психологтар балалармен жеке-жеке жұмыс істеп, олардың мәселелерін анықтап, қылмысқа бейімділікті болдырмауға көмектеседі.

Әсіресе, буллинг пен агрессия жағдайларының алдын алу маңызды. Қоғамдық іс-шаралар және үйірмелер. Алматы қаласында спорттық және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жастарды пайдалы істерге тарту жұмыстары жүргізіледі. Әсіресе, спорт секциялары мен өнер үйірмелері балалардың бос уақытын пайдалы өткізуіне жағдай жасайды. Ата-аналармен жұмыс. Ата-аналардың бала тәрбиесіне белсенді қатысуы, баласының мінез-құлқын қадағалауы маңызды. Арнайы семинарлар мен тренингтер арқылы ата-аналарды балалардың психологиялық жағдайына назар аударуға үйрету керек.

Интернеттегі бақылауды күшейту. Жасөспірімдердің интернетте өткізетін уақытына шектеу қою, зиянды контенттен қорғау үшін арнайы бағдарламаларды қолдану маңызды. Ата-аналар интернетті қауіпсіз пайдалану ережелерін балаларға түсіндіруі керек.

Еріктілерді тарту. Алматыда еріктілер ұйымдары жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмау үшін әлеуметтік жобаларды жүзеге асырады. Мысалы, әлеуметтік қорғау қызметі мен құқық қорғау органдары бірлесе отырып, жастарды пайдалы іс-шараларға тарту жұмыстары жүргізіледі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақтолықын ӘШІРӘЛИЕВА,
психолог:Эмоционалдық
тұрақсыздық және
күйзеліс

Жасөспірімдер психологиялық тұрғыдан өте сезімтал келеді. Эмоционалдық тұрақсыздық, күйзеліс және алаңдаушылық оларды заң бұзуға итермелейтін факторлардың бірі болып табылады. Отбасындағы қиыншылықтар, достарымен қарым-қатынастағы келеңсіздіктер, өздерін кем сезіну жасөспірімдер арасында агрессия мен деструктивті әрекеттерге әкелуі мүмкін.



Өзін төмен бағалайтын, қоғамда өз орнын таба алмай жүрген жасөспірімдер басқалардан мойындау мен қолдауды іздейді. Бұл қолдауды кейде дұрыс емес жолдардан іздейді. Мұндай жасөспірімдер тіпті қылмыс жасау арқылы басқалардың назарын аударуға немесе құрдас-тарының алдында беделін көтеруге тырысады. Бұл жағдай көбінесе өзін-өзі қабылдау мен құрметтеудің төмендігінен туындайды.

Жасөспірімдер құрдас-тарының пікіріне қатты мән береді. Олар өз қатарластарынан қалмау үшін кейде қауіпті қадамдарға барады. Мысалы, кейбір топтар арасында заңға қайшы әрекеттерге еліктеу, тіпті оларды қолдаушылық таныту қалыпты жағдай ретінде көрінеді. Мұндай әлеуметтік ықпал жасөспірімдерді құқық бұзушылыққа итермелеуі мүмкін.

Отбасы – бала психикасының қалыптасуында маңызды рөл атқаратын негізгі орта. Отбасындағы қарым-қатынас, ата-ананың қолдауы, тәрбиелік әдістері баланың өмірге көзқарасына тікелей әсер етеді. Егер отбасында тұрақсыздық, қолдаудың болмауы немесе ата-ананың немқұрайдылығы байқалса, балалар эмоционалдық қолдау іздеп, басқа, кейде қауіпті жолдарға бет бұруы мүмкін.

ТҮЙІН:

Жасөспірімдер арасындағы қылмыспен күрес мәселесі – қоғамның болашағы үшін маңызды мәселе. Алматы қаласында құқық қорғау органдары, мектептер, ата-аналар және қоғамдық ұйымдар бірлесе отырып, жасөспірімдердің құқық бұзушылыққа бармауын қамтамасыз етуге тырысады. Дегенмен, бұл жұмыс үздіксіз жүргізілуді қажет етеді, себебі балалардың мінез-құлқы мен психологиялық жағдайына әсер ететін факторлар әрқашан өзгеріп отырады.

Жасөспірімдерге дұрыс тәрбие мен бағыт-бағдар беріп, оларға қолдау көрсету арқылы ғана қоғамда құқық бұзушылық деңгейін төмендетуге болады. Балалардың бос уақытын пайдалы өткізуге жағдай жасап, оларға интернетті дұрыс қолдануды үйрету – қазіргі қоғамның басты міндеті. Алматы қаласында бұл бағытта жасалып жатқан жұмыстар оң нәтижесін беріп келеді, алайда болашақта атқарылатын іс-шаралар әлі де көп. Жасөспірімдерді заңды сыйлауға, жауапкершілікке және адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу арқылы ғана қоғамның денсаулығын сақтауға болады.



ПАТРИОТИЗМ

ЖЕЛТОҚСАН РУХЫ

қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің айқын үлгісі

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы – ел тарихындағы айрықша кезеңдердің бірі. Бұл оқиға тек тәуелсіздіктің бастауы ғана емес, қоғамдағы әділет пен еркіндікке деген ұмтылыстың символы ретінде мәңгі есте қалады. Алматының орталығындағы алаңда орын алған бұл тарихи сәт бүгінгі ұрпақ үшін тек еске алу ғана емес, қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтаудың үлгісі.



Рая ЕСКЕНДІР

Алматы – еліміздің мәдени, саяси және экономикалық орталығы. Сондықтан бұл қалада қоғамдық тәртіпті сақтау мен қауіпсіздік саясатын жетілдіру ерекше маңызды. Желтоқсан оқиғасы бізге бейбіт жиналыстар мен қоғамдық акцияларды ұйымдастырудың тиімді әдістерін қалыптастыру қажеттігін үйретті. Алматы қаласының әкімдігі бұл бағытта нақты шаралар қабылдап келеді.

«Желтоқсан. Алматы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Серікбек Жандыбайдың айтуынша, 1986 жылғы оқиғалардың құрбандарын еске алу жыл сайын өткізіледі. Бұл шаралар ел болашағы

үшін жанын пида еткен батырларға тағзым ғана емес, жастарды патриоттық тәрбиеге баулудың маңызды құралы болып табылады. Мысалы, 2021 жылы Талғар тауында бой көтерген ескерткіш Желтоқсан батырларының ерлігін айшықтай отырып, ұлттық құндылықтарды сақтаудың символына айналды.

Ескерткіштің ерекше құрылысатын жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Себебі, мұндай ескерткіштер азаматтардың қоғамдық санасын оятып, тәртіп пен бейбітшіліктің қадірін түсінуге шақырады. Қазіргі уақытта Алматы қаласында жастарды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуын ынталандыру басты міндеттердің бірі. «Желтоқсан.



Алматы» сияқты ұйымдардың жұмысын қолдау арқылы, қала әкімдігі жастардың тарихқа, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруда.

Желтоқсан оқиғасы – тарихтың сабағы ғана емес, ол болашақта қоғамдық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің айқын

үлгісі. Алматы қаласының қауіпсіздік саясатына сай, өткеннің тағылымын болашақтың мүддесіне айналдыру – барлық азаматтың ортақ міндеті. Желтоқсанның рухы әрдайым жастарды тәрбиелеу мен қоғамдық сана қалыптастырудың маңызды құралы болып қала бермек.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы қаласы экология және қоршаған орта басқармасы» КММ Алматы қаласы аумағында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын қатты тұрмыстық қалдықтар нарығына қатысушыларды анықтау бойынша

ТЕНДЕР ҚОРЫТЫНДЫСЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

участок №	Район атауы	Тендер жеңімпазы
50	Алатау	«ЭкоСити ЛТД» ЖШС
51	Алатау	« Сакенов Е.А.» ЖК
52	Жетісу	« G&T Group» ЖШС
55	Наурызбай	« ЫРЫС» ЖК
56	Наурызбай	« KOSAGASH» ЖК
57	Наурызбай	« KOSAGASH» ЖК
58	Түркісіб	«ТК Магистраль» ЖШС

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы
Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы Тазалық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры бос лауазым орнына орналастуға конкурс жариялайды

Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы Тазалық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, 050014, Алматы қаласы, «Көкмайса» шағынауданы, 26 е, телефон 252-62-15.

Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні автомобиль жолдарын пайдалану қағидаларының талаптарына жауап беретін жұмыстар кешенін орындау болып табылады, соның нәтижесінде жолдар мен жол құрылыстарының көліктік-пайдалану жай-күйі сақталады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты қаланың көше-жол желісін санитарлық тазалау болып табылады. Кәсіпорын алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) қала көшелерінің жолдарын көктемгі, жазғы және күзгі кезеңде күтіп ұстау бойынша жұмыстарды бөлу жолағындағы қоқысты жинау, оны тиеу және қоқыс төгілетін жерге шығару, бөлінген белдеулерді шабу және шабылған шөпті жинау, қала көшелерін тазалау және жуу, су өткізгіш жыраларды көктемде қардан, ал жазда қоқысты шығару арқылы жиналған қоқыс пен балшықтан тазалау, тротуар мен жаяу жүргіншілер аймағын қардан, қоқыстан және бөтен заттардан тазалау және жуу;
- 2) қала көшелерінің жолдарын қысқы күтіп ұстау бойынша жұмыстарды көктайғаққа қарсы материалдарды дайындау, жолдарды қардан тазалау, жолдарды қар үйінділерінен тазарту, жолдардың жүру бөлігін қарлы жамылғыдан тазалау, қарлы дуалдарды жою, қала көшелерінің жүру бөлігін, тротуарларды көктайғаққа қарсы материалдармен өңдеу және оларды жүру бөлігінен қажетті уақыттан кейін тазалау, автобус аялдамаларын қар мен мұздан жүйелі түрде тазалау жұмыстарын орындау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары техникалық білім. Басшылық лауазымдарда жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы талаптар: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексін, Экологиялық кодексін, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік меншік туралы» заңдарын және Қазақстан Республикасының осы кәсіпорынның қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерін білуі қажет.

Кәсіпорынның өндірістік технологиясын және қызмет көрсетуін, ұйымды басқарудың жана әдістерін, стратегиялық жоспарлау, экономикалық индикаторлар жүйесін, шаруашылық және қаржылық келісім-шарттарды жасау тәртібі мен орындалуын, Кәсіпорынның экономикасын және қаржысын басқаруды, еңбек және өндірісті ұйымдастыруды, салалық келісімдерді, ұжымдық келісім-шарттарды әзірлеуді және жасауды, әлеуметтік-еңбек қатынастарды реттеуді, еңбек қорғау және қауіпсіздік ережелерін, өрт қауіпсіздігі талаптарын білуі қажет.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығымен бекітілген. Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін тапсырылатын құжаттардың тізімі:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) белгіленген тәртіппен куәландырылған, білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 4) белгіленген тәртіппен расталған еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және одан еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- 5) № 075/у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс стажына, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар туралы құжаттардың көшірмелері) беруіне болады.

Конкурсқа қатысу үшін қабылданатын құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру ресми бұқаралық ақпарат құралдары бетінде және Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы ресми сайтында www.gov.kz/memleke/entities/almaty-uzh, жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасына, 050021, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 85, 5-қабат, әкімшілік бөлімі (506-қаб.) мекенжайы бойынша тапсырылуы тиіс.

Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалар тізімі анықталғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде конкурсқа қатысушылар әңгімесуді Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасында өтеді.

Анықтама телефоны: 225-12-13.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «16 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының директор лауазымына конкурстық іріктеу өткізу туралы

Алматы қ., Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№16 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының Бақылау кеңесі аталған кәсіпорынның директор лауазымына іріктеу бойынша конкурс (бұдан әрі – конкурс) жариялайды.

Конкурстың өтетін күні: ресми бұқаралық ақпарат құралдарында немесе тиісті саланың уәкілетті органының интернет-ресурстарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік он бес күн өткен соң.

Конкурстың өтетін орны: Қазақстан Республикасы, 050036, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 12-ықшамауданы, 19-үй.

Кәсіпорынның атауы: Алматы қаласы, Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Орталық қалалық клиникалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын).

Кәсіпорын орналасқан жер: Қазақстан Республикасы, 050036, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 12-ықшамауданы, 19-үй, телефоны 8 (727) 303-24-84, 303-24-94, электрондық мекенжайы: ritakana_0511@mail.ru.

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: халық денсаулығын сақтау бойынша мемлекеттік аумақтық бағдарламаларын іске асыру.

Кәсіпорын директорының негізгі лауазымдық міндеттері: Кәсіпорынның өндірістік, қаржылық-шаруашылық қызметтерін басқарады, қабылданған басқару шешімі, ұйымның мүлігінің сақталуы және тиімді пайдаланылуы, сондай-ақ, қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері үшін жауап береді.

Білуі тиісті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексін, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы» Кодексін, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңын;

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша біліктілікті арттырудан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік (немесе сертификат) және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік; немесе «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау» немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе executive MBA (бұдан әрі – ЕМВА (эксекютив ЭмБиЭй)) немесе full-time (Фултайм) дәрежесі; немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім және «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім; денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаты; басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдардан құжаттарды қабылдау басталатын және аяқталатын мерзім: ресми бұқаралық ақпарат құралдарында немесе тиісті саланың уәкілетті органының интернет-ресурстарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік он бес күн ішінде.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс туралы хабарландыруда көрсетілген мерзім ішінде келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) ерікті түрде жазылған өмірбаян;
- 3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 4) еңбек кітапшасының (егер бар болса) немесе еңбек шартының көшірмесі, жұмысқа қабылдануы және еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтардан үзінді-көшірме немесе жұмыс өтілін растайтын басқа да құжат;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы «Денсаулық сақтау ұйымдарының алғашқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген) 075/у үлгідегі медициналық анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінен сотталмағандығы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін конкурс жариялаған Кәсіпорынға, хабарландыруда көрсетілген ritakana_0511@mail.ru электрондық пошта мекенжайына құжаттарын тапсырады.

Құжаттардың түпнұсқасы сұхбаттасу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірілмей беріледі. Оларды бермеген жағдайда тұлға конкурс комиссиясымен сұхбаттасудан өтуге жіберілмейді.

Конкурсқа қатысушы біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби дайындық деңгейіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпарат бере алады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

САРАПТАМА

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫ АТҚАН КҮН

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні. Еліміздің мемлекеттік мерекесі. Десек те, қоғамда әлі күнге дейін осы күнге байланысты ортақ көзқарас қалыптаспады. Біреулерге бұл боздақтарға тағым етер қастерлі күн, кейбіреулер үшін мерекелік демалыс күні. Ендігі бір топ өкілдері «біз тәуелсіздік үшін күреспедік, бізге ол өздігінен келді» деп топшылайды. Мұндай сан түрлі пікірлер неге пайда болды? Осы сауалдарға жауап іздеп көрейік.

АЗАТТЫҚҚА ЕҢ АЛҒАШ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҰМТЫЛҒАН

Қазақстанның қазіргі заман тарихын 1986 жылдан бастаған орында. Себебі, дәл сол жылы халқымыз ұлттық сана-сезімі бар екенін әлемге паш етті. 16-17 желтоқсанда болған оқиғалар азаттықтың алғашқы ұшқыны болып тарихта қалды. Сарапшылар арасында заманауи тарихымызды Алаш қозғалысынан бастау керек деген пікір де бар. Бұл пікірмен келіспеске болмас. Десе де, 1986 жылғы оқиғалардың орны бөлек. Алаш қозғалысы кезінде негізгі қозғаушы күш саяси-экономикалық элита болса, желтоқсанда халықтық сипат алды.

Ұлттық сана-сезімнің жарыққа шығуына не түрткі болды? Бұл сұраққа түрлі жауап бар. Бірі жастар өз еркімен орталық билікке қарсы шықты десе, екіншілері арандатушылық болды дейді. Шындығында, 1985 жылы бүкілодақтық саяси реформа республикалардағы сөніп қалған алауды тұтатты. Бір қызығы, КСРО аумағында алғашқы наразылық Қазақстан аумағында орын алды. Бұл Желтоқсанда болған жастардың наразылығының қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Сондықтан тәуелсіздікке ең алғаш қазақ халқы ұмтылды деп айта аламыз.

Ал «біз тәуелсіздік үшін күреспедік, бізге ол өздігінен келді» деген пікір қайдан пайда болды? Біріншіден, ұзақ уақыт бойы желтоқсандағы наразылық идеологиядан тыс қалды. Яғни саяси баға берілмеді. Екіншіден, саяси элита КСРО-ның соңғы жылдары тәуелсіздік мәселесіне келгенде кібіртіктеп қалды. «Темірді қызғанда басу» қағидасы орындалмады. Үшіншіден, саяси элита үшін тәуелсіздік жылнамасын азаматтық белсенділікпен бастау тиімсіз болды.

МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ БІРІ

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданды. Құжат 18 баптап тұрады. Көлемді болмаса да еліміздің қазіргі заман тарихында маңызды орын алады. Себебі, алда қабылданған 1993, 1995 жылғы конституцияларға негіз болды. Егемендік туралы декларацияның қоса алғанда, 4 құжат мемлекеттіліктің саяси-құқықтық сипатын белгіледі.

Әрине, аталмыш құжаттардың мазмұн жағынан ерекшеліктері болды. Басты ерекшелік, саяси жүйені құру механизмдерінен көрініс тапты. Егемендік туралы Декларация, Тәуелсіздік туралы Конституциялық Заң мен 1993 жылғы Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясында парламенттік-президенттік саяси жүйе құру көзделген. Бұл құжаттарда Жоғарғы Кеңес өзге билік тармақтарына қарағанда ықпалдырақ еді.

Тәуелсіздік туралы заңды талдасақ, маңызды дүниелерді көреміз. Мысалы, құжаттың 9-бабында былай деп жазылған: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік өкімет билігі бұл биліктің заңды, атқарушы және сот билігі болып бөлінуі принципін басшылыққа ала отырып құрылады және жүзеге асырады». Бұл заңда билік бөлінісі қағидасының сақталғанын көрсетеді.

Билік бөлінісі сақталғанымен, Жоғарғы Кеңестің саяси ықпалы басымдау болды. Халық атынан Жоғарғы Кеңес пен Президент сөйлей алды. Президент институты Үкіметті басқаратын Премьер-министр лауазымымен тең болды. Уақыт өте келе жүзеге асқан саяси реформа нәтижесінде Президент институты нығайып, үш билік тармақтарынан да жоғары көтерілді. Кейін 2022 жылы басталған саяси реформа нәтижесінде Парламент рөлі артып, президенттік-парламенттік нысандағы басқаруға көшу үдерісі басталды.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ

Алматы – Қазақстанның ең ірі мегаполисі ғана емес, сонымен қатар жастардың білім алып, жұмысқа орналасуы үшін мол мүмкіндіктер ұсынатын қала. Алайда, соңғы жылдары NEET (Not in Education, Employment, or Training) санатына жататын жастар саны артуда. Бұл – оқымайтын, жұмыс істемейтін және кәсіби біліктілікке ұмтылмайтын жастар тобы.



(Фотосурет: alykyn.kz)

«NEET САНАТЫ»

Алматыда жастарды қолдаудың оң тәжірибесі қалыптасқан



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

«ІЛГЕРІ ЖЫЛЖИТЫНДАР» ЖӘНЕ «КЕЙІН ҚАЛАТЫНДАР»

NEET жастар мәселесі әлеуметтік-экономикалық проблема ретінде қарастырылады, себебі олар ел экономикасы мен қоғамның дамуына үлес қоспай қалады. Алматы қаласындағы NEET жастардың жағдайы, олардың жұмыссыздығы және мәселені шешудің ықтимал жолдары қандай?

Жалпы, 2024 жылғы деректерге сүйенетін болсақ, Алматыда NEET санатындағы жастардың саны 43,9 мың адамды құрап отыр. Ал бұл дегеніміз, жалпы қала жастарының 6,6%-ын құрайды және бұл көрсеткіш 2023 жылғы статистикамен салыстырғанда, 0,8%-ға төмендеген. Жалпы, қалада NEET жастарының негізгі бөліктері, олар: 18–28 жас аралығындағы жастар, бұл топ колледжден кейін жұмыс таба алмай немесе оқуды жалғастырудан бас тартып, уақытша «әлеуметтік вакуумда» қалып қойған жастар тобы. Ал екінші санатта әйел адамдар, яғни: NEET жастардың шамамен 60%-ы – қыздар, олардың көпшілігі үй шаруасында немесе бала күтімінде. Көптеген жастар еңбек нарығына сай келмейтін мамандықтар бойынша білім алған немесе ешқандай кәсіби біліктілікке ие емес.

Осыншама NEET жастардың жұмыссыздығына себептер қандай болуы мүмкін? Жалпы, оған бір емес бірнеше себептерді атап айта аламыз. Білім мен еңбек нарығы арасындағы үйлесімсіздік. Ол дегеніміз, Алматыда оқу орындарының түлектері мен жұмыс берушілердің талаптары арасында үлкен алшақтық бар. Университет немесе колледжден кейін жастардың көпшілігі тәжірибенің жетіспеуінен көбінесе жұмысқа орналаса алмайды. Білім беру жүйесі аясында тағы бір мәселені айта аламыз, ол мысалы, жастар саясаты көп жағдайда алғыр, белсенді және табысты жастарды қолдауға бағытталады.

Бұл бағыттағы іс-шаралар, мысалы, дарынды балаларға арналған байқаулар, үздік студенттерді марапаттау немесе белсенді жастар форумдары, өз жетістіктерімен көзге түскен жастарды алға шығарады. Алайда, осының көлеңкесінде оқуда, қоғамдық қызметте немесе жеке даму жолында әртүрлі себептермен кейін қалып қоятын мыңдаған жас назардан тыс қалады. Бұл жастардың кейбірі материалдық қиындықтарға, әлеуметтік қолдаудың жоқтығына немесе отбасылық мәселелерге тап болғандар. Басқалары білім беру жүйесіндегі теңсіздік немесе мотивацияның жетіспеушілігі салдарынан өз әлеуетін толық аша алмайды.

Осылайша қоғам ішінде жастарды NEET – not in Education, Employment or Training, ағылшын тілінен аударғанда «білімі, жұмысы немесе кәсіптік даярлығы жоқ» деп бөлу үрдісі қалыптасады. Мұндай бөлініс жасанды түрде «аутсайдерлер» тобын құрып, оларды қоғамнан алшақтатады.

КЕШЕНДІ ТӘСІЛ ҚАЖЕТ

Сонымен қатар, бұл мәселе тек білім беру жүйесімен шектелмейді. Қоғамдық қатынастар мен әлеуметтік саясат та көбіне «жақсы нәтиже көрсеткендерге» назар аударып, қалғандарын қолдауға дайын емес. Мәселен, әлеуметтік шаралар мен мемлекеттік бағдарламалар көбіне табысты, белсенді жастарға бағытталып, әлеуетін жүзеге асыру үшін қосымша қолдауға мұқтаж топтарды назардан тыс қалдырады. Мұндай теңсіздік көптеген жастардың өзін-өзі бағалауына, қоғамдағы орнын іздеуіне теріс әсер етеді.

Сондықтан бұл жағдайды шешу үшін кешенді тәсіл қажет. Біріншіден, білім беру жүйесінде әртүрлі қабілет деңгейіндегі жастардың мүддесін ескеретін әдістер енгізу маңыздырақ. Екіншіден, әлеуметтік саясатты қайта қарастырып, жас ерекшеліктеріне, экономикалық жағдайларға және психологиялық ерекшеліктерге сәйкес қолдау көрсету жүйесін құру керек. Үшіншіден, жастарға өзін табу мүмкіндігін беретін инклюзивті орта қалыптастыру арқылы олардың қоғамға үлесін арттыруға жағдай жасау қажет. Бұл тек жастардың емес, бүкіл қоғамның дамуына оң ықпал етеді. Әрбір жас өзін маңызды әрі бағалы сезінген жағдайда ғана біз шынайы теңдікке қол жеткізе алатынымыз айқын.

КОМЬЮНИТИ-ОРТАЛЫҚТАР

Алматының әр ауданында 8 жастар комьюнити-орталық ашылды. Бұл орталықтардың қызметі: қысқа мерзімді курстар арқылы өзекті мамандықтарға оқыту; жұмысқа орналастыру; әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес беру; психологиялық және заңгерлік көмек; кәсіби бағдар беру; қазақ тілін үйрену курсы; қаржылық сауаттылық және тағы да басқа қызметтер қарастырылған. Қаланың комьюнити-орталықтарында оқудан кейін NEET санатындағы 13,4 мыңнан астам жас, яғни оқымайтын, жұмыс істемейтін және өз біліктілігін арттырмайтын жастар жұмысқа орналастырылды. Оның ішінде 11 300 жас тұрақты жұмыс орнына тұрды. Қазіргі таңда Алматы қаласы бойынша бірнеше орталық ашылған.

«ACTIVITY BOOM» КЛУБТЫҚ ЖҮЙЕСІ

Бұл жүйе NEET жастардың қоғамға араласуын ынталандыру үшін спорттық,

мәдени іс-шараларға және көлік қызметтеріне жеңілдіктер береді. Және бұдан басқа да жастарды қолдау мақсатында көптеген бағдарламалар қазіргі кезде жұмыс атқаруда. Алматы әкімдігі жастарға қандай да бір өздерінің бизнес бастаулары үшін гранттар мен жеңілдетілген несиелер беруді де жалғастыруда. 2024 жылы 500-ден астам жас кәсіпкер грант иегерлері болды.

Жалпы, NEET жастар мәселесін шешу үшін аталмыш бағдарламалар мен көп нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі аз десек те болады. Сол себепті, бұл мәселеге орай басқа да бағыттарға назар салған жөн. Ең алдымен, білім беру жүйесін жаңғырту, яғни мектептерде кәсіптік бағдарлау бағдарламаларын енгізу, университеттерде еңбек нарығының сұранысына сай мамандықтарды көбейту, техникалық және кәсіби білім беру мекемелерін кеңінен дамыту керек. Одан кейін жоғарыдағы біз ескерген бағдарламаларға ұқсас платформалардың, көбейтіп, оларды пайдаланудың тиімді жолдарын көптеп қарастыру.

Жастар тәжірибесі бағдарламаларын одан әрі кеңейту маңызды. Қазіргі кезде өз кәсіптерімен айналысқысы келетін жастардың саны жетерлік. Соған орай кәсіпкерлікке ынталандыра білу, жастарға арналған бизнес-инкубаторлар мен акселераторларды көбейту, кәсіп ашу үшін қаржылық және оқыту ресурстарын көбірек ұсыну керек. Психологиялық және мотивациялық қолдау, жастарға сенімділік пен мақсат қоюға көмектесетін коучинг бағдарламаларын іске қосу, онымен шектеліп қалмай белгілі табысты кәсіпкерлермен кездесулер ұйымдастыру арқылы жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Бұл шаралардың барлығы жастардың әлеуметтік және экономикалық өмірге белсенді араласуына ықпал етіп, олардың қоғамға пайдалы үлес қосуларына жол ашатыны сөзсіз. Осы процестердің барлығы NEET жастар үлесін азайтуға мол мүмкіндіктер беріп және де олардың дамуына жаңа бағыттар мен мүмкіндіктер беруге көмектесетіні айқын. Тек бұл сала аясындағы жұмыстардың ары қарай да тоқтап қалмауына назар салынуы керек.

NEET жастарды қолдау арқылы Алматының экономикалық және әлеуметтік әлеуетін арттыруға болады. Бұл тек мемлекеттік органдардың емес, бүкіл қоғамның міндеті. Жастарға білім беру, жұмысқа орналастыру және кәсіпкерлікті дамыту бойынша кешенді шаралар жастардың болашағына деген сенімділігін нығайтады. Алматының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану – жастардың өмір сапасын арттырудың кілті. Бұл мақсатқа жету үшін барлық деңгейдегі билік органдары мен қоғам бірлігіп, жастарға қажетті қолдау көрсетуі тиіс.